

Г.Ж. Тұрсынбаева

САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ

Әдістемелік нұсқау

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
бағдарламасы бойынша мектепалды даярлық тобы (сыныбы)
(5 жастан бастап) педагогтеріне арналған

*Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі ұсынған*

АЛМАТЫ КІТАП БАСПАСЫ
2022

Тұрсынбаева Г. Ж.

Сауат ашу негіздері. Әдістемелік нұсқау (электрондық нұсқа). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастан бастап) педагогтеріне арналған/ Г. Ж. Тұрсынбаева – Алматы: АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ, 2022. – 206 бет.

ТҮСІНІКТЕМЕ

«Сауат ашу негіздері» оқу-әдістемелік кешені (бұдан әрі – ОӘК) төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалды:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген).

2. 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 қыргүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген).

Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

Сауат ашу негіздері бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты: оқу мен жазудың бастапқы дағдыларын меңгеруге дайындау, балалардың шығармашылық белсенділігі мен бастамашылдығын дамыту, ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) «Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.
- 2) Дыбыстарды бөлінуіне қарай ажыратып (дауысты-жуан/жіңішке; дауыссыз-қатаң, ұяң, үнді), оларды дұрыс атай білуге жаттықтыру.
- 3) Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету.
- 4) Сөйлем туралы бастапқы түсініктерін (грамматикалық анықтамасыз), сөйлемдегі сөздердің ретін сақтап, сөйлем құрай білу дағдыларын қалыптастыру.
- 5) Сөздегі буындардың ретін анықтай алу, буындардан сөз құру (ауызша), жай сөздердегі дыбыстардың ретін көрсете алуға жаттықтыру.
- 6) Қолды жазуға дайындау жұмыстары арқылы кезінде денені дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге, түрлі сызық түрлерін салуға үйрету.

Бұл орайда **ОӘК-нің басты мақсаты** – қойылған міндеттерді шешу үшін тиімді әдістер-тәсілдер мен технологияларды анықтау.

«Сауат ашу негіздері» оқу-әдістемелік кешенінің құрамы:

- Педагогтерге арналған әдістемелік нұсқау;
- № 1, 2 жұмыс дәптерлері;
- Үлестірмелі материалдар.

Әдістемелік нұсқау төмендегі бөлімдерді қамтиды:

1. Ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары.

2. Ұйымдастырылған оқу қызметінің 72 сағатқа арналған жоспары.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары (бұдан әрі – ҰОҚ) келесі бөлімдер арқылы жүргізіледі:

бірінші бөлім – *Ұйымдастыру кезеңі* (өтілетін тақырып бойынша жағымды сәт туғызу, оқу қызметіне эмоциялық оң көзқарастарын құру);

екінші бөлім – *Негізгі бөлім* (сабақтың мақсаттары мен міндеттерін шешуге бағытталған әдістерді, тәсілдерді және оқыту құралдарын ұсынады);

үшінші бөлім – *Қорытынды бөлім. Рефлексия* (өзін-өзі бағалауды және қоштасу рәсімдерін ойын арқылы жүргізу).

Бұл қойылым педагогке оқу қызметін нақты жоспарлауға, әр кезеңге сәйкес әдістемелерді, дидактикалық материалдарды таңдауға, сонымен қатар оқу үдерісі нәтижесінде баладан келесі нәтижені күтуге мүмкіндік береді:

Нені білгенін (танымдық аспект) көбейтеді (біледі).

Мотивациялық және ынталандыру қатынастарын түсінеді (тәрбиелік аспект).

Білімді, білікті және дағдыларды қолданады (қалай қолдану керектігін біледі) (дамытушы аспект).

Бұл әдістемелік жүйе оқу қызметі ойын әдістеріне негізделген сауаттылық негіздерін оқыту курсы ретінде жасалды.

Ойын – жетекші іс-әрекет, мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуының алғышарты және оларды тәрбиелеу мен оқытудың негізгі құралдарының бірі. Ойын процесінде баланың ақыл-ойын қалыптастыру, дамыту және жетілдіру үшін, қолайлы жағдайлар жасалады, танымдық міндеттер ойын тапсырмаларына айналады. Ал баланың қызығушылығы – сабаққа қатысу уәжі (мотиві).

Нұсқауда ұсынылған дидактикалық ойындар мен жаттығулар заманауи дамытушы әдістемелерден алынды. Оқу қызметі барысында бала – тыңдаушы емес, тікелей қатысушы. Міне, әдістемелік нұсқау осындай жаңа тәсілдемесімен ерекшеленеді. Дидактикалық ойындар, жаттығулар, логикалық тапсырмалар мен ойын жағдайлары арқылы балалар ой қорытуды, шығармашылықпен ойлауды, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгереді.

Жұмыс дәптерінде қолданылатын әртүрлі тапсырмалар жинақталған. Тапсырмалар аясы өте кең: олар тәрбиеленушілердің ойлауын, талдау жасай білуін, қорытынды жасауын белсендіреді, жүйелік ойлауды дамытады. Әртүрлі деңгейдегі, мысалы, *дыбыстың сөздегі орнын анықтау, дыбыстық талдау жүргізу, сөздерге керекті сызбаны таңдау, сөздерді буынға бөлу, екпінді дыбысты анықтау, сызбаға сәйкес сөйлемдер құрау, берілген суретке мазмұны бойынша сөйлемдер құрау, суретте берілген дыбыстардан басталатын суреттерді атау, штрихтау, бояу, бастыру, үлгіге қарап, жалғастырып жазу* деген секілді тапсырмалар берілді. Осы аталған тапсырмаларды орындау барысында балалар өз Отанын, табиғатын сүйуге, құрметтеуге, қамқор болуға, өз елінің салт-дәстүрін, халық ауыз әдебиетін білуге тәрбиеленеді.

Бұл нұсқау педагогтерге «Сауат ашу негіздері» бойынша ұйымдастырылған оқу қызметін (ҰОҚ) өткізуге көмектеседі деп сенеміз. Сізге толағай табыстар тілейміз.

Құрметпен, автор

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Тақырыбы	Оқу қызметінің мақсаты мен міндеттері
1	Дыбыс	<p>Мақсаты: дыбыс туралы түсінік беру.</p> <p>Міндеттері: 1. Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру.</p> <p>2. Көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету.</p> <p>3. Ұқыптылыққа, бастаған жұмысын тиянақты аяқтауға тәрбиелеу.</p>
2	Дыбыс пен сөз	<p>Мақсаты: «дыбыс» және «сөз» туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру.</p> <p>2. Екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.</p> <p>3. Ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу.</p>
3	Сөз	<p>Мақсаты: сөз туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру.</p> <p>2. Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, ажырату арқылы зейіндері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Таза, әдемі жазуға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
4	Сөз. Сөздің мағынасы	<p>Мақсаты: «сөз» ұғымымен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету.</p> <p>2. Сөз сызбасымен таныстыру арқылы фонематикалық есту, есте сақтау қабілеттері мен саусақ бұлшық еттерін дамыту.</p> <p>3. Ұқыпты болуға, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p>
5	Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?	<p>Мақсаты: «дыбыс», «сөз» туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Міндеттері: балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып, берілген дыбысқа сөз ойлап, оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру.</p> <p>2. Қысқа және ұзын сөздерді ажырату арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Ұқыптылыққа, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p>
6	Дауысты дыбыстар	<p>Мақсаты: дауысты дыбыстар туралы түсінік беру.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.</p> <p>2. Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p>
7	Жуан дауысты дыбыстар	<p>Мақсаты: жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолымен таныстыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Жуан дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру.</p>

		<p>2. Жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту.</p> <p>3. Жазу жұмыстары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
8	Жіңішке дауысты дыбыстар	<p>Мақсаты: жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Жіңішке дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру.</p> <p>2. Жаңа сөздердің мағыналарын ашу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Жазу барысында эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.</p>
9	Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар	<p>Мақсаты: жуан, жіңішке дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөзде дауысты дыбыстар жуан немесе жіңішке дауыстылардан тұратынын түсініктерін бекіту.</p> <p>2. Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту.</p> <p>3. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
10	Дауыссыз дыбыстар	<p>Мақсаты: дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>2. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.</p> <p>3. Жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдыландыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.</p>
11	Біз нені үйрендік?	<p>Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Жаңылтпаштарды жаңылмай жылдам айтуға дағдыландыру.</p> <p>2. Сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге жаттықтыру.</p> <p>3. Мұқияттылыққа тәрбиелеу.</p>
12	Біз нені үйрендік, нені білдік?	<p>Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Міндеттері: 1. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>2. Тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.</p> <p>3. Білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу.</p>
13	Қатаң дауыссыз дыбыстар	<p>Мақсаты: қатаң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.</p> <p>Міндеттері: 1. Қатаң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.</p> <p>2. Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.</p> <p>3. Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу.</p>
14	Ұяң дауыссыз дыбыстар	<p>Мақсаты: ұяң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.</p> <p>Міндеттері: 1. Ұяң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.</p>

		<p>2. Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.</p> <p>3. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p>
15	Үнді дауыссыз дыбыстар	<p>Мақсаты: үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.</p> <p>Міндеттері: 1. Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету.</p> <p>2. Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.</p> <p>3. Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p>
16	Біз нені үйрендік, нені білдік?	<p>Мақсаты: дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Міндеттері: 1. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.</p> <p>2. Дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу.</p>
17	Дыбыстар әлемі	<p>Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Міндеттері: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру.</p> <p>2. Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру.</p> <p>3. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.</p>
18	Буын	<p>Мақсаты: сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету.</p> <p>2. Сөздердің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту.</p> <p>3. Ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу.</p>
19	Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз	<p>Мақсаты: буын туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлуді үйретуді жалғастыру.</p> <p>2. Суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.</p> <p>3. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.</p>
20	Буынға бөлейік	<p>Мақсаты: сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету.</p> <p>2. Сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру.</p> <p>3. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
21	Ойнай отырып оқимыз	<p>Мақсаты: буындардан сөз құрауға үйрету.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру.</p> <p>2. Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту.</p> <p>3. Шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.</p>
22	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.</p>

		<p>Міндеттері: 1. Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру.</p> <p>2. Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дамыту.</p> <p>3. Тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p>
23	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.</p> <p>Міндеттері: 1. Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту.</p> <p>2. Сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту.</p> <p>3. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p>
24	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Міндеттері: 1. Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту.</p> <p>2. Графикалық жұмысты орындау кезінде әртүрлі құрылымды сызықтарды өрнек бойынша, сұлба бойымен қолды көтермей, үзбей жаза білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
25	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды одан әрі жетілдіру.</p> <p>Міндеттері: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.</p> <p>2. Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу.</p>
26	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: дыбыстық талдау жасауларын одан әрі жетілдіру.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.</p> <p>2. Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.</p> <p>3. Дербес жұмыс істеу алуға еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p>
27	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру.</p> <p>2. Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту.</p> <p>3. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа зиян екенін түсіндіріп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.</p>
28	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.</p> <p>2. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту.</p> <p>3. Артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу.</p>
29	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>2. Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру.</p>

		3. Тапсырмаларды орындату арқылы талаптану, іздену секілді қасиеттерін тәрбиелеу.
30	Дыбыстық талдау	Мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды бекіту. Міндеттері: 1. Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту. 2. «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту. 3. Шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу арқылы еңбекқорлыққа тәрбиелеу.
31	Дыбыстық талдау	Мақсаты: дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын жетілдіру. Міндеттері: 1. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру. 2. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту арқылы сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. 3. Ұсақ қол моторикасына арналған тапсырмаларды орындату арқылы шыдамдылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.
32	Сөздерді буынға бөлеміз	Мақсаты: сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету. 2. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. 3. Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу.
33	Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу.	Мақсаты: сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту. Міндеттері: 1. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. 2. «Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту. 3. Білімпаз болуға тәрбиелеу.
34	Дыбыстың сөздегі орны	Мақсаты: әр дыбыстың сөздегі орны аса маңызды екенін түсіндіру. Міндеттері: 1. Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету. 2. Берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. 3. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.
35	Ойнай отырып оқимыз	Мақсаты: өткен тақырыптарда алған білімдерін пысықтау. Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту. 2. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту. 3. Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.
36	Біз нені үйрендік, нені білдік?	Мақсаты: балалардың білімін бекіту. Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. 2. Сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру. 3. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.

37	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: дыбыстық талдау жасауды меңгертуді жалғастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету. 2. Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту. 3. Дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.</p>
38	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: дыбыстық талдау жасауды дамыту.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру. 2. Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. 3. Дербес жұмыс істеу алуға және әрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу.</p>
39	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату. 2. Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру. 3. Мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p>
40	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.</p> <p>Міндеттері: 1. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру. 2. Буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. 3. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.</p>
41	Сөйлем	<p>Мақсаты: сөйлем туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету. 2. Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту. 3. Ойын арқылы көшбасшы болуға тәрбиелеу.</p>
42	Сөйлем сызбасы	<p>Мақсаты: сөйлем сызба туралы түсіндіру.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету. 2. Сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту. 3. Басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.</p>
43	Сөйлем құрау	<p>Мақсаты: «Сөйлем», «Сөйлемнің сызбасы» деген ұғымдарды бекіту.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту. 2. Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру. 3. Дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>

44	Ойнай отырып оқимыз	<p>Мақсаты: сөйлем құру және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын бекіту.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>2. Сөзді дыбыстық талдай алу дағдыларын бекіту.</p> <p>3. Көлік түрлерінің пайдасын айта отырып, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p>
45	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.</p> <p>Міндеттері: 1. Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.</p> <p>2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту.</p> <p>3. Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.</p>
46	Біз нені үйрендік, нені білдік?	<p>Мақсаты: буын, дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру.</p> <p>2. Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>3. Қайырымды болуға тәрбиелеу.</p>
47	Біз нені үйрендік?	<p>Мақсаты: сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.</p> <p>Міндеттері: 1. Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>2. <i>Қайырымдылық, қамқорлық</i> сөздерінің мағынасын түсіндіру арқылы ақыл-ойларын дамыту.</p> <p>3. Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы еңбек етуге тәрбиелеу.</p>
48	Біз сөйлем құрай аламыз	<p>Мақсаты: сөйлем құрауды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру.</p> <p>2. Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.</p> <p>3. Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін түсіндіре отырып, табиғатты сүйеге, қорғауға тәрбиелеу.</p>
49	Біз нені үйрендік, нені білдік?	<p>Мақсаты: өткен тақырыптарды қайталауға жаттығулар жасату.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту.</p> <p>2. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту.</p> <p>3. Ересектердің айтқанын мұқият тыңдауға тәрбиелеу.</p>
50	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды дамыту.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту.</p> <p>2. Графикалық жұмысты орындау кезінде фонематикалық естуді, сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды, ұсақ қол моторикасын дамыту.</p> <p>3. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
51	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгеруді жалғастыру.</p>

		<p>Міндеттері: 1. Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.</p> <p>2. Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.</p> <p>3. Салт дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.</p>
52	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: дыбыстық талдауды пысықтау.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту.</p> <p>2. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін, есте сақтауларын дамыту.</p> <p>3. Ұйымшыл болуға тәрбиелеу.</p>
53	Сөздің дыбыстық сызбасы	<p>Мақсаты: сөздің дыбыстық сызбасы туралы алған білімдерін бекіту.</p> <p>Міндеттері: 1. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарға сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.</p> <p>2. Сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Кез келген тапсырманы ұқыпты орындауға тәрбиелеу.</p>
54	Біз нені үйрендік?	<p>Мақсаты: сөйлем, дыбыс туралы білімдерін пысықтау.</p> <p>Міндеттері: 1. Сызба бойынша сөйлем құрауларын жетілдіру, сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру.</p> <p>2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>3. Штрихтау, үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>
55	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау.</p> <p>Міндеттері: 1. Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.</p> <p>2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.</p> <p>3. Үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы эстетикалық талғамдарын және бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.</p>
56	Ойнай отырып оқимыз	<p>Мақсаты: түрлі ойындар арқылы балалардың алдыңғы тақырыптар бойынша алған білімдерін пысықтау.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру.</p> <p>2. Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>
57	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын бекіту.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>2. Суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Әрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу.</p>
58	Біз нені үйрендік?	<p>Мақсаты: дауысты, дауыссыз және сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.</p>

		<p>Міндеттері: 1. Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру.</p> <p>2. Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы және де дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлауларын дамыту.</p> <p>3. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p>
59	Біз нені білдік?	<p>Мақсаты: қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін пысықтау.</p> <p>Міндеттері: 1. Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру.</p> <p>2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы есте сақтауларын мен зейіндерін дамыту.</p> <p>3. Достыққа тәрбиелеу, өнерге баулу.</p>
60	Дыбыстық талдау	<p>Мақсаты: төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру.</p> <p>2. Сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.</p>
61	Сөйлем құрай білеміз	<p>Мақсаты: сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>2. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту.</p> <p>3. Ұқыптылыққа, досқа адал болуға тәрбиелеу.</p>
62	Біз нені білдік?	<p>Мақсаты: өткен тақырыптарды пысықтау.</p> <p>Міндеттері: 1. Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру.</p> <p>2. Сөйлемдегі сөздің орнын анықтауға, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту.</p> <p>3. Өнерлі болуға тәрбиелеу.</p>
63	Біз нені үйрендік?	<p>Мақсаты: алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.</p> <p>Міндеттері: 1. Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>2. Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.</p> <p>3. Театрда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру арқылы мәдениетті болуға тәрбиелеу.</p>
64	Біз нені үйрендік, нені білдік?	<p>Мақсаты: дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Міндеттері: 1. Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>2. Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.</p>

		3. Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу.
65	Дыбыстық талдау	Мақсаты: дыбыстық талдауды үйретуді жалғастыру. Міндеттері: 1. Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту. 2. Дыбыстық сызба мен оған сәйкес суретті сәйкестендіруге, сөздерді буынға бөлгізуге жаттықтыру арқылы ақыл-ойларын дамыту. 3. Спортпен айналысу адам денсаулығы үшін пайдалы екенін ұғындыру.
66	Біз нені үйрендік?	Мақсаты: дыбыстық талдау жасауды жалғастыру. Міндеттері: 1. Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, берілген буыннан басталатын сөз ойлап айтуға, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту. 2. Сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы есте сақтау және логикалық ойлауларын дамыту. 3. Тағамның пайдасы, олардағы ағзасына қажетті дәрумендер туралы түсіндіре отырып, дұрыс тамақтанудың пайдасын ұғындыру.
67	Біз нені үйрендік?	Мақсаты: сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау. Міндеттері: 1. Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру. 2. Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту. 3. Спортпен айналысу қажеттігін түсіндіру арқылы салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.
68	Біз нені білдік?	Мақсаты: өткен тақырыптарды естеріне түсіріп қайталату. Міндеттері: 1. Сызба бойынша сөйлем құрауға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру. 2. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. 3. Балаларға тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру арқылы әдепті болуға тәрбиелеу.
69	Үйренгендерімізді қайталаймыз	Мақсаты: сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту. Міндеттері: 1. Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту. 2. Сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. 3. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.
70	Біз нені үйрендік, нені білдік?	Мақсаты: үйренгендерін қайталату, пысықтау. Міндеттері: 1. Дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіруге арналған тапсырма арқылы дыбыс туралы білімдерін бекіту. 2. Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру. 3. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы мұқият жұмыс істеуде тәрбиелеу.

71	Біз нені үйрендік?	<p>Мақсаты: сөйлем құрау, сөйлемге сызба сыза алу дағдыларын бекіту.</p> <p>Міндеттері: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту, буыннан сөз құрауды, сөзді буынға бөлуді жетілдіру.</p> <p>2. Сөйлем құрауға, сөйлемнен бірінші, екінші, үшінші сөздерді таба білуге, сөйлемнің сызбасын сыза білуге жаттықтыру арқылы есте сақтауларын дамыту.</p> <p>3. Нүктелердің үстімен суретті бастыру жұмысы арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.</p>
72	Біз нені үйрендік, нені білдік?	<p>Мақсаты: балалардың білімін пысықтау.</p> <p>Міндеттері: 1. Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзын-және қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.</p> <p>2. Сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту.</p> <p>3. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.</p>
	Барлығы: 72	

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҮЛГІ ЖОСПАРЛАРЫ

№ 1 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыс

Мақсаты: дыбыс туралы түсінік беру.

Міндеттері: 1. Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру.

2. Көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету.

3. Ұқыптылыққа, бастаған жұмысын тиянақты аяқтауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстарды ажыратады.

Түсінеді: дыбыстардың әртүрлі болатынын.

Қолданады: тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: көркем суреттері, қоңырау, қағаз, доп, № 1 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент: дыбыс – звук.

ҰОҚ барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар көңілді күйде шаттық шеңберіне тұрады. Өлеңді қимылымен айтып, қайталайды.

Қуан шаттан, алақай,
Қуанатын күн келді!
Күліп шықты күн бүгін,
Қайырлы таң, қайырлы таң, достарым!

2. Негізгі бөлім

Педагог балаларды жаңа басталатын «Сауат ашу және жазу негіздері» пәнімен таныстырады, бұл оқу қызметінде нені үйренетіндерін түсіндіреді. Жұмыс дәптерін көрсетеді, дәптермен жұмыс жасау үшін, қолданылатын шартты белгілермен таныстырады.

– Үстелде дұрыс отыруды, дұрыс қалам ұстауды үйрен. Сымбатты мүсін тек әдемілік емес, ол денсаулыққа пайдалы.

Педагог:

– Балалар дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады?

Балалар білгендері бойынша өз ойларын ортаға салады.

Педагог:

– Табиғатта түрлі-түрлі дыбыстар бар.

Педагог ұнтаспадан табиғатта кездесетін дыбыстарды тыңдатады.

– Балалар, құстың шикылдауы, желдің соғуы, жаңбырдың сылдыры, жапырақтардың сыбдыры, иттің үруі, қойдың маңырауы бұлар табиғи жолмен жасалған дыбыстар.

«Көрсет» ойын-жаттығуы.

1. Жылан қалай ысылдайды?
2. Қасқыр қалай ұлиды?
3. Жапырақтар қалай сырдырлайды?
4. Жаңбыр қалай тамшылайды?
5. Ит қалай үреді?

«Ненің дыбысы?» ойын-жаттығуы

Педагог балаларға көздерін жұмып, естіліп тұрған дыбыстарды тыңдауларын сұрайды. Педагог допты еденге ұрып ойнайды, есікті ашып-жабады, қоңырауды сылдырлатады, қағазды сыбдырлатады.

Балалар ненің дыбыстарын естігендерін айтады.

Педагог балаларға суреттер көрсетіп, оларға мұқият қарауларын сұрайды.

– Суретте кімдерді көріп тұрсындар? Балалар қандай дыбыс шығарып жатыр? Бұл дыбыстар нені білдіреді?

– «Ау-у!» – «Адасып кеттім, көмектесіңдер!» деген мағынаны білдіреді.

– «Шүү-шү-у» деп атты жүргізу үшін айтады.

– «Іңгә-әңгә-ә!» – нәрестенің жылаған дауысы.

– Бұлардың барлығында да сөздер айтылады. Тек ол сөздерді есту үшін, сөзді созып айту керек. «Аауууу!», «Шүү!», «Іңгәә!»

Дидактикалық ойын: «Мен сияқты айт» (доппен)

– Мен сендерге допты лақтырып, кез келген сөзді айтамын, ал сендер допты қағып алып, тура мен сияқты қайталап, допты кері лақтыруларың керек.

Мысалы: ққол, өзззен, үүй, қассссқыр, дооомбыра, құұұмыра, қанннт, батыыыр, арррба, баллла, шаррр, дөңгеллек, қаззз, құмммыра, көлллік, құссс, қааайық, бөишишке, шанышишиқы, түлллікі, көззз, қоңңырау, құлллы, бақққа, сазззан, тышишишиқан, сссан, көрррпе, керррік, шыббын, аррра, балла, жагга, таггга, құсс, тұззз, бііз, бәтеңңке, гүлл, балл, сабббын, көззілдірік. (Ойынға барлық бала қатысады).

Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?»

Ойын шарты: Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады.

Балалар сол жануардың дауысын салады.

Қой маңырайды: (мәәә)

Сиыр мөңіреді: (мууу)

Жылқы кісінейді: (йоо)

Түйе боздайды: (баа)

Ешкі бақырады: (мәққ)

Дәптермен жұмыс

2. Суреттерге қара. Сен қандай дыбыстарды ести аласың? Табиғат құбылыстарының дыбысын сал.

3. Балалардың дыбысын қайталап айт.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды.

Сергіту сәті

Жаттығуды біз бастаймыз,
Орнымызда адымдаймыз.
Қатар тұрып тізілеміз,
«Бір, екі», – деп біз санаймыз.

Денемізді тік көтеріп,
Аяқтарды нық басамыз.
Оңға-солға қолды сермеп,
Қатар болып жұптасамыз.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

5. Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр.

Үстелде отыру ережесімен таныстыру: жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. мен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді).

Жеке жұмыс жүргізеді.

4. Тыңда, орында.

Саусақ жаттығу

Кіп-кішкентай саусақтар

Шаршамайды, тынбайды.

Себебі бұл саусақтар

Жаттығулар жасайды.

Түрлі-түрлі сызықтарды

Дәптерлерге жазады.

Еңбексүйгіш саусақтар,

Бәрінен де озады.

3. Рефлексия

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

– Оқу қызметінің ең қызықты сәтін еске түсіріңдерші. Ол несімен есінде қалды?

Балаларға жұмыс дәптерінде өздерінің игерген білімінің дәрежесін, өздерінің үлгерімін смайл арқылы белгілеуді ұсынады.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайл, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 2 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыс пен сөз.

Мақсаты: «дыбыс» және «сөз» туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.

Міндеттері: 1. Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру.

2. Екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.

3. Ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: тақырыпқа және дыбыс санына байланысты сөздер ойлап айтады.

Түсінеді: өлең мазмұнын, дыбыстарды айтатынымызды және еститінімізді.

Қолданады: табиғи және жасанды дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: №1 жұмыс дәптері, көркем суреттер.

Билингвалды компонент: сөз – слово, дыбыс – звук.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог шаттық шеңберіне тұрғызады. Балалар бір-біріне әдемі күлкілерін сыйлап, өлең жолдарын бірге айтады.

Дөңгелене тұрамыз,
Керегені құрамыз.
Уықтар боп иіліп,
Шаңыраққа киіліп,
Достық үйін құрамыз.

2. Негізгі бөлім

Педагог:

– Балалар дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады?

Балалар білгендері бойынша өз ойларын ортаға салады.

Педагог «Дыбыстың не екенін білесің бе?» деген өлеңді балаларға оқып береді.

Дыбыстың не екенін білесің бе?

Дыбыстың не екенін білесің бе?
Дыбыстарға құлақты түресің бе?
Бұлақтың сылдырын, қоңыраудың сыңғырын,
Күннің күркірін, жаңбырдың тырсылын,
Адамдардың дауысын, көліктердің дыбысын,
Құстардың салған әнін де, естігеннің бәрін де
«Дыбыстар» деп атаймыз.

(Г. Оразбаева)

Өлең жолдарында кездесетін дыбыстарды айтып көрейікші.

Дәптермен жұмыс

1. Өлеңді тыңда. Заттар мен табиғат құбылыстарының дыбыстарын ата. Жасанды дыбыс шығаратын затты қорша.

Педагог көмек керек балаларға көмектеседі. Балалардың жауаптарын тыңдайды. Балалар өлең жолдарындағы кездесетін заттардың, табиғат құбылыстарының дыбыстарын ажыратып айтады.

Сонымен қатар табиғи емес жасанды дыбыстар бар, олар – адам қолынан жасалған әртүрлі заттар арқылы шығатын дыбыстар.

Педагог тақтаға әртүрлі суреттер іліп, балаларға көрсетеді. Бұл жерден ненің дыбыстары шығуы мүмкін екенін балалардан сұрайды. Асхана (*балалар асханада ненің дыбысы естілуі мүмкін екенін айтады: миксер, блендр, газдың, шәйнек*), жуынатын бөлменің суреті (*балалар жуынатын бөлмеден ненің дыбысы естілуі мүмкін екенін айтады: су, себезгі*), зауыт, фабрика, зауыт суреттері (*мотордың гүрілі естілуі мүмкін екенін айтады*), көшенің суреті (*түрлі көліктердің дыбысы естілетінін айтады*). Балаларға осы дыбыстардың барлығы да жасанды дыбыстар екенін айтып қорытындылайды.

– Сөздер дыбыстардың көмегімен айтылады. Осы дыбыстарды жеке-жеке айтсақ, ешбір мағына бере алмайды. Сондықтан дыбыстарды тіркестіріп, сөз жасаймыз. Біз дыбысты дауыстап айтамыз, дауыстап айтқан кезде ғана дыбыс естіледі, біз тыңдаймыз.

Есіңе сақта! Дыбысты айтамыз және естиміз. Сөзде неше дыбыс болса, сөздің сызбасында сонша төртбұрыш салынады.

Педагог тақтада көрсетеді.

– Сөз – белгілі бір дыбыстар жиынтығы. Құрамында қанша дыбыс болғанына қарамастан бір ұғымды анықтап, бір мағына береді.

Бәріміз айнаны қолымызға алып, аузымызды ашайық. Аузымызда нелер бар екен?

– Иә, аузымызда тіс, тіл, еріндер бар. Осылардың бәрі дыбыстарды айтуға көмектеседі екен.

– Ал сөздегі дыбыс саны әртүрлі болады.

Педагог тақтаға суреттер іліп көрсетеді.

– Мысалы: ет, ұн, сөздері екі дыбыстан, ата, төрт, тарақ сөздері үш, төрт, бес дыбыстан тұрса жапырақ, домбырашы сөздері жеті, тоғыз дыбыстан құралған.

Сөз айтылады және жазылады, сондықтан дыбыстар белгілі таңбамен белгіленеді.

«Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық жаттығуы

Шарты: педагог балаларды үш топқа бөліп, 1-топқа екі дыбыстан, 2-топқа үш дыбыстан, 3-топқа үш дыбыстан көп дыбыстан құралған сөздер ойлап айтуға тапсырма береді.

1-топ: ет, ұн, ал, мә, от, ки, ми, қи, ой, өр, ұр, аң, ат, ши т.б.

2-топ: бал, қал, сал, бар, жар, мөр, көр, кел, қой, ала, қар, тор, бор, тар, көк, теп, сеп, жат, кет, қап, шие, сыз, қыз т.б.

3-топ: қара, тара, жар, сары, қора, қылыш, сағыз, алма, қалма, өрік, бөрік, түйе, сиыр, қала, дала, бала т.б.

«Бірінші дыбысты қайтала» дидактикалық ойыны (доппен).

Педагог қандай да бір сөздің бірінші дыбысын анығырақ, созып айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап, допты педагогқа кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.)

Мысалы: аалма(а), тттиін(т), қққасқыр(қ), мммақта(м), өөөшіргіш(ө), сссағат(с), қққыс(қ), аалжапқыш(а), рррадио(р), тттышқан(т), сссазын(с), қққияр(қ), жұлдыз(ж), уууылдырық(у), жжжжастық(ж), дддиректор(д), иишшшұлық(ш), мммектеп(м), уууыз(у), қққолшатыр(қ), бббақа(б), ииит(и), жжжжарық(ж) т.б.

Дәптермен жұмыс

2. Суреттегілерді ата. Әр заттың аты неше дыбыстан құралған? Әр суретті сәйкес дыбыстық сызбамен қос.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Балалар заттарды аттайды, дыбыстарды анықтайды, санайды. Сызбамен қосады.

Сергіту сәті

Кім таңертең жаттығудан қалмайды,
Сол ауырып дәрігерге бармайды.
Түшкірмейді, ауырмайды ешқашан,
Дені сау боп балалармен ойнайды.

Үстелде отыру ережесімен таныстыру. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10

секунд ұстап тұру керек. мен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді).

3. Саусақ жаттығуы

Саусағымыз айқасып,
«Жеңемін» деп шайқасып,
Бірін-бірі тартады,
Білекке сенім артады.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Үзік сызықтарды үзбей бастыр.

Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды.

- Сөз неден жасалады?
- Дыбыс деген не?
- Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды?

Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Балаларға жұмыс дәптерде өздерінің игерген білімінің дәрежесін, өздерінің үлгерімін смайл арқылы белгілеуді ұсынады.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 3 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлім: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Сөз.

Мақсаты: сөз туралы түсініктерін қалыптастыру.

Міндеттері: 1. Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру.

2. Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, ажырату арқылы зейіндері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.

3. Таза, әдемі жазуға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: ыммен берілген тапсырманы орындайды, ұзын және қысқа сөздерді қолдарымен өлшейді, сөз айту арқылы стақанға қаламдар салуды, жаңа дыбысқа сөз ойлап айтады.

Түсінеді: сөздің қаншалықты қажеттілігін.

Қолданады: ұзақ және қысқа сөз ойлап айтады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: №1 жұмыс дәптері, көркем суреттер.

Сөздік жұмыс: ыммен.

Билингвалды компонент: үй – дом, кітапхана – библиотека.

ҰОҚ барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендер бүгін балабақшаға көтеріңкі көңіл күймен келдіңдер ме?

– Ендеше бәріміз қолымыздан ұстап шеңбер жасайық.

Педагог балаларды шаттық шеңберіне тұрғызады. Балалар бір-біріне әдемі күлкілерін сыйлап, өлең жолдарын бірге айтады.

Кел, балалар, күлейік,
Күлкіменен түлейік!
Қабақ түйген не керек,
Көңілді болып жүрейік.

2. Негізгі кезең

– Балалар дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады?

Балалар білгендері бойынша өз ойларын ортаға салады.

Педагог балаларға ыммен «*отырыңдар*», «*сөйлемеңдер*», «*тынышталыңдар*», – деп белгі береді.

Сөздік жұмыс: *Ыммен сөйлеу – сөйлемей ишарамен түсіндіру.*

– Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз, сөз арқылы бір-бірімізді түсінеміз.

– Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «*ағаш*», енді сендер бір сөзден айтыңдар. Ал шатасып кетпес үшін мына стақанға әр сөз айтылған сайын бір қарындаштан салып отырайық. Мен «ағаш» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады?

Балалар ойлаған сөздерін айтып, бір қарындаштан салып отырады.

Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды.

– Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп.

Сөз заттың атын (*үстел, кітап, дом*), белгілі іс-әрекетті (*жүгіреді, ойнайды, секіреді*), түр-түсті (*ақ, үлкен, тәтті*), білдіреді.

– Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады.

«Сөзді өлшеп көрсетейік» дидактикалық жаттығуы

– Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады?

– Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріндер. Сөзді айта бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал айтып болысымен сол сәтте тоқтай қалыңдар (Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады).

Билингвалды компонент: үй – дом , кітапхана – библиотека.

Дәптермен жұмыс

1. Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Ойыншықтарды ата.

2. Суреттегі заттың аты ұзақ болса – ұзын таспаға, ал қысқа болса – қысқа таспаға қос.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Балалар заттарды атайды.

Сергіту сәті

Адымдаймыз көңілді,
Алға қарай сенімді.
Тік көтеріп кеудені,
Адымдаймыз жігерлі.
Адымдаймыз көңілді,
Алға қарай сенімді.
Шеңбер болып тұрайық,
Дөңгелекті құрайық.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Саусақ жаттығуы

Алақанның біреуін
Кері қарай бұрайық.
Алақаны демалсын,
Қол үстінен ұрайық.

4-5. Үзік сызықтарды үзбей бастыр.

Педагог балаларды үстелде отыру, жазу ережесімен таныстырады. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді.

Үстелде отыру ережесімен таныстыру: жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. мен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Балалар графикалық жұмысты бастамас бұрын, педагог Қарындашты қолдарына алдырып алдымен ауада жаздырады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды.

– Сөз нені білдіреді? Сөзсіз қарым-қатынас жасау мүмкін бе? Оқу қызметіне жақсы қатысып, белсенді болған балаларды мадақтап, мақтайды.

– Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды?

Балаларға жұмыс дәптерде өздерінің игерген білімінің дәрежесін, өздерінің үлгерімін смайл арқылы белгілеуді ұсынады.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 4 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері.

Тақырыбы: Сөз. Сөздің мағынасы

Мақсаты: «сөз» ұғымымен таныстыруды жалғастыру.

Міндеттері: 1. Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету.

2. Сөз сызбасымен таныстыру арқылы фонематикалық есту, есте сақтау қабілеттері мен саусақ бұлшық еттерін дамыту.

3. Ұқыпты болуға, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөздерді атайды, мағынасын түсінеді.

Түсінеді: сөздердің заттың атын, табиғат құбылыстарын, түрлі түсті, заттың сапасын, санын білдіретінін түсінеді.

Қолданады: дәптермен жұмыс жасайды, сұрақтарға толық жауап береді.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: хатқалта, №1 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент: күз – осень, жаңбыр – дождь.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу. Балалар төмендегі өлеңді бірге айтады.

Біз қандаймыз, қандаймыз?
Шұғылалы таңдаймыз.
Жарқыраған күндейміз,
Ренжисуді білмейміз.

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды пысықтау.

Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз, айтамыз. Егер сөзде дыбыс көп болса, онда сөз ұзақ, егер сөзде дыбыс аз болса, онда қысқа сөз болады.

Ғажайып сәт.

Педагог:

– Қараңдаршы бізге кім қонаққа келді? (*Тақтаға сурет іледі*). Бұл – жұмбақ жасыратын Жұмбақпай ата. Ол маған мына хатқалтаны беріп, жұмбақтарын шешуді сұрады.

Ағайынды бәрі,
Шықса – жасыл,
Түссе – сары. (*Жапырақ*)

Жиып-теріп болатын,
Қамбаға астық толатын.
Қызыл қырман ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсың? (*Күз*)


Балалар Жұмбақпай атаның жұмбақтарын шешеді.

– Жұмбақпай ата бізге қандай қызықты жұмбақтар жасырды. Жапырақтар және күз туралы қандай әдемі сөздермен бізге суреттеп берді. Балалар сендердің естеріңде ма сөз деген не еді? Сөз неден тұрады, нені білдіреді? (*Балалардың жауабы тыңдалады*).

Егер сөз бір нәрсенің атын білдірсе, онда ол бір мағына береді, яғни лексикалық мағынасы болады. Мысалы: *алма, алмұрт, лимон* – жемістердің аты; *қызанақ, қияр, пияз* – көгөністердің аты; *құлпынай, бүлдірген, таңқурай* – жидектердің аты; *үстел, керует, орындық* – жиһаздардың аты; *тәрелке, кесе, қазан* – ыдыстардың аты; *көйлек, жейде, шалбар* – киімдердің аты; *қоңыз, шыбын, көбелек* – жәндіктердің аты; *сазан, мөңке, бекіре* – балықтардың аты; *қарға, кептер, қарлығаш* – құстардың аты; *райхан, қызғалдақ, раушан* – гүлдердің аты; *сиыр, ат, қоян, қасқыр, арыстан, бұғы* – жануарлардың аты; *автобус, ұшақ, троллейбус* – көліктердің аты; *нан, шұжық, сүт, май, ет* – тағамдардың аты; *жүгіру, секіру, жүру, тұру* – бұл сөздер іс-әрекетті білдіреді; *қызыл, жасыл, төмен, жоғары, қышқыл* – бұл сөздер заттың сапасын, сынын білдіреді; *жаңбыр, қар, бұршақ, найзағай, жел, боран* – табиғат құбылыстарының аты.

– Сөз белгілі бір мағынаны білдіреді. Ол дыбыстардан жасалады және сөзді айтамыз. Сөздің сызбасын көлденең тіктөртбұрышпен белгілейміз.

Педагог сөз сызбасын тақтаға жазып немесе сызбасы сызылған көрнекілікті тақтаға іліп, көрсетіп, түсіндіреді.



«Сөз жарысы» дидактикалық жаттығуы

– Жақсы, балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады).

- Ыдыс.
- Кесе, тәрелке т.б.

Билингвалды компонент: күз – осень, жаңбыр – дождь.

«Мен айтамын, ал сен көрсет» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге іс-әрекетті білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер сол сөздерді орындайсыңдар.

Мысалы: жүгіру, секіру, отыру, бір аяқпен тұру, қолды көтеру, отырып-тұру, қолды алдыға сөзу, шапалақтау, бір орында жүру т.б.

Дәптермен жұмыс

1.Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Іс-әрекетті білдіретін сөздерді ата.

2.Суреттерге қара. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Балалар іс-әрекетті білдіретін сөздерді атайды: ойнайды, оқиды, сурет салады.

Екінші тапсырмада 1 топ жабайы жануарлардың, 2-топ ыдыстардың, 3-топ киімдердің, 4-топ жәндіктердің, 5-топ оқу құралдарының, 6-топ музыкалық аспаптардың атын айтады.

Сергіту сәті

Тікірейіп құлағы
Менен бұрын тұрады.
Бойын жазып керіліп,
Беті-қолын жуады.
Сыңғыр, сыңғыр сырғалар
Құлағымда сыңғырлар.
Оң қолымда білезік,
Сол қолымда білезік,
Санап көрші, кәнеки,
1, 2, 3 – бір, екі, үш,
Демаламыз жинап күш.
(Балалар білектерін ары-бері айналдырады).

Дәптермен жұмыс (Графикалық жұмыс)

4. Үзік сызықтарды үзбей бастыр, жалғастырып жаз.

5. Үзік сызықтарды үзбей бастыр.

3. Саусақ жаттығуы.

Партадағы саусақтар
Адымдайды, жүреді.
Өнерлі бұл саусақтар,
Сурет сала біледі.

Органғы мен сұқ саусақ,
Түйекұсты салады.
Төңкеріліп аспанға.
Қоян да бола қалады.

Педагог жазу ережесін балалардың есіне салып өтеді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. мен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді).

Педагог балаларға қарындаш пен ауада жазып көрсетеді. Балалар педагог көрсеткендерді ауада қайталайды. Балалар дәптердегі графикалық тапсырмаларды орындайды.

3. Рефлексия

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

- Жұмбақтар қай мезгілге байланысты болды?
- Өзіңнің ең жақсы көретін сөзіңді айт.
- Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 5 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?

Мақсаты: «дыбыс», «сөз» туралы білімдерін бекіту.

Міндеттері: балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып, берілген дыбысқа сөз ойлап, оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру.

2. Қысқа және ұзын сөздерді ажырату арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.

3. Ұқыптылыққа, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыс пен сөз туралы білгендерін еске түсіреді.

Түсінеді: сөз заттардың атын, іс-әрекетті, сапасын білдіретінін біледі.

Қолданады: берілген дыбысқа сөз ойлап айтады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптер, көркем суреттер.

Билингвалды компонент: үстел – стол, табақ – блюдо, саптыаяқ – кружка.

ҰОҚ барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңберіне тұрғызу.

Қуан, шаттан, алақай,
Қуанатын күн келді,
Күліп шықты күн бүгін,
Қайырлы таң!
Қайырлы күн!
Қайырлы күн, балалар!

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды пысықтау.

Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз, айтамыз. Егер сөзде дыбыс көп болса, онда сөз ұзақ, егер сөзде дыбыс аз болса, онда қысқа сөз болады.

Дыбыстар сөзде қандай да бір ретпен тізбектеліп орналасады. Кез келген дыбысты бірінен соң бірін жалғап, сөз жасай алмаймыз. Мысалы, мдоп, бұл – сөз емес. Ал «доп» десек, бұл – сөз. Ол – ойын құралы.

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«**Күрекше**» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

«**Ине**» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.

«**Төбешік**» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

«**Түтікше**» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

«Берілген дыбысқа сөз ойлап айт» дидактикалық жаттығуы

Педагог балаларға «а» дыбысынан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (*Дұрыс жауап берген балаға педагог бір фишкадан беріп отырады*).

Мысалы айтылатын сөздер: *алма, алақан, алмұрт, ананас, алиша, автобус, акула, алжапқыш, Асқар, Айжан, Асылбек, аспан, ақ, арғымақ, ақыл, алпауыт, апта, асқазан, арыстан, арқан, алқан, алтын т.б.*

Ойын соңында көп фишка жинаған жеңімпаз анықталады.

Сөздермен жұмыс.

1-тапсырма

«Сөздерді өлшеуді білеміз» дидактикалық жаттығуы

Педагог балаларға әртүрлі сөздер айтады, балалар сөздің ұзын немесе қысқа екенін анықтайды. Алақанды бір-біріне жақындату арқылы сөздерді өлшеуге болатындығын айтады. Егер қысқа сөз болса, онда екі алақанды бір-біріне жақын, ал ұзын сөз болса, онда екі алақанды бір-бірінен алшақ ұстайды.

Мысалға айтылатын сөздер: *көз, бағдаршам, лақ, жолбарыс, бақа, тасбақа, доп, секіртпе.*

2-тапсырма

«Бір сөзбен айт» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге заттардың атын білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер сол сөздердің ортақ атауын айтасыңдар. Мысалы:

– Қазан, кесе, шанышқы. *Бұлар нелер?*

– Ыдыстар.

Мысалға айтылатын сөздер: *керует, үстел, орындық; алма, алмұрт, шие, жүзім; сәбіз, пияз, картоп, қызанақ; көйлек, шалбар, тон; бәйшешек, қызғалдақ, раушан; нан, сүт, май, шұжық; сиыр, қой, ит, жылқы; арыстан, қасқыр, түлкі; шырша, қайың, терек.*

3-тапсырма

«Кері атауын ата» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге қандай да бір сөз айтамын сендер сол сөздің кері мағынасын айтасыңдар.

Мысалы: *ыстық-суық; кішкентай-үлкен; ақ-қара; қатты-жұмсақ; биік-аласа; ауыр-жеңіл; ұзын-қысқа; ашулы-көңілді; жас-кәрі; ашты-тәтті, мықты-әлсіз, көп-аз, жалпақ-жіңішке.*

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерге кара.

Суреттен екі жабайы жануарларды тап, ата. Сызықпен қос.

Суреттен екі жиһазды тап, ата. Сызықпен қос.

Суреттен екі ыдысты ата, тап. Сызықпен қос.

Суреттен екі үй жануарын тап, ата. Сызықпен қос.

Суреттен екі көгөністі тап, ата. Сызықпен қос.

Суреттен екі жемісті тап, ата. Сызықпен қос.

Суреттен екі жидекті тап, ата. Сызықпен қос.

2. Түстердің атында [а] дыбысы естілетін қарындаштарды боя.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды, жеке жұмыс жүргізеді.

Билингвалды компонент: үстел – стол, табақ – блюдо, саптыаяқ – кружка.

Сергіту сәті

Басты иіп алға созыл керіліп,
Жиналамыз артқа қайта шегініп.
Тағы созыл алға қара қиылып,
Бүкірейтіп көтер арқаны жиырып.

Дәптермен жұмыс (*графикалық жұмыс*)

4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог жазу барысында үстелде қалай отыру керек, балаларға ескертіп өтеді. Жазуды ауада балаларға жазып көрсетеді, балалар қарындаштарын алып, ауада жазып қайталайды.

Саусақ жаттығуы

Бір, екі, үш,
Кәне, жина күш.
Саусақтарды басайық,
Жаттығуды жасайық.

3. Рефлексия

Педагог қорытындылайды, балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

– Балалар бүгін сендерге ерекше ұнаған тапсырма болды ма?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 6 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дауысты дыбыстар

Мақсаты: дауысты дыбыстар туралы түсінік беру.

Міндеттері: 1. Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.

2. Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.

3. Өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дауысты дыбыстарды ажыратады.

Түсінеді: дауысты дыбысты қызыл түспен белгілейтінін, дауысты дыбыс еркін кедергісіз айтылатынын,

Қолданады: дыбыстардың дауысты екенін текшелермен көрсетуді.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, айна, көркем суреттер, қызыл фишкалар.

Билингвалды компонент: тіл – язык, көмей – гортань, таңдай – нёбо, жақ – челюсть.

ҰОҚ барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңберіне балаларды тұрғызу.

Ортақ мекен жер шары,
Төбемізде бір аспан.
Барлық ұлттың баласы –
Достығымыз жарасқан.

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды пысықтау.

Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз, айтамыз. Егер сөзде дыбыс көп болса, онда сөз ұзақ, егер сөзде дыбыс аз болса, онда қысқа сөз болады.

–Тіл дыбыстары адамның дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Дыбысты жасауға қатысатын мүшелерге өкпе, кеңірдек, дауыс шымылдығы, көмей, ауыз қуысы, тіл, тіс, таңдай, жақ, ерін жатады.

Дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Дауысты дыбыстар дауыс шымылдығының керіліп тұрып діріл пайда болуы арқылы жасалады, сондықтан дауыстыларды созып, әндетіп айтуға болады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар: *а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е, и, у, э*. Балалар педагогпен бірге дауысты дыбыстарды қайталайды.

Педагог балалардан түсінгендерін сұрайды.

Дыбысты айтуға адамның қандай мүшелері қатысады?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«*Күрекше*» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

«*Ине*» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.

«*Төбешік*» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

«*Түтікше*» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

Дидактикалық жаттығуы»Әндетіп көр»

– Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «*а*» дыбысын дыбыстау арқылы айтып көрейік.

Әнді алдымен тыңдайды.

Нұрын төккен маған
Шуағымсың сен!
Айналайын мама,
Қуанышыңмен!
Шаттандырған мені,
Жұбанышым сен!
Құттықтаймын сені
Туған күніңмен!

– Осы әуенді *e, a* дыбыстары арқылы әндетіп көрейік.

Балалар бірге әндетіп айтады.

Дауысты дыбыстар қызыл түспен белгіленеді. Қызыл түсті фишканы көрсетеді.

«Туісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы

Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады).

Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді.

Дауысты дыбыстарды сызбамен көрсету.

– Дыбыстарды қалай белгілейміз? (Төртбұрышпен).

Педагог «алма» сөзін бірнеше рет дауысты дыбысты созып айтып қайталайды. Тақтаға «алма» сөзінің сызбасын іліп бірінші «а» дауысты дыбысты қызыл фишкамен белгілейді.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. Дауысты дыбыстан басталатын заттарды қызыл үйге орналастыр.

2. Өлеңді тыңда. Кім туралы айтылған? Осы сөз қандай дыбыстан басталады?

Күлімдеген көзінен
Күн мейірімі сезілген.
Бұл жалғанда балаға
Жақын жан жоқ өзіңнен.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.
2-тапсырмада балалар **ана** сөзін бір неше рет қайталайды. Дауысты дыбыстан басталауын анықтайды.

Сергіту сәті

«Сау болсын» деп деніміз,
Шынығамыз бәріміз.
Ерте оян, ерте тұр,
Алға қадам жасаймыз.
Жаттығуды бастаймыз,
Денсаулықты шынықтыр.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Үзік сызықтарды бастыр.

Саусақ жаттығуы

Екі үйрек келеді,
Бірін-бірі көреді.
Бір-біріне қарайды,
Сәлемдесіп алады.

Педагог жазу барысында үстелде қалай отыру керектігін балаларға ескертіп өтеді.
Жазуды ауада балаларға жазып көрсетеді, балалар қарындаштарын алып, ауада жазып қайталайды.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

– Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды?

– Несімен ұнады? Ең қызықты сәтті есіңе түсіріп көр.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 7 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Жуан дауысты дыбыстар.

Мақсаты: жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолымен таныстыру.

Міндеттері: 1. Жуан дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру.

2. Жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту.

3. Жазу жұмыстары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: суретті әңгімелеп айтады, жуан дауысты дыбыстан басталатын суреттерді тауып айтады.

Түсінеді: жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, түрлі түсті суреттер.

Билингвалды компонент: надан – невежественный.

ҰОҚ барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі

– Балалар, барлығымыз мен айтқан өлең жолдарын менің соңымнан қайталаңдар.

Сендер білесіңдер ме?

Туғаннан соң адам боп,

Білімсізден жаман жоқ.

Ел дәстүрін білмесең,

Жұрт айтады «Надан» деп.

Өлең жолдарынан нені түсіндіңдер?

– Балалар, біз білімді, дәстүрді білетін, халқына қызмет ете алатын азаматтар немесе азаматшалар болуымыз керек.

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дыбыс деген не?

2) Қандай дыбыстарды дауысты дыбыстар деп атаймыз?

3) Дауысты дыбысты қалай белгілейді?

4) Дауысты дыбыстар қалай жасалады?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

«Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.

«Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

«Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

«Құпия сөз» дидактикалық жаттығуы

– Балалар, сендер мені мұқият тыңдауларың қажет. Мен сөздің өзін айтпаймын, бірақ сол туралы айтамын. Кім құпия сөзді тапса, сол бала 1 ұпай алады.

– Ол қаладан алыста да, жақын да, да орналаса береді. Ол жердің ауасы таза, табиғаты әдемі. Онда төрт-түлік малдың бәрі бар. Ол жерде адамдар қалаға қарағанда аз тұрады.

– Ауыл.

– Иә, балалар, бұл – *ауыл*. Енді келесі құпия сөзді табуға тырысыңдар.

– Олар өте тату, бір-бірін жақсы көреді, сыйлайды, көмектеседі. Олар көбіне бірге тамақтанады. Кешкілік бәрі жиналады, әңгімелеседі.

Балалардың жауабы тыңдалады.

– Дұрыс айтасыңдар балалар, мен *отбасы* туралы айттым.

– Оны қурайдан, шөптен, ағаштан, балшықтан да жасайды, оны ағашқа, тасқа, қабырғаға орналастырады. Қараторғайға оны адамдар жасап береді. Ол жерге жұмыртқа салады, балапандарын өсіреді.

– Құпия сөз – *ұя*.

– Ол темір, әйнек, қыш пластмасса, шойыннан да жасалады. Адамдар оны күнде пайдаланады. Әсіресе асүйде. Онымен тамақ пісіреді, су ішеді, тамақ ішеді.

– Ыдыстар.

– Ол ағаштан жасалады. Өзі ұзын, жіңішке, көп, бір басы доғалдау, екінші басы тесіліп, оған жіп тағылған. Онымен ертеректе көп пайдаланған. Қазір сирек кездеседі. Оны киіз үй құрғанда пайдаланады. Ол – киіз үйдің қажетті заты. Онымен киіз үйдің шаңырағы көтеріліп тұрады.

– Ол – *уық*.

– Балалар, осы *ауыл, отбасы, ұя, ыдыс, уық* сөздері жуан дауысты дыбыстан басталып тұр.

Тақтаға суреттерін іліп көрсету.

– Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай екіге бөлінеді.

Жуан дауысты дыбыстар: *а, о, ы, ұ, у*. Айнаны қолымызға алып жуан дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жуан дауысты дыбыстарды айтқанда тіл кейін шегініп, тіл үсті дөңестенеді екен.

Жуан дауысты дыбыстарды есімізге сақтау үшін, тағы да бір қайталайық. Ерніміз әртүрлі пішінде болғанымен тіліміз дөңестеніп кейін жиырылады.

Айнаға қарап *алма, асық, арба, ожау, оқулық, орамал, алмұрт, ыза, ұлу, ұста, ұжым, ұстаз* сөздерін айтайық, бұл сөздер жуан дауысты дыбыстардан басталып тұр. Дыбысты айтқанда тілімізді қай жерде соған мән береміз. Жуан дауысты дыбыстарды еске сақтаймыз.

Дәптермен жұмыс

1. Суретке қара. Жуан дауысты дыбыстан басталатын сөздерді ата.

2. Суретте бейнеленгендердің атындағы жуан дауысты дыбыстарды ата.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.

Сергіту сәті

Күн ұйықтайды.
Күн оянады.
Жел соқты.
Жаңбыр жауды.
Бұлт шатырлады.
Күн ашылды.
Жел басылды.

Дәптермен жұмыс (*графикалық жұмыс*)

4. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамастан бұрын үстелде жазу барысында қалай отыру керек екенін түсіндіріп өтеді. Балаларға тапсырманы бірінші ауада жазып көрсетеді, балалар ауада жазып қайталайды.

5. Үзік сызықтарды бастыр.

3. Саусақ жаттығуы

«Бәрінен де мен күшті,» –
Деп айтады оң қол.
«Неге сен? Ал мен ше!» –
Деп келіспейді сол қол.
Екі қолдың күштерін,
Кәне, сынап көрейік.
Оңға, солға тартайық,
Дастастырып қайтайық.

3. Рефлексия

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 8 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Жіңішке дауысты дыбыстар.

Мақсаты: жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру.

Міндеттері: 1. Жіңішке дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру.

2. Жаңа сөздердің мағыналарын ашу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

3. Жазу барысында эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: жіңішке дауысты дыбыстар бар сөздерді атайды.

Түсінеді: жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолдарын.

Қолданады: дыбыстарды анықтайды, сөз барысында қолданады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, түрлі түсті суреттер, айна.

Билингвалды компонент: ірімшік – творог, әткеншек – качели.

ҰОҚ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Төмендегі өлеңді балалар бірге айтады:

Біз қандаймыз, қандаймыз?
Шұғылалы таңдаймыз.
Жарқыраған күндейміз,
Ренжісуді білмейміз.

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыс деген не?
- 2) Қандай дыбыстарды дауысты деп атаймыз?
- 3) Дауысты дыбыс қалай белгіленеді?
- 4) Дауысты дыбыстар қалай жасалады?
- 5) Жуан дауысты дыбыстар қалай жасалады?
- 6) Жуан дауысты дыбыстарды ата.

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

«Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.

«Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

«Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

Суреттермен жұмыс

Педагог тақаға ер, үзеңгі, ірімшік, әткеншек, өрмекші және инеліктің суреттерін іледі. Балалар әр заттың атын атайды. Педагог осы сөздердің мағынасын түсіндіреді.

Ер – аттың үстіне адам отыру үшін ағаштан жасалған әбзел.

Үзеңгі – атқа отырған адам аяғын салып отыратын темірден жасалған әбзел.

Ірімшік – сүттен жасалатын тағамның түрі.

Әткеншек – балалар ойнайтын ойынның түрі.

Өрмекші – жәндік.

Инелік – жәндік.

Заттың атын қайталатады және сөздегі бірінші дыбысты ерекшелеп айтқызады.

– Осы сөздердің бірінші дыбысын айтқанда айтылуына мән берсеңдер, тілдің ұшы ілгері созылып жіңішкереді.

Жіңішке дауысты дыбыстар: *ә, ө, і, е, и, ү*. Айнаны алып жіңішке дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл ілгері созылады екен.

Педагог балаларға дауысты жіңішке дыбыстарды қайталату арқылы жаттатады.

«Кім көп сөз айтады?» дидактикалық жаттығуы

– Балалар, сендер жіңішке дауысты *е, і, ө, и, ә, ү* дыбыстарынан басталатын сөздерді ойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишқадан беріледі. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз атанады.

Балаларға көмек ретінде педагог жіңішке дауысты дыбыстардан басталатын бір суреттен тақтаға іледі.

Мысалы: *етік, ірімшік, ілгіш, із, іт, өшіргіш, өгіз, өтірікші, өлшеуіш, элеватор, үстел, үзеңгі, үтік, үміт, үлгі, үлгерім, үсік, ит, ине, имек, итқұс, илеу, ермек, елік, ереже, ерін, емізік, ешкі, есік т.б.*

«Е дыбысы қайда тығылды?» ойын-жаттығуы

Педагог *алма, бақа, мысық, өрік, банан, садақ, ит, емен, кеме, күшік, бидон, елік, трактор* сөздерін айтады. Балалар осы сөздерді айтқанда, қолдарын шапалақтап, сөзді айтулары керек.

Сызбамен жұмыс.

Педагог «*ер*» сөзінің сызбасын сызуды балаларға ұсынады. Бір баланы тақтаға шығарады. «*Ер*» сөзінде неше дыбыс, неше дауысты дыбыс бар? Бала дауысты дыбысты қызыл текшемен белгілейді. Ол жуан жіңішке екендігін анықтайды.

«Жіңішке дауысты дыбысты сөзден баста» ойын-жаттығуы

Педагог қойған сұрақтарға балалар жіңішке дауысты дыбыстан басталатын сөздердермен жауап беру керек.

1. Сүйікті тағамың қандай? (*Мысалы: ет, ірімшік т.б.*)
2. Достарыңның аты кім? (*Әмірхан, Ерасыл, Инжу, Инабат, Үміт.*)
3. Сүйікті ойыншығың не? (*Әткеншек, үкі т.б.*)

Балалар ойланып жауап береді, көмек керек балаларға педагог көмектеседі.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттегі заттардың атындағы жіңішке дауысты дыбыстарды ата.
2. Жіңішке дауысты дыбыстардан басталатын суреттерді белгіле.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді

Сергіту сәті

Бала, бала балақан,
Кәне, қайсы алақан?
Саусақтарың әйбат,
Былай-былай ойнат.
Топ-топ басайық,
Жалаудан күн жасайық.
Жаса, жаса алтын күн,
Жаса, жаса жарқын күн!

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Үзік сызықтарды бастыр.
5. Үзбей сызып шық.

Педагог графикалық жұмысты бастамастан бұрын үстелде жазу барысында қалай отыру керек екенін түсіндіріп өтеді. Балаларға тапсырманы бірінші ауада жазып көрсетеді, балалар ауада жазып қайталайды.

Саусақ жаттығуы

Қолымызды қайшы етіп,
Қағаздарды қиямыз.
Қиып-қиып аламыз,
Біз көңілді баламыз.

3. Рефлексия

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 9 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері.

Тақырыбы: Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар.

Мақсаты: жуан, жіңішке дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту.

Міндеттері: 1. Сөзде дауысты дыбыстар жуан немесе жіңішке дауыстылардан тұратынын түсініктерін бекіту.

2. Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту.

3. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды ажыратып бөледі.

Түсінеді: дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке болып ауыз қуысында жасалатынын түсінеді.

Қолданады: жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері

Билингвалды компонент: аққу – лебедь, жүгері – кукуруза, күміс – серебро.

ҰОҚ барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Төмендегі өлеңді балалар бірге айтады:

Біз қандаймыз, қандаймыз?
Шұғылалы таңдаймыз.
Жарқыраған күндейміз,
Ренжисуді білмейміз.

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыс деген не?
- 2) Қандай дыбысты дауысты дыбыс деп атаймыз?
- 3) Дауысты дыбысты қалай белгілейді?
- 4) Дауысты дыбыстар қалай жасалады?
- 5) Жуан дауысты дыбыстар қалай жасалады?
- 6) Жуан дауысты дыбыстарды ата.
- 7) Жіңішке дауысты дыбыстар қалай жасалады?
- 8) Жіңішке дауысты дыбыстарды ата.

Дауысты дыбыстар – өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырамай шыққан дыбыстар. Қолымызға айнаны алып, дауысты дыбыстарды айтып көрейік, бұл дыбыстарды әндетіп, созып айтсақ та болады: «aaa», «эээ», «ooo» «өөө» «eee», «ыыы», «iii», «ұұұ», «үүү», «иии», «эээ», «ууу».

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«**Күрекше**» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

«**Ине**» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.

«**Төбешік**» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

«**Түтікше**» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

«Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы

Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады).

Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы көтереді.

Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай екіге бөлінетінін естеріне түсіреді.

1) Жуан дауысты дыбыстар: *а, о, ы, ұ, у*. Айнаны қолымызға алып, жуан дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жуан дауысты дыбыстарды айтқанда, тіл кейін шегініп, тіл үсті дөңестенеді екен.

2) Жіңішке дауысты дыбыстар: *ә, ө, і, е, и, ү*. Айнаны алып, жіңішке дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл ілгері созылады екен.

Қазақ тілінде сөздер не жуан дауыстылардан, не жіңішке дауысты дыбыстардан құралады.

Мысалы, тек жуан дауысты дыбыстардан құралған сөздер: *аққу, арыстан, тасбақа, қараторғай т.б.*

Тек жіңішке дауысты дыбыстардан құралған сөздер: *өмір, көктем, жүгері, мереке, күміс, ілгіш т.б.* суреттерін тақтаға іліп көрсету, жуан, жіңішке дыбыстарды естеріне сақтату.

Кейбір сөздерде жуан және жіңішке дауысты дыбыстар кездеседі. Мысалы, кітап, мұғалім т.б.

«Кім көп сөз айтады» дидактикалық жаттығуы

–Балалар, сендер жіңішке дауысты және жуан дауысты дыбыстарынан басталатын сөздерді ойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишкадан беріледі, кім көп сөз айтса, сол – жеңімпаз.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерге қара. Ата. Құрамында жуан дауысты дыбыстар бар затты сары қарындашпен, жіңішке дауысты дыбыстар бар затты қызыл қарындашпен қос.

2. Жуан дауысты дыбыстан басталатын заттарды ата. Оларды сары қарындашпен қорша. Енді жіңішке дауысты дыбыстан басталатын сөздерді ата. Оларды қызыл қарындашпен қорша.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Заттарды атайды, жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды анықтайды.

Сергіту сәті

Өкшемізді қосамыз,
Балпаң-балпаң басамыз.
Асулардан асамыз,
Біздер пингвин боламыз.
Білекті біз түреміз,
Қатарласып жүреміз.
Адаспаймыз білеміз,
Пингвин болып жүреміз.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Нүктелерді бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамастан бұрын үстелде жазу барысында қалай отыру керек екенін түсіндіріп өтеді. Балаларға тапсырманы бірінші ауада жазып көрсетеді, балалар ауада жазып қайталайды.

Саусақ жаттығуы

Айдын шалқар көлдерде
Балықтар өмір сүреді.
Шолпылдатып құйрығын,
Әрі-бері жүзеді.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

– Жуан, жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолын еске түсірейік, жуан дауысты дыбыстарды айтқанда тіл қайда жылжиды? Ал жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, тіл қайда қозғалады?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 10 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дауыссыз дыбыстар.

Мақсаты: дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру.

Міндеттері: 1. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту.

2. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.

3. Жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдыландыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратады, түсіп қалған дыбыстарды сөз ішінде табады.

Түсінеді: дауыссыз дыбыстар көк түспен белгіленетінін.

Қолданады: дауыссыз, дауысты дыбыстарды анықтау, сөз ойлайды.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, қызыл – көк фишкалар, айна.

Билингвалды компонент: дыбыс – звук.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңберіне тұрғызады.

Өлең шумағын айтады.

Орнымыздан тұрайық,
Шапалақтап алайық.
Бір отырып, бір тұрып,
Атымизды айтайық.

Педагог балаларға өз есімдерін өлшеп көрулерін сұрайды. Кімнің есімі ұзақ болса, олар қолдарын шапалақтасын, ал кімнің есімі қысқа болса, олар айналсын.

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыс деген не?
- 2) Қандай дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз?
- 3) Дауысты дыбыстарды қалай белгілейміз?
- 4) Жуан дауысты дыбыстар қалай жасалады?
- 5) Жіңішке дауысты дыбыстар қалай жасалады?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

«Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.

«Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

«Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

«Мұқият бол» дидактикалық жаттығуы

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті шаршыны, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл түсті тіктөртбұрышты көтереді.

«Дауысты дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық ойыны

– Мен сендерге суретті көрсетіп, сол суреттегі заттың атын айтамын. Сендер сол сөзге мағынасына сәйкестендіріп, дауысты дыбыстан басталатын сөзді айтып жалғастырасыңдар. Мысалы: *үлкен (алма), тәтті (алмұрт), дәмді (айран), домалақ (өрік), сопақ (асқабақ), қоңыр (етік), жасыл (айва), сары (апельсин), қалың (орман), мамық (орамал), ақылды (әже), үлкен (ата), жүйрік (ат), ұзын (ожау), бұзық (әтеш), үлкен (акула), кең (алқап), дәмді (ас), мықты (ит), батыр (адам), ақымақ (Омар) т.б.*

«Қайтала» (доппен) дидактикалық ойыны

– Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар.

Мысалы: *тттиін(т), қққасқыр(қ), бббаққа(б), вввагон(в), ггарыш(г), дддоп(д), жжжжалбыз(ж), зззәкір(з), ккккітап(к), лллақ(л), мммақта(м), нннан(н), сссағыз(с), пппарта(п), ррррадио(р), һһһаһ(һ), ффффабрика(ф), чччуна-чччупс(ч), цциркуль(ц), иишахмат(и), ииццетка(и), хххат(х), уууылдырық(у) т.б.*

– Балалар осы дыбыстарды айтқанда не байқадыңдар? Дыбыстарды айту оңай болды ма?

– Ауыздан шығатын ауаға кедергілер жасалады екен.

– Ал ол кедергілер нелер? (Ерін, тіл, тіс т.б.)

– Айтылу кезінде ауаның еркін шықпай, кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз. Олар сөйлеу мүшелерінің (ерін, тіл, тіс, т.б.) бір-

бірімен жанасуы немесе толық қабысуы арқылы пайда болады. Дауыссыз дыбыстардың жасалатын орны – ауыз және көмей қуыстары.

Кәне, барлықтарың айнаны алып қарандар да, менің артымнан қайталаңдар: «Қ», «Т», «М». Осы дыбыстарды әндетіп айтып көрейік. Айтылады ма екен әндетіп? Неге? Өйткені бұлар дауыссыз дыбыстар, дауыссыз дыбыстар созып, әндетіп айтылуға келмейді, олар қысқа да нақты айтылады. Дауыссыз дыбыстар тек салдыр немесе салдыр мен үн қатысуы арқылы жасалады. Дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз.

«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны

Педагог а, б, у, о, и, с, п, р, л, д, ф, ж дыбыстарын айтады. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса – қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.

«Түсіп қалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны

Педагог заттың суреттерін көрсетеді.

– Балалар, мен сендерге сурет көрсетіп, сөздердің бір дыбысын түсіріп айтамын, сендер түсіп қалған дыбысты қосып, толық сөзді айтуларың керек. *(Балалар суретке қарап, педагогтің қатесін түзеп, түсіп қалған дыбысты айқынырақ айтады. Мысалы: ұша...(қ), қызына...(қ), бана...(н), тор...(т), апельси ...(н), қоя...(н), автоб...(с), шәйне...(к), қо...(й), текш...(е), до...(п), күші...(к), сыпырғы...(ш), қамш...(ы), телефо...(н), қылы...(ш), қайы...(қ), балапа...(н), тырн...(а), тара...(қ), бақ...(а), балмұзда...(қ), қан...(т), қия...(р).*

Билингвалды компонент: дыбыс – звук.

Дәптермен жұмыс

1. Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата.

2. Дауыссыз дыбыстардан басталатын заттарды көк түспен белгіле.

Сергіту сәті

Қонжықтардай қорбаңдап жүреміз,
Асықпай аяқты жай басып.
Аюларша маймаңдап келеміз,
Бөшкемізге бал жинап, оны тасып.
Томпаңдап жүріп біздер келеміз,
Орманнан жаңғақ көп тереміз.
Теңселеміз оңға бір, солға бір,
Жан-жаққа қарап біз келеміз.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Нүктелер мен үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.

Саусақ жаттығуы

Партадағы саусақтар
Адымдайды, жүреді.
Өнерлі бұл саусақтар
Сурет сала біледі.
Ортанғы мен сұқ саусақ
Түйеқұсты салады.
Төңкеріліп аспанға,
Қоянда бола қалады.

Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. мен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

3. Рефлексия

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

- Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 11 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені үйрендік?

Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру.

Міндеттері: 1. Жаңылтпаштарды жаңылмай жылдам айтуға дағдыландыру.

2. Сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге жаттықтыру.

3. Мұқияттылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді қосады.

Түсінеді: дауысты және дауыссыз дыбыстардың қалай белгіленетінін.

Қолданады: дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент: асқабақ – тыква, бұтақ – ветка.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог «Қарама-қарсы сөзді тап» ойынын балалармен ойнайды.

сұйық – ... (қою)

жуан – ... (жіңішке)

кішкентай – ... (үлкен)

ашық – ... (жабық)

ақылды – ... (ақымақ)

2. Негізгі бөлім

Өтілген тақырыптарды «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыс деген не?
- 2) Дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 3) Түрлерін ата.
- 4) Дауысты дыбыстар қалай жасалады?

- 5) Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 6) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- 7) Жуан дауысты дыбыстарға қандай дыбыстар жатады?
- 8) Жуан дауысты дыбыстарды айтқанда тіл қайда жиырылады?
- 9) Жіңішке дауысты дыбыстарға қандай дыбыстар жатады?
- 10) Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл қайда созылады?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«**Күрекше**» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

«**Ине**» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.

«**Төбешік**» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

«**Түтікше**» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

«Сөзге сөз қос» дидактикалық ойыны

– Балалар, мен сендерге сөз айтып, сурет көрсетемін, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз қосуларың керек.

Мысалы: *қызыл ... (алма), ыстық ... (от), әдемі ... (әтеш), темір ... (ыдыс), қабаған ... (ит), жаңа ... (өшіргіш), тәтті ... (алмұрт), жылы ... (етік), гүрілдеген ... (экскаватор), дәмді... (ірімшік) т.б.*

– Балалар, бүгін мен сендерге жаңылтпаштар туралы айтып беремін.

Жаңылтпашты жаңылмай айта білген бала шешен де, ұтымды сөйлеуді меңгереді. Логикалық ойлау қабілеттері жетіледі. Сонымен қатар жаңылтпаш айта білген баланың тіл байлығы дамып, күрделі сөздерді қиналмай айта білуге дағдыланады. Ал жаңылтпаш табиғат, жан-жануарлар, құстар мен жәндіктер туралы әртүрлі тақырыптарда болады.

«Қай дыбыс қайталанды?» дидактикалық жаттығуы

Асан бақша жақтан
Ақ сабақты асқабақ әкелді.
Басқа жақтан
Басқарақ асқабақ әкелді.

- Балалар осы жаңылтпашта қай дыбыс жиі естіліп тұр?
- А дыбысы.
- А дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?
- Дауысты дыбыс.
- А дыбысы жуан дауысты ма, әлде жіңішке дауысты ма?
- Жуан дауысты дыбыс.
- А дыбысы дауысты дыбыс, оны әндетіп айтуға болады. Ауыз қуысынан кедергісіз шығады.
- А дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай. А дауысты дыбысын айтқанда ауыз кең ашылып, тіл ауыз қуысында еркін жатады. Дауыс шымылдығы ашық болады. Осылай **а** дыбысы жасалады.

Тағы бір жаңылтпаш тыңдаңдар.

Аршабек «арша» деп шыршаны,
Шыршабек «шырша» деп аршаны,
Шатасты күлдіріп баршаны,
«Шырша» деп, «арша» деп шаршады.

- Бұл жаңылтпашта қай дыбыстар қайталанып тұр? (А, ш).
Балалардың жауабы тыңдалады, қажет болса, жаңылтпашты қайталап оқиды.
 - Жарайсыңдар балалар жаңылтпашта **а, ш** дыбыстары қайталанып тұр. Ш дауысты ма, әлде дауыссыз ба? А ше?
 - Ш дыбысын айтқанда тіл ожауланып, екі жиегі үстіңгі езуге тиеді. Ш – дауыссыз дыбыс.
 - Келесі жаңылтпашты тыңдаңдар.
- Педагог:

Торғай сүйер тоғайды,
Тоғай күтер торғайды.
Торғайсыз тоғай болмайды,
Тоғайды торғай қорғайды.

- Бұл жаңылтпашта қай дыбыс қайталанып тұр? ([т], [о]).
- Дұрыс айтасыңдар [т], [о] дыбысы жиі естіліп тұр екен.
- [Т] дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Дыбыстап айтып көрейік. Жасалу жолын еске түсірейік, дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтайық. [Т] дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай: ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл ұшы жоғары көтеріледі де, үстіңгі тістің түбіне тиеді, тілдің алдыңғы екі шеті үстіңгі тістерге қатты жабысады. Дем тіл ұшы мен тістің арасынан шығады да, [Т] дыбысы жасалады.
- [Т] дыбысы – дауыссыз дыбыс, сондықтан да қысқа айтылады
- [О] дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Дыбыстап айтып көрейік. Жасалу жолын еске түсірейік, дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтайық. [О] дыбысының дұрыс артикуляциясы мынандай: [О] дыбысын айтқанда ерін дөңгеленіп, тілдің ұшы астыңғы тістен алыстап, арт жағы көтеріледі.
- [О] – дауысты жуан дыбыс.

«Жуан дауысты дыбысты тап» дидактикалық жаттығуы

- Балалар, мен сендерге сөздер айтамын, сендер жуан дауысты дыбыстан басталған сөзді естісендер, бір рет шапалақ ұрыңдар.

Мысалы: алма, гүл, ұлу, жүзім, қатық, апорт, от, пима, Ұлбала, қайшы, ұл, ыдыс, оқтау, аққу, әтеш, тауық, Ұлжан, көбелек, ымырт, Алпамыс, айна, етік, қарлығаш, жүген, түйе, ұста, ожау, тамаша, алмұрт, ірімшік, сыпырғыш, Олжас, жылан, отын, алақан т.б.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттердегі заттарды ата. Әр сөздің бірінші дыбысын ата.

Сөз дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті қызыл, дауыссыз дыбыстан басталса, көк түспен боя.

2. Атында [о] дыбысы бар заттарды корша.

Сергіту сәті

Көкке қолды біз созамыз,
Үлкен болып біз өсеміз.
Күнге дейін жеткіземіз,
Жаймен қолды түсіреміз.
Күн сәулесін төгеді екен,
Жерге нұрын себеді екен.
Күн батқанда таудан асып,
Тәтті ұйқыға кетеді екен.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Штрихта.
5. Нүктелерді бастыр, жалғастыр.

Саусақ жаттығуы

«Бәрінен де мен күшті», –
Деп айтады оң қол.
«Неге сен? Ал мен ше!» –
Деп келіспейді сол қол.
Екі қолдың күштерін,
Кәне, сынап көрейік.
Оңға, солға тартайық,
Дастастырып қайтайық.

Педагог графикалық жұмысты бастамастан бұрын үстелде жазу барысында қалай отыру керек екенін түсіндіріп өтеді. Балаларға тапсырманы бірінші ауада жазып көрсетеді, балалар ауада жазып қайталайды.

3. Рефлексия

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

- Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды?
- Балалар, смайлдар арқылы өздерінің оқу қызметінде көрсеткен білімдеріне баға берейік.
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№12 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені үйрендік, нені білдік?

Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.

Міндеттері: 1. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру.

2. Тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.

3. Білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады.

Түсінеді: сөздің дыбыстардан тұратынын.

Қолданады: сөз ішінен берілген дыбысты табады, дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, көркем суреттер.

Билингвалды компонент: аскөк – укроп, ақжелкен – петрушка.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңберіне тұрғызу.

Қуан, шаттан, алақай,
Қуанатын күн келді,
Күліп шықты күн бүгін,

Қайырлы таң!
Қайырлы күн!
Қайырлы күн, балалар!

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыс деген не?
- 2) Қандай дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз?
- 3) Дауысты дыбыстарды қалай белгілейміз?
- 4) Жуан дауысты дыбыстар қалай жасалады?
- 5) Жіңішке дауысты дыбыстар қалай жасалады?
- 6) Қандай дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз?
- 7) Дауыссыз дыбыстарды қалай белгілейміз?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«**Күрекше**» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

«**Ине**» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.

«**Төбешік**» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

«**Түтікше**» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

Дыбыстармен жұмыс.

«**Тиісті түсті көрсет**» дидактикалық ойыны

Педагог дыбыстарды айтады: а, б, у, о, и, с, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.

1-тапсырма. «**Берілген дыбысқа сөз ойла**» дидактикалық жаттығуы

Дұрыс жауапқа фишка беріледі.

Педагог балаларға «е» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді.

– *Етік, ешкі, елгезек.*

– *Емізік, ел, есік, есеп, елек, елпілдеп, Елжас, Ернар, Елдана, Ернұр.*

Педагог балаларға «ы» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді.

– *Ыдыс, ырыс, ымырт, Ыбырай, ылғал, ық ықылық, ырым т.б.*

Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды.

2-тапсырма. «**Дыбыстар тізбегі**» дидактикалық ойыны

– Балалар мен сендерге допты лақтырып, бір сөз айтамын. Сендер сол сөз қай дыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтып, допты келесі балаға лақтырасыңдар. Мысалы: *ана-арман-нар-рақат-тағам-мандарин-нан-нәтиже-елгезер-рамазан-нәзік т.б.*)

3-тапсырма.

«**Кім тапқыр?**» дидактикалық ойыны

Педагог берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетінін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап, егер педагог айтқан дыбыс сөздің басында болса көк жалаушаны, егер сөз соңында болса, жасыл түсті жалаушаны жоғары көтереді, ал ортасында болса, жалауша көтермейді. Педагог дауыссыз дыбыстармен жұмыс жасайды. Мысалы: **(С)** Самат, сағыз, тіс, қасық, сабын, тас; **(Ғ)** ғалым, ғарыш, аға, таға, жаға, сағыз, тоғыз, жаға, Ғазиз, Ғалымжан, Тоғжан, ғанибет; **(Б)** бидон, Бейбіт, бейбітшілік, былғары, жабық, жалбыз, бала, балабақша, бақа, жабық, тобық, білім, табыл, Абыз, қарбыз, қобыз, бақыр; **(Қ)** қаша, арық, қоңыз, қорық, қол, қолтық, қоян, бұтақ, сұғанақ, қошақан, құлын, таяқ, салақ, ақ, жақ,

тақ, бақа, сақал, мақал, Ақиық, ақылды, ақылшы, ақын, ақылды, аққу, аққала, алжапқыш, қыс, қайшы, пышақ т.б.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерге қара.

[А] дыбысынан басталатын екі жемістің суретін тап, ата. Суреттерді қос.

[А] дыбысынан басталатын екі жануардың суретін тап, ата. Суреттерді қос.

[А] дыбысынан басталатын екі өсімдікті тап, ата. Суреттерді қос. Мысалы, аскөк, ақжелкен.

2. Тыңда. Жұмбақтың жауабы болған сөздің дыбыстық белгісін сыз.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.

Билингвалды компонент: аскөк – укроп, ақжелкен – петрушка.

Сергіту сәті

Құлыншағым шапқылайды тоқ, тоқ, тоқ,
Тұяқтары тақылдайды тоқ, тоқ, тоқ.
Алыстағы ауылдарға шабады,
Жасыл өлке жайлауға да барады.
Құлыншақтың тұлымшағы желбіреп,
Өскенде ол жүйрік тұлпар болады.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Нүктелерді бастыр.

5. Штрихта.

Жазуды бастамас бұрын педагог балаларға ауада жазып көрсетеді.

Педагог балаларға жазу барысында үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп айтып кетеді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. мен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді).

Саусақ жаттығуы

Қолды алға созамыз,
Алақанды бұрамыз.
Алақанның сыртымен
Шапалақты ұрамыз.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасап, балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

– Бүгін оқу қызметінде аса қызық болған тапсырманы айта аласың ба?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 13 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Қатаң дауыссыз дыбыстар.

Мақсаты: қатаң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.

Міндеттері: 1. Қатаң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.

2. Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.

3. Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.

Түсінеді: қатаң дауыссыздарда мүлде үн болмайтынын түсінеді.

Қолданады: қатаң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, айна, қызыл, көк фишкалар.

Билингвалды компонент: дыбыс – звук.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері.

Кел, балалар, күлейік,
Күлкіменен түлейік.
Күлкі көңіл ашады,
Күліп өмір сүрейік.

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыстар деп нені айтамыз?
- 2) Дауысты дыбыстар деген қандай дыбыстар?
- 3) Дауысты дыбыстарды қалай белгілейміз?
- 4) Дауыссыз дыбыстар деген қандай дыбыстар?
- 5) Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

«Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.

«Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

«Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

Қатаң дауыссыз дыбыстармен таныстыру.

– Үн мен салдырдың дыбысқа қатысуына қарай тілдегі дыбыстар дауысты және дауыссыз болып келеді.

Дауыссыз дыбыстар үш топқа бөлінеді.

Бүгін біз солардың ішіндегі қатаң дауыссыздардың жасалу жолдарымен танысамыз. Айнамызды қолымызға алып қарайық.

Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: *n, k, q, m, c, f, ч, ц, ш, щ, h*. Бұл дыбыстарды айтқанда нелер кедергі жасады? Иа дұрыс айтасыңдар (ерін, тіс, тіл). Бұл дыбыстарды қандай дауыспен айттыңдар (тез және қысқа)

Қатаң дауыссыз дыбыстар тек салдырдан жасалады, олардың жасалуына дауыс шымылдығы қатыспайды.

Қатаң дауыссыз дыбыстарды айту барысында дауысты көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайды. Дауыссыз қатаң дабыстарда мүлде үн болмайды. Дауыссыз қатаң дыбыстардың ішкі сапасы таза салдырдан тұрады.

Салдыр өкпеден шыққан ауаның сөйлеу мүшелерінің біріне соқтығысып, кедергіге ұшырауынан пайда болады.

«Туісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны.

Педагог дыбыстарды айтады: п, а, к, қ, о, т, с, ә, ф, і, ш, щ, һ, ц. Балалар дауысты дыбысқа қызыл, дауыссыз дыбыстарға көк фишканы көтереді.

Ғажайып сәт. Топқа Айсұлу деген қыздан сәлемдеме келді. Ол балалардан тапсырманы орындауға көмек сұрайды.

– Бұл тапсырмаларды кім дұрыс орындайды, соған фишка беріп отырамын, кімде көп фишка болса, сол жеңімпаз болады.

«Кім көп сөз ойлайды» дидактикалық ойыны

– *К* дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар.

– *Кітап, кілем, кім, кілт, киіз.*

– *Т* дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер.

– *Таға, тарақ, тау, тиін, темір, тұлпар, тоқ, тоқылдақ, тотықұс, торсық, теңіз, тіс.*

«Дыбысты балға» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге дауысты дыбыстар мен қатаң дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дауысты дыбысты естігенде бір рет шапалақ ұрасыңдар да, ал дауыссыз қатаң дыбыстарды естігенде жұдырықпен партаны ұрасыңдар. Мысалы: *сағат, автобус, тарақ, факел, ожау, қайрақ, орындық, күшік, үкі, чупа-чупс, қобыз, шар, шахмат, өшіргіш, щетка, ит, ірімшік, әтеш, ыдыс, тау, киіз, циркуль.*

«Сөзге қатаң дауыссыз дыбысты қос» дидактикалық жаттығуы

– Мен қандай да бір сөздің басын айтамын, ал сендер түсіп қалған қатаң дауыссыз дыбысты жалғап, толық сөзді айтуларың керек. Мысалы: *қа..., ша..., автобу..., тара..., голь..., үті..., шахма..., пла..., әте..., күші..., пыша..., қаламса..., қайра..., қамы..., қайы... т.б.*

Дәптермен жұмыс

1. Суретке қара. Қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата.
2. Қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді қорша. Өз таңдауынды түсіндір. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.

Сергіту сәті

Түлкі жүрер сылаңдап,
Құйрығымен бұлғандап.
Қутындайды қулана,
Айналаға көз сала.

Кенет түлкі кідіріп,
Кетіп қалды жүгіріп.
Кенет түлкі кідіріп,
Кетіп барады қыдырып.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Нүктелерді бастыр, жалғастыр.
5. Суреттегідей сал.

Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында

денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. мен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Екі үйрек келеді,
Бірін-бірі көреді.
Бір-біріне қарайды,
Сәлемдесіп алады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

– Қатаң дауыссыз дыбыстарды айтқанда созуға, дауысты көтеруге, әуенін өзгертуге бола ма?

– Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 14 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Ұяң дауыссыз дабыстар.

Мақсаты: ұяң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.

Міндеттері: 1. Ұяң дауыссыздарды қайталану арқылы естерінде сақтату.

2. Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.

3. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.

Түсінеді: ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді.

Қолданады: ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, көркем суреттер, айна.

Билингвалды компонент: артық – лишний.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог оқу қызметін «Артығын тап» ойынын ұйымдастыру арқылы бастайды. Педагог сөздерді барынша жылдам оқиды.

Қарға, қамыс, қалам, қамшы, тамшы. (*тамшы*)

Орындық, орман, ожау, олақ, шолақ. (*шолақ*)

Дариға, Дархан, Орхан, Дина, Диана. (*Орхан*)

Сандық, сағат, сақал, мақал, сағыз, соғыс. (*мақал*)

Бөтелке, балға, бал, мал, бала, қала. (*мал*)

Балалар сөздердің ішінен артық сөзді шатаспай, жылдам табулары керек. Балалар сөздің бірінші дыбысы бойынша артық сөздерді табады.

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дыбыс деген не?

2) Сөз деген не?

3) Дыбыстардың қандай түрлері бар?

4) Дауысты дыбыстарды қандай түсті фишкамен белгілейміз?

5) Дауыссыз дыбыстарды ше?

6) Қатаң дауыссыз дыбыстарға қандай дыбыстар жатады?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.

«Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.

«Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу.

Осылай 10–15 рет қайталау.

Ұяң дауыссыз дыбыстармен таныстыру.

– Балалар біз бүгін дауыссыз дыбыстардың ішіндегі ұяң дауыссыз дыбыстармен танысамыз және жасалу жолдарын білетін боламыз.

Педагог ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын заттардың суреттерін тақтаға іледі: балға, вагон, гүл, ғарыш, доп, жүзім, зырылдауық. Атайды, сөздің бірінші дыбысын ерекше етіп айтады.

– Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: б, в, г, ғ, д, ж, з.

Дауыссыз дыбыстарды айтқанда көмейде кедергіге ұшырамаған ауа ауыз қуысына күшті қарқынмен келеді. Ауыз тар ашылғандықтан, көмей арқылы келген қарқынды ауа әртүрлі артикулярлық мүшелермен соқтығысады.

Дауыс шымылдығының қатысуымен жасалатын, салдыр мен үн тең болатын дауыссыз дыбыстар ұяң дауыссыз дыбыстарға жатады.

Қатаң дауыссыз дыбыстар сияқты ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайды. Дауыссыз ұяңдардың ішкі сапасы таза салдырдан тұрады.

Дауыссыз қатаң дыбыстарда үн мүлде болмаса, ұяң дыбыстарда үннің қатысы жартылай болады. Яғни ұяң дауыссыз дыбыстар жартылай салдырдан, жартылай үннен тұрады. Педагог балаларға ұяң дауыссыз дыбыстарды қайталатады. Ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ойлап айтқызады.

«Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны

– Б дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар.

– *Бақа, бақыт, бал, би, Берік, бор, балық, бас, боти, быламық, ботқа.*

– Г дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар.

– *Гүл, гитара, гамаж, галстук, газ, газель, гауһар, газет.*

Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды.

«Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге сөздер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған сөзді естісендер, қол шапалақтайсындар.

– Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, таға, домбыра, гүл, бәтеңке.

«Сөзге ұяң дауыссыздан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: *үстел ... (биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ... (доп), ала ... (жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон), бақылдауық ... (бақа), білімді ... (ғалым), жайылып жүр ... (жылқы), күмбірлеген ... (домбыра), желбірейді ... (жалау), зымыран ... (ұшты), әдемі ... (зырылдауық) т.б.*

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерге қара. Ата. Ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді белгіле. Өз тандауыңды түсіндір.

2. Аттарында ғ дыбысы бар суреттерді бір-бірімен қос. Ғ дыбысы қандай дыбыс?

Педагог балалармен бірге тапсырмаладрды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.

Сергіту сәті

Кәне, енді тұрайық,
Бір қатарды құрайық.
Белімізден ұстасып,
Алға бағыт бұрайық.
Паровоз боп ойнайық,
Вагондарды жалғайық.
Сапар шегіп алысқа,
Алға қарай зулайық.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Үзік сызықтарды бастыр.

5. Бастыр.

Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. мен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді).

Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Айдын шалқар көлдерде,
Балықтар өмір сүреді.
Шолпылдатып құйрығын,
Әрі-бері жүзеді.

3. Рефлексия

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

– Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 15 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Үнді дауыссыз дыбыстар.

Мақсаты: үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.

Міндеттері: 1. Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету.

2. Үнді дауыссыздарды қайталау арқылы естерінде сақтату.

3. Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады.

Түсінеді: үнді дыбыстарда бәсең үн болатынын түсінеді.

Қолданады: үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, көркем суреттер, айна.

Билингвалды компонент: басым – преобладающий, бәсең – пассивный.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңберіне тұрғызу.

Бір-біріне жақсы сөздер айтады.

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дауыссыз дыбыстар деген не?

2) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?

3) Қатаң дауыссыз дыбыстар қалай жасалады?

4) Ұяң дауыссыз дыбыстар ше?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.

«Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.

«Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.

Үнді дауыссыз дыбыстармен, олардың жасалу жолдарымен таныстыру.

– Балалар біз бүгін дауыссыз дыбыстардың ішіндегі үнді дауыссыз дыбыстармен танысамыз және жасалу жолдарын білетін боламыз.

Мен айтқан дыбыстарды айнаға қарап қайталаңдар: л, м, н, н, р, у, й.

Балалар бұл дауыссыздарды айтқанда не байқадыңдар?

Бұл дыбыстарды айтқанда көтеруге, созуға, әуенді өзгертуге болады.

Қатаң, ұяң дауыссыз дыбыстарға қарағанда үнді дауыссыз дыбыстар дауыс шымылдығының қатысуымен жасалады, салдырға қарағанда үн басым шығады. Сондықтан да үнді дауыссыз дыбыстар деп аталады. Үнді дауыссыз дыбыстарды айтқанда сөйлеу

мүшелерінің (тіл, ерін, жақ) бір-біріне жуықтауы, түрленуі, көлемін өзгертуі көмей арқылы келген ауаға пәлендей кедергі бола алмайды.

Дауыссыз қатандарда мүлде үн болмаса, ұянда үннің қатысы жартылай болатынын біз білеміз, ал үнді дыбыстарда бәсең үн болады.

Дауыссыздардың үн сапасында жаңғырық болмайды.

«Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны

– Балалар, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Педагог балаларға көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, *лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй*.

ң дыбысынан сөздер басталмайтынын ескертеді.

Мысалы: «л»– *Ләззат, лақ, лаула,люк, лақтыр, лағыл, Ләйлә;*

«м» – *мақта, малта, маймыл, малақай;*

«н»– *нар, Нариман, Нартай, Назгүл, наз, намаз, нақышына келтір;*

«р» – *рауғаш, Рауан, Раушан, риза;*

«у» – *уылдырық, уақ.*

«Дыбыс бер» дидактикалық ойыны

– Мен сендерге сөздер айтамын, сол сөздердің ішінде үнді дауыссыз дыбыстар кездесе, алақандарыңды соғып шапалақтаңдар.

– *Үй, алма, анар, тат, оқ, ру, бау, сағат, арқан, тарақ, жаңғақ, нан, доп, тор, ми, сый, тый, аң, оң, шаш, тас, ата, әже, тәте, пысық, тышқан, ат т.б.*

«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек.

Мысалы: *сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал) т.б.*

Дәптермен жұмыс

1. Суреттердегі заттарды ата. Үнді дауыссыз дыбыстан басталатын суреттерді көк түсті үшбұрышқа, ұян дауыссыздан басталатын суреттерді көк түсті домалаққа, қатаң дауыссыздан басталатын суреттерді көк түсті төртбұрышқа қос.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.

Сергіту сәті

Қол ұстасып достасып,
Жүгіреміз жұптасып.
Достығымыз жарассын,
Бәрі бізге қарасын.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Штрихта.

4. Бастыр.

Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. мен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

«Бәрінен де мен күшті», –
Деп айтады оң қол.
«Неге сен? Ал мен ше!» –
Деп келіспейді сол қол.
Екі қолдың күштерін,
Кәне, сынап көрейік.
Оңға солға тартайық,
Дастастырып қайтайық.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

– Не ұнады, қандай ойын қызықты болды?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 16 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені үйрендік, нені білдік?

Мақсаты: дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.

Міндеттері: 1. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталану арқылы естерінде сақтату.

2. Дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

3. Ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дауыссыз қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды бір-бірінен ажыратады.

Түсінеді: дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болатынын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, суреттер.

Билингвалды компонент: дыбыс – звук.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балаларды ұйымдастыру барысында «Артығын тап» ойынын ойнатады.

1. Жол, жаға, жастық, қастық. (*қастық*)

2. Кәмпит, киік, керует, төрлет. (*төрлет*)

3. Шана, шаңғы, шалма, қалма. (*қалма*)

4. Сурет, сәбіз, сағыз, қоңыз. (*қоңыз*)

5. Домбыра, долана, дорба, арба. (*арба*)

Балалар сөздегі бірінші дыбыс арқылы артық сөзді табады.

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?

- 2) Қанадай-қандай болып?
- 3) Қатаң дауыссыз дыбыстарға қандай дыбыстар жатады?
- 4) Олар қалай жасалады?
- 5) Дауыссыз дыбыстарға ауыз қуысында нелер кедергі жасайды?
- 6) Ұяң дауыссыз дыбыстарды ата?
- 7) Үнді дауыссыз дыбыстарды ата?

– Балалар біз өткен оқу қызметімізде дауыссыз дыбыстар қатаң, ұяң, үнді болып, бөлінетінін білдік. Сол дауыссыз дыбыстарға жаттығулар жасайық.

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«*Сағат*» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.

«*Саңырауқұлақ*» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.

«*Алтыбақан*» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.

«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны

Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз дыбыс екенін атап береді.

«Буынды өзгерт» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасыңдар.

Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-ғо, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, ца-на, чо-ро, ше-уе, хо-йо.

«Белгі бер» дидактикалық жаттығуы

Педагог балаларға ұяң (б) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (б) дыбысын естігенде, қол шапалақтап дыбыс береулері керек. Сол сияқты басқа ұяң в, г, ғ, д, ж, з дыбыстарымен ойнатылады.

Билингвалды компонент: дыбыс – звук.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттердегі заттарды ата. Әр сөздің бірінші дабысын ата. Егер сөз дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті қызыл, дауысты дыбыстан басталса, көк түспен боя.

2. Суреттерді ата. Үнді дауыссыз дыбыстардан басталған суретті көк қоржынға, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталған жасыл қоржынға сал. Сызықпен қос.

3. Суреттерге қара. Қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын заттың суретін қорша.

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Бір отырып, бір тұрып,
Біз бір дем алайық.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

5. Суретті бастыр.

Педагог қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Жеке жұмыс жүргізеді.

Саусақ жаттығуы

Қолымызды қайшы етіп,
Қағаздарды қиямыз.
Қиып-қиып аламыз,
Біз көңілді баламыз.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

- Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 17 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстар әлемі.

Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.

Міндеттері: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру.

2. Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру.

3. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді айтылған дыбыспен айтады.

Түсінеді: дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын.

Қолданады: дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады. Тыйым сөздерді сөз барысында қолданады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, суреттер.

Билингвалды компонент: аққу – лебедь, әтеш – петух, қаз – гусь, шағала – чайка.

ҰОҚ барысы.

1.Ұйымдастыру кезеңі

Педагог оқу қызметін «Не қалай дыбыстайды?» ойыны арқылы бастайды.

Балаларға сұрақтар қойылады, балалар жауап беріп, әр құстың даусын салады.

1. Әтеш қалай дыбыстайды? – ...
2. Қарға қалай дыбыстайды? – ...
3. Бұлбұл қалай дыбыстайды? – ...
4. Аққу қалай дыбыстайды? – ...
5. Торғай қалай дыбыстайды? – ...

Сұрақтарға дұрыс әрі жылдам жауап берген балаларға фишка беріледі.

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дауысты дыбыстар деген не?
- 2) Дауыссыз дыбыстар деген не?
- 3) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?
- 4) Қатаң дауыссыз дыбыстар қалай жасалады?
- 5) Ұяң дауыссыз дыбыстар ше?
- 6) Үнді дауыссыз дыбыстар ше?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.

«Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.

«Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.

Құстардың суреттерін *тақтаға іледі*.

– Балалар, қандай құстарды білесіңдер?

– Қарға, тоқылдақ т.б.

– Мен сендерге құстарға байланысты тақпақ үзінділерін оқимын. Ал сендер не туралы айтылғанын және қандай дыбыстан басталып, қай дыбыстың қайталанып тұрғанын табуларың керек. Қайталанып тұрған дыбыстың жуан дауысты ма, жіңішке дауысты ма, ұяң, үнді, қатаң дауыссыз дыбыстардың қайсысына жататынын анықтау.

Аққу – құстың төресі,

Ақ мамықтай денесі.

– Өлең не туралы және қай дыбыс көп қайталанып тұр?

– Дұрыс, [а] дыбысы.

– [А] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта?

– Жуан дауысты дыбыс).

– Дауысты дыбысты қалай белгілейміз?

– Қызыл түспен.

Педагог тақпақ оқиды.

Әтеш әнге басады,

Әтеш ұйқы ашады.

– [Ә] дыбысының қандай дыбысқа жататынын анықта?

– Жіңішке дауысты дыбыс.

– Дауысты дыбысты қалай белгілейміз?

– Қызыл түспен.

Га-га-га қыста тоңбайды,

Га-га-га талға қонбайды.

– [Г] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер.

– Ұяң дауыссыз дыбыс.

– Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз?

– Көк түспен.

Қарға-қарға қарғалар,

Қар үстінде жорғалар.

– Өлең не туралы, қай дыбыс қайталанып тұр?

– [Қ] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер.

– Қатаң дауыссыз дыбыс.

– Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз?

– Көк түспен.

Кекілік-ау, кекілік,

Кетіп қалма секіріп.

– Өлең не туралы, қай дыбыс қайталанып тұр?

– [К] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер.

– Қатаң дауыссыз дыбыс.

– Дауыссыз дыбысты қалай белгілейміз?

– Көк түспен.

Ителгі алмас күшті аңды,

Ителгі аулар тышқанды.

- Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр?
- [И] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер.

- Жіңішке дауысты дыбыс.
- Дауысты дыбысты қалай белгілейміз?
- Қызыл түспен.

Сауысқан-ау, сауысқан,
Сақтанасың дауыстан.

- Өлең не туралы, қай дыбыс қайталанып тұр?
- [С] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер.

- Қатаң дауыссыз дыбыс.

Тырау, тырау, тырналар,
Тамаша әнін тыңдап ал.

- Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр?
- [Т] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер.

- Қатаң дауыссыз дыбыс.

Шаңқ, шаңқ етіп шағала,
Шабәқ ілер жағада.

- Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр?
- [Ш] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. (Қатаң дауыссыз дыбыс).



Лашын көкте самғайды,
Лашын көкті шарлайды.

- Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр?
- [Л] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. (үнді дауыссыз дыбыс)

Педагог құстарға байланысты тыйым сөздермен таныстырады.

1. Құстың ұясын бұзба,
2. Ағашты сындырма.
3. Құстардың жұмыртқасын сындырма.
4. Құсқа тас лақтырма.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттердегі заттарды ата. Дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін -қа, дауыссыз дыбастан басталатын заттың суретін -қа сал.

2. Құстардың атын дыбыстық сызбаға қарай сәйкестендір. Сызықпен қос.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Дыбыстарды анықтайды, сандықтармен қосады.

Екінші тапсырмада сөздердегі дыбыс санын анықтап, тиісті сызбамен сәйкестендіреді. Мысалы, *қарға* сөзінде 5 дыбыс бар, қарғаның суретін 5 дыбысты сызбамен қосады.

Сергіту сәті

Қарлығаш болып ұшайық,
Торғай болып қонайық.
Сауысқан боп секіріп,

Тақылдақ боп шоқиық,
Кәне, қанат жазайық,
Қарлығаш боп ұшайық,
Ұшып-ұшып алайық,
Орнымызға қонайық.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Тыңда, орында.

4. Штрихта.

5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.

Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. мән ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Қолымызды қайшы етіп,
Қағаздарды қиямыз.
Қиып-қиып аламыз,
Біз көңілді баламыз.

3. Рефлексия

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

- Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 18 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Буын.

Мақсаты: сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру.

Міндеттері: 1. Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету.

2. Сөздердің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту.

3. Ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөздерді буынға бөледі.

Түсінеді: сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын.

Қолданады: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: қуыршақ Айгүл, № 1 жұмыс дәптері, суреттер.

Билингвалды компонент: буын – слог.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңберіне тұрғызу.

Балабақша – базарлы үй,
Ауылдағы ажарлы үй.
Шаттығы бар шуақты үй,
Өз үйіміз сияқты.

(Ә. Қонарбаев)

2. Негізгі бөлім.

Өткен тақырыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дауысты дыбыстар деген не?
- 2) Дауыссыз дыбыстар деген не?
- 3) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?
- 4) Қатаң дауыссыз дыбыстар қалай жасалады?
- 5) Ұяң дауыссыз дыбыстар ше?
- 6) Үнді дауыссыз дыбыстар ше?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.

«Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.

«Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.

Ғажайып сәт. Бүгін бізге Айгүл өзімен бірге суреттер ала келіпті. (Педагог суреттерді тақтаға іледі: лақ, қасқыр, бағдаршам).

Суреттен не көріп тұрсындар? Ал енді осы сөздерді сендерден алыста тұрған сияқты созып, айғайлап айтып көріңдер.

Балалар сөздерді айғайлап, созып айтады: лақ, қас-қыр, бағ-дар-шам.

Сөздерді қайталатқызады және буынға бөлдіртіп айтқызады.

– Дауысты дыбыстар буын құрайды. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Сөздерді созып, дауыстап айтқанда, сөздің қанша буынның тұратынын білуге болады.

– Буын – сөйлеу мүшелерінің тұтастай қимылынан пайда болған бір немесе бірнеше дыбыстың тіркесі. Дауысты дыбыс өз алдына тұрып та, төңірегіне дауыссыз дыбыстарды алып та буын құрайды.

Сөзде қанша буын бар екенін білу үшін, алақандарымызбен шапалақтаймыз. Педагог қолын шапалақтау арқылы лақ сөзін буынға бөледі, «лақ» деп бір рет шапалақтап, «лақ» сөзі бір буыннан тұратындығын түсіндіреді.

Педагог балаларға «қасқыр» сөзін буынға бөлдіреді. «Қас-қыр» сөзін екі рет шапалақтап айтады.

«Қасқыр» сөзі неше буыннан тұрады?

– Екі буыннан тұрады.

– Иә, екі буыннан тұрады екен, өйткені «қасқыр» сөзінде созылып айтылатын екі дауысты дыбыс бар.

Педагог балаларға «бағ-дар-шам» сөзін буынға бөлдіреді. Осы сөзде үш дауысты дыбыс бар екенін анықтатып, сондықтан бұл сөз үш буыннан тұратындығын түсіндіреді.

Буынға тән негізгі белгілері:

- 1) Дауыссыз дыбыс буын болмайды.
- 2) Дауысты дыбыстың өзі де буын бола алады (а-та, а-па)
- 3) Бір буында бір ғана дауысты дыбыс болады.
- 4) Сөздің құрамында қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.

Буынды қол шапалақтау арқылы көрсетуге үйрету.

– Балалар, мен сендерге бір, екі, үш буынды сөздерді айтамын, сендер менімен бірге шапалақтау арқылы буынға бөліп, қайталап отырыңдар.

Бір буынды сөздер: ақ, ат, бақ, бас, доп, тас, топ т.б.

Екі буынды сөздер: ал-ғыс, а-дал, а-дым, а-зат, ай-бын, ай-на, жа-зық, жаң-быр т.б.

Үш буынды сөздер: а-за-мат, бал-мұз-дақ, бас-пал-дақ, кө-гіл-дір, сыр-ға-нақ т.б.

Дидактикалық ойын: «Кім көп сөз біледі?»

Шарты: әр балаға түрлі түсті қаламдары немесе санамақтар, бос стақан беріледі. Сөз айтқан бала, сөзді буынға бөліп, айтқан әр сөзіне бір қаламнан стақанға салып отыруы керек. Бір сөз екі рет қайталауға болмайды.

Ойлаған сөздерін буынға бөлгізу.

Билингвалды компонент: буын – слог.

«Сөз жарыс» дидактикалық ойыны

– Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет.

Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады).

Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерге қара. Жануарлардың атын буынға бөл.

2. Бір буынды зат атауларын белгіле.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.

Сергіту сәті

Кірпі орманды
Аралайды кезеді.
Қара тұмсық мұрыны
Иісті жақсы сезеді.
Тікенекті инесімен
Жемістерді тереді.
Жинап алып азығын,
Әне, кірпі келеді.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. мен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Саусақтар шықты қыдырып,
Балетке келді жүгіріп.
Залдың шамы сөнеді,
Бишілер билеп береді.
Балет қандай тамаша!
Қол соғайық таласа.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Буында неше дауысты дыбыс болады?

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

- Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 19 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері.

Тақырыбы: Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз.

Мақсаты: буын туралы түсініктерін қалыптастыру.

Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлуді үйретуді жалғастыру.

2. Суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.

3. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөздерді буынға бөледі.

Түсінеді: буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсетуді.

Қолданады: буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, сызғыштың суреті.

Билингвалды компонент: сызғыш – линейка.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог оқу қызметін «Жалпы атауын айт» ойынымен бастайды.

– Балалар, мен сөздер айтамын, сендер мүдірместен және тез жалпы атауын атауларың керек.

1. Үтік, шаңсорғыш, тоңазытқыш – ... (*тұрмыстық құралдар*)

2. Анар, Жанар, Фаридә – ... (*адам есімдері*)

3. Тақия, орамал, тымақ – ... (*баскиім*)

4. Етік, бөтеңке, кроссовки – ... (*аяқкиім*)

5. Дәптер, өшіргіш, сызғыш – ... (*мектеп құралдары*)

Балаларды мақтап, мадақтау.

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дауысты дыбыстар деген не?

2) Дауысты дыбыстар қалай белгіленеді?

3) Дауыссыз дыбыстар деген не?

4) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?

5) Буында неше дауысты дыбыс болады?

6) Дауысты дыбыссыз буын болады ма?

7) Дауысты дыбыстың өзі буын буын құрай алады ма?

8) Қандай дыбыстар буын құрайды?

9) Буында мағына болады ма?


10) Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.

– Сөздерді созып, дауыстап айтқанда, сөздің қанша буынның тұратынын білуге болады. Буын – бір немесе бірнеше дыбыстың тіркесі. Дауысты дыбыс өз алдына тұрып та, төңірегіне дауыссыз дыбыстарды алып та буын құрайды.

Педагог сызғыштың суретін көрсетіп, осы сөзді буынға бөлдіреді.


– Сыз-ғыш – екі буын.

– Балалар, сендер сөзді тіктөртбұрышпен белгілейтінімізді білесіңдер. Сөзді буынға бөлу үшін, осы тіктөртбұрышты сызықшалармен бөлеміз. Буындардың жазылуын сызба түрінде былай көрсетеді (тақтаға сызып көрсетеді немесе сызбасын іледі): сыз-ғыш.




Педагог суреттерді көрсетіп, осы сөздерді буынға бөлдіреді.

ө-шір-гіш



кі-тап



Тіктөртбұрыш сөзді білдіреді, ал сөзде неше буын болса, төртбұрышты сонша бөлікке жоғарғы жағын сәл шығарып бөлеміз.

Билингвалды компонент: сызғыш – линейка.

Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру».

Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады.

– Өзімнің үлкен бауырым ... (*а-ға*)

– Қыз құлағындағы әшекей ... (*сыр-ға*)

– Ат тұяғындағы темір ... (*та-ға*)

– Қап-қара құс ... (*қар-ға*)

– Шегені қағатын ... (*бал-ға*)

– Ең үздік баға ... (*бес*)

– Білім алатын құрал ... (*кі-тап*)

– Дәптерге жазатын ... (*қа-лам-сап*).

Өздерің жалғастырған сөздерді буынға сызба арқылы көрсетейік. Балалар тақтада жұмыс жасайды.

Дәптермен жұмыс

1. Сөздерді буынға бөліп айт.

2. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.

Сергіту сәті

Дөңгелене тұрамыз,
Керегені құрамыз.
Уықтар боп иіліп,
Шаңыраққа киіліп,
Достық үйін құрамыз.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Штрихта.

5. Үзік сызықтарды қос.

Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен –

басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. мен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Қолды алға созамыз,
Алақанды бұрамыз.
Алақанның сыртымен
Шапалақты ұрамыз.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

- Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 20 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Буынға бөлейік.

Мақсаты: сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыру.

Міндеттері: 1. Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету.

2. Сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру.

3. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөздерді буынға бөледі. Буындарды бөліп жеке айтады.

Түсінеді: бір буында бір дауысты дыбыс барын.

Қолданады: сөздегі буынның екінші жартысын табады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, қуыршақ Айсұлу, ұсақ жалаушалар.

Билингвалды компонент: үйрек – утка, бүркіт – орел, қарға – ворона, торғай – воробей, тырна – журавли.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңберіне тұрғызу.

Балабақша – базарлы үй,
Ауылдағы ажарлы үй.
Шаттығы бар шуақты үй,
Өз үйіміз сияқты.

(Ә. Қонарбаев)

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дауысты дыбыстар деген не?
- 2) Дауысты дыбыстар қалай белгіленеді?
- 3) Дауыссыз дыбыстар деген не?
- 4) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?
- 5) Буында неше дауысты дыбыс болады?
- 6) Дауысты дыбыссыз буын болады ма?
- 7) Дауысты дыбыстың өзі буын буын құрай алады ма?
- 8) Қандай дыбыстар буын құрайды?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.

«Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.

«Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу.

Осылай 10–15 рет қайталау.

– Балалар, бүгін бізге Айсұлу қуыршақ қонаққа келіпті.

«Өз атыңды буынға бөл» ойын-жаттығуын ойнатады.

Сендерден өзінің атын буынға бөліп беруін сұрап отыр.

– Енді Айсұлу сөзі неше буыннан тұрады екен, ойлап көрелік: Ай-сұ-лу.

– Бірінші буынын кім айтады?

– Бірінші буыны – Ай.

– Екінші буыны – -сұ.

– Үшінші буыны – -лу.

– Дұрыс, үш буыннан тұрады.

– Себебі үш дауысты дыбыс бар.

Балалар өз аттарын буынға бөліп айтып береді.

Дауысты дыбыс жеке өзі ғана бір буын құрай алады.

Мысалы: А-рай, А-сыл.

«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы

Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап, айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу.

Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар.

Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу.

Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды.

Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын).

Мысалы: үй-рек, бүр-кіт, қар-ға, тыр-на, тор-ғай, та-бақ, ә-тепеш, же-лім, қа-газ, қай-шы, қа-лам, кі-тап.

Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос.

2. Суреттерді ата. Буынға бөл. Сөздер неше буыннан тұратынын айт.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.

Сергіту сәті

Ұшты-ұшты құлын ұшты.
Ұшты-ұшты мұрын ұшты.
Ұшты-ұшты кептер ұшты.
Ұшты-ұшты дәптер ұшты.
Ұшты-ұшты қарға ұшты.
Ұшты-ұшты арба ұшты.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Үзік сызықтарды бастыр.

5. Бастыр.

Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. мен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Алақанды ысқылап,
Қыздырайық, балақай.
Алақаның ысыды,
Қараңдаршы, алақай!

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

– Оқу қызметінде не үйрендіңдер, не білдіңдер?

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 21 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Ойнай отырып оқимыз

Мақсаты: буындардан сөз құрауға үйрету.

Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру.

2. Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту.

3. Шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: жұмбақтарды шешеді, сөздерді буынға бөледі. Буындардан сөз құрайды.

Түсінеді: бір буында бір дауысты дыбыс болатынын.

Қолданады: сөздерді буынға бөлу.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, көркем суреттер.

Билингвалды компонент: жұмбақ – загадка, болады – можно, болмайды – нельзя.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңберіне тұрғызу.

Кел, балалар, күлейік,
Күлкіменен түлейік.
Күлкі көңіл ашады,
Күліп өмір сүрейік.

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дауысты дыбыстар деген не?
- 2) Дауысты дыбыстар қалай белгіленеді?
- 3) Дауыссыз дыбыстар деген не?
- 4) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?
- 5) Буында неше дауысты дыбыс болады?
- 6) Дауысты дыбыссыз буын болады ма?
- 7) Дауысты дыбыстың өзі буын буын құрай алады ма?
- 8) Қандай дыбыстар буын құрайды?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау.

«Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.

«Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.

– Балалар, «Болады, болмайды» дидактикалық ойынын ойнаймыз. Мен сендерге өлең жолдарын оқимын.

Мен өлеңдегі сөйлемді бастаймын, ал сендер «болады» немесе «болмайды» деп сөйлемді аяқтайсыңдар.

Күйші болуға ... (болады),
Биші болуға ... (болады),
Ерке болуға ... (болмайды).
Серке болуға ... (болмайды),
Пысық болуға ... (болады).
Кішік болуға ... (болады),
Әкім болуға ... (болады).
Ақын болуға ... (болады),
Маман болуға ... (болады).
Жаман болуға ... (болмайды),
Айтпақшы,
Жаман болуға ... (болмайды).

(Қадыр Мырза Әли)

– Жарайсыңдар, балалар, сендер ненің болатынын, ненің болмайтынын жақсы біледі екенсіңдер.

«Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы

Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады.

Буынға бөлуге болатын сөздер: *күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман.*

Ғажайып сәт.

Педагог топқа қоржын алып кіреді.

– Балалар, бізге Жұмбақпай ата бір қоржын жұмбақтар беріп жіберіпті. Жұмбақпай атаның шарты бойынша жұмбақ жауаптарын буынға бөліп айтуымыз керек.

Жұмбақтар

Кір қоқысты сүймейді,
Сыртқа қуып сүйрейді.

(*Сы-пыр-ғыш*)

Жіп-жіңішке денесі,
Ортасында шегесі.

(*Қа-рын-даш*)

Екі аяқты бірізді,
Адам мініп жүргізді.

(*Ве-ло-си-пед*)

Екі басты айдаһар,
Бәрін қырып жояды.
Екі аяқпен жер тіреп,
Қағазды жеп қояды.

(*Қай-шы*)

Шайнасаң жағың талады,
Тісіңнің кірін алады.

(*Са-ғыз*)

Қабат-қабат қаттама,
Ақылың болса аттама.

(*Ki-tan*)

Балалар жұмбақтарды шешеді. Педагог суреттерін тақтаға іледі. Балалар сызба бойынша сөздерді буынға бөледі.

Билингвалды компонент: жұмбақ – загадка, болады – можно, болмайды – нельзя.

«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны

Шарты: педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады.

те *-(геш)*, те *-(рек)*, те *-(мір)*, те *-(сік)*, те *-(тік)*.

ор *-(та)*, ор *-(ман)*, ор *-(ақ)*.

өр *-(мек)*, өр *-(кеш)*, өр *-(ле)*, өр *-(мек-ші)*

«Буынды қос» дидактикалық ойыны

– Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады.

Мысалы: (*ас+паз, кі+тан, ба+лық, ба+ла*). Ойынды өзгертуге болады.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл.

2. Буынға бөл. Неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қос.

Сергіту сәті

Робот

Шалқаямыз артқа, аспанға қараймыз,
Аспанға қараймыз, жұлдызды санаймыз.
Басымызды енді алдыға иеміз,
Қозғалмайды қол мен аяқ, денеміз.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Штрихта

5. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Бір, екі, үш,
Кәне, жина күш.
Саусақтарды басайық,
Жаттығуды жасайық.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

– Оқу қызметінде не үйрендіңдер, не білдіңдер?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 22 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау.

Мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.

Міндеттері: 1. Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру.

2. Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дамыту.

3. Тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетінін.

Қолданады: сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері

Билингвалды компонент: дыбыстық талдау – звуковой анализ.

№ ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Артығын тап» ойынын ұйымдастыру.

1. Ара, өрмекші, маса, көбелек, аю. (аю)

2. Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. (сауысқан)

3. Мысық, түлкі, аю, қасқыр. (мысық)

4. Колғап, көйлек, шалбар, етік. (көйлек)

5. Май, шай, нан, қант, қасық. (*қасық*)

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дауысты дыбыстар деген не?
- 2) Дауысты дыбыстар қалай белгіленеді?
- 3) Дауыссыз дыбыстар деген не?
- 4) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?
- 5) Буында неше дауысты дыбыс болады?

– Балалар, біз бүгін үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйренеміз.

Педагог балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды түсіндіреді.

1. Ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек.
2. Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін анықтауымыз керек.
3. Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтау.
4. Дауысты дыбыстардың жуан, немесе жіңішке екенін анықтау керек.
5. Дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді екенін анықтау керек.

Педагог дыбыстық талдау барысында сызбада дауысты дыбыстарды қызыл дөңгелекпен, дауыссыз дыбыстарды көк дөңгелекпен белгілейтінін естеріне түсіреді.

Педагог жұмбақ жасырады.

Аяз қысып,
Өрнек сызып,
Терезені торлайды.
Қарға омбығып,
Бет домбығып,
Сырғанап балалар ойнайды. /Қыс/

– **Қыс** сөзіне дыбыстық талдау жасайық.

Педагог тақтаға **қыс** сөзінің сызбасын іледі.

– Балалар мен **қыс** сөзіндегі дыбыстарды кезек-кезек оқимын, ал сендер дыбысты анықтап, тиісті дөңгелектермен белгілеп отырыңдар.

- **Қыс** сөзінде неше буын бар?
- Дұрыс айтасындар, бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар.
- **Қыс** сөзінде барлығы неше дыбыс?
- Үш дыбыс екен.
- Бірінші дыбысы қандай дыбыс?
- Бірінші дыбысы – «қ» дыбысы.
- «Қ» дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па?
- «Қ» дыбысы – дауыссыз қатаң дыбыс, өйткені айтылғанда, тек салдырдан жасалады.
- Қандай түспен белгілейміз?
- Иә, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.

Педагог екінші дыбысты айқындап **қыыыс** сөзін оқиды.

– «Ы» дыбысы, дауысты ма, дауыссыз ба?
– Дұрыс айтасындар, дауысты дыбыс. Дауысты жуан дыбыс па, әлде жіңішке дыбыс па?

– Жуан дауысты дыбыс, өйткені [*ы*] дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылып, үсті дөңестеледі, бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарап дауысты жуан дыбысқа жатқызамыз. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз.

Педагог «**қыссс**» сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды.

– Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр?

- Дұрыс айтасындар, «с» дыбысы естіліп тұр.
- «С» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?
- «С» дыбысы дауыссыз дыбыс.
- Қандай дауыссыз дыбыс қатаң дауыссыз ба, ұяң дауыссыз ба, үнді дауыссыз ба?
- «С» дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс, айтылғанда тек салдырдан жасалады.
- Сызбада қандай түспен белгілейміз?
- Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.

Қыс – 1 буын, 3 дыбыс.

Дәптермен жұмыс

1. Бұл жылдың қай мезгілі? Дыбыстық талдау жаса.

- Балалар, «қар» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.

Педагог тақтаға «қар» сөзінің сызбасын іледі, балалар дәптердегі сызба бойынша жұмыс жасайды.

Педагог балаларға сызбадағы әр төртбұрышты көрсете отырып «қар» сөзін оқиды.

– Балалар мен «қар» сөзіндегі дыбыстарды кезек-кезек оқимын, ал сендер дыбысты анықтап, тиісті дөңгелектермен белгілеп отырыңдар.

- «Қар» сөзінде неше буын бар?
- Дұрыс айтасындар, бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар.
- «Қар» сөзінде барлығы неше дыбыс?
- Үш дыбыс екен.
- «Қар» « бірінші дыбыс қандай дыбыс?
- Иә, бірінші дыбыс – «к» дыбысы.
- «Қ» дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па?
- «Қ» дыбысы дауыссыз қатаң дыбыс, өйткені айтылғанда тек салдырдан жасалады.
- Қандай түспен белгілейміз?
- Иә, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.

Педагог екінші дыбысты айқындап *қааар* сөзін оқиды.

– «А» дыбысы, дауысты ма, дауыссыз ба?

– Дауысты дыбыс.

– Дауысты жуан дыбыс па, әлде жіңішке дыбыс па?

– Жуан дауысты дыбыс, өйткені [а] дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылып, үсті дөңестеледі, бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарап дауысты жуан дыбысқа жатқызамыз. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз.

Педагог «қаррр» сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды.

- Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр?
- Дұрыс айтасындар, «р» дыбысы естіліп тұр.
- «Р» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?
- «Р» дыбысы – дауыссыз дыбыс.
- Қандай дауыссыз дыбыс қатаң дауыссыз ба, ұяң дауыссыз ба, үнді дауыссыз ба?
- «Р» дыбысы үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн басым, айтылу кезінде дауыс ырғағын өзгертуге келеді.
- Сызбада қандай түспен белгілейміз?
- Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. *Қар* –1 буын, 3 дыбыс

Билингвалды компонент: дыбыстық талдау – звуковой анализ.

Сергіту сәті

Оңға, оңға түзу тұр,
Солға, солға түзу тұр.
Артқа қарай бір адым,
Алға қарай бір адым.

Жоғары-төмен қарайық,
Орнымызды табайық.

Дәптермен жұмыс

2. Суреттегілер дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті қызыл түспен, дауыссыз дыбыстан басталса, көк түспен бояңдар.

4. Штрихта.

5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Алақанды ысқылап,
Қыздырайық, балақай.
Алақаның ысыды,
Қараңдаршы, алақай!

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балалардың жетістіктерін ауызша бағалайды, мақтайды.

– Балалар, бүгінгі оқу қызметінен алған әсерлерің қандай? Дыбыстық талдау жасау сендерге ұнады ма?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 23 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау.

Мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.

Міндеттері: 1. Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту.

2. Сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту.

3. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді.

Қолданады: сызбаға сәйкес сөзді анықтайды.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, қоржын.

Билингвалды компонент: секіртпе – скакалка.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Заттың жекеше түрін айт» ойынын балалармен ұйымдастыру.

1. Ұлдар – ұл.
2. Торғайлар – ... (*торғай*)
3. Көбелектер – ... (*көбелек*)
4. Таулар – ... (*тау*)
5. Жапырақтар – ... (*жапырақ*)

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дауысты дыбыстар деген не?
- 2) Дауысты дыбыстар қалай белгіленеді?
- 3) Дауыссыз дыбыстар деген не?
- 4) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?
- 5) Буында неше дауысты дыбыс болады?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

«Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.

«Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

«Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

«Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы

Педагог дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.

Педагог балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды түсіндіреді.

1. Ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек.
2. Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін анықтауымыз керек.
3. Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтау.
4. Дауысты дыбыстардың жуан, немесе жіңішке екенін анықтау керек.
5. Дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді екенін анықтау керек.

Педагог **доп, шар** сөздерінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі. Екі бала тақтада **доп, шар** сөздеріне дыбыстық талдау жасайды. Қалған балалар орындарында талдау жасайды, қателескендер тақтамен тексеріп, қателерін түзейді.

– **Шар** сөзін баяу айтып, сөздегі әр дыбыстық дыбысталуына назар аударындар.

– **Шар** сөзінде неше буын бар?

– Дұрыс айтасындар, бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар.

– **Шар** сөзінде барлығы неше дыбыс?

– Үш дыбыс екен.

– **Шшшар** бірінші дыбыс қандай дыбыс?

– Иә, бірінші дыбыс – ш дыбысы.

– Ш дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па?

– Ш дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс, өйткені айтылғанда тек салдырдан жасалады.

– Қандай түспен белгілейміз?

– Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.

Педагог екінші дыбысты айқындап **шаар** сөзін оқиды.

– А дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?

– Дұрыс айтасындар, дауысты дыбыс. Дауысты жуан дыбыс па, әлде жіңішке дыбыс па?

– Жуан дауысты дыбыс, өйткені [a] дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылып, үсті дөңестеледі, бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарап дауысты жуан дыбысқа жатқызамыз. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз.

Педагог «шаррр» сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды.

- Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр?
- Дұрыс айтасыздар, «р» дыбысы естіліп тұр.
- «Р» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?
- «Р» дыбысы дауыссыз дыбыс.
- Қандай дауыссыз дыбыс қатаң дауыссыз ба, ұяң дауыссыз ба, үнді дауыссыз ба?
- «Р» дыбысы үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн басым, айтылу кезінде дауыс ырғағын өзгертуге келеді.
- Сызбада қандай түспен белгілейміз?
- Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.

Шар – 1 буын, 3 дыбыс.

Осы үлгі бойынша **доп** сөзіне дыбыстық талдау жасатылады.

Д – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.

О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз.

П – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.

Доп – 3 -дыбыс, 1 буын.

Сергіту сәті

Биле, биле, балақай

Бір, екі, үш, төрт
Біз билейміз күш көп.
Бес, алты, жеті, сегіз
Ән менен би егіз.
Қолдармен биле, аяқты серме.
Билейік айнала, бос тұрма қайтала!

Дәптермен жұмыс

1. Айсұлудың ойыншықтарын ата. Дауысты дыбыстан басталатын ойыншықтарды қызыл түсті қарындашпен, дауыссыз дыбыстан көк қарындашпен қорша.

2. **Доп** сөзінің дыбыстық талдауын анықта. Сызықпен қос.

4. Штрихта.

5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Саусақтар шықты қыдырып,
Балетке келді жүгіріп.
Залдың шамы сөнеді,
Бишілер билеп береді.
Балет қандай тамаша!
Қол соғайық таласа.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

- Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 24 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау

Мақсаты: дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру.

Міндеттері: 1. Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту.

2. Графикалық жұмысты орындау кезінде әртүрлі құрылымды сызықтарды өрнек бойынша, сұлба бойымен қолды көтермей, үзбей жаза білу қабілеттерін дамыту.

3. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, көркем суреттер.

Билингвалды компонент: тал – ива.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы оқу қызметін бастайды. Педагог қойған сұрақтардың жалпы атауын балалар жылдам, әрі дұрыс айтып отырулары керек.

1. Нұр-Сұлтан, Алматы, Тараз – ... (*қалалар*)

2. Ертіс, Еділ, Жайық, Іле – ... (*өзендер*)

3. Ту, гимн, елтаңба – ... (*рәміздер*)

4. Мұғалім, дәрігер, аспазшы – ... (*мамандар*)

5. Кітап, дәптер, портфель – ... (*мектеп құралдары*)

Дұрыс жылдам жауап берген балаларды педагог мақтап мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Қандай дыбыстар болады?

2) Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз?

3) Дауыссыз дыбыстар қаншаға бөлінеді?

4) Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?

5) Сөздерді буынға қалай бөлеміз?

6) Буынды қалай белгілейміз?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«*Күрекше*» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

«*Ине*» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.

«*Төбешік*» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

«*Түтікше*» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

«Кім білгіш?» дидактикалық ойыны

Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, 2, н, е, ш, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, 3, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.

Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.

- Дауысты дыбыстарға қызыл текше;

- дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады.

«Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны.

Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады.

1-тапсырма. Педагог балаларға «д» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.

– Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б.

2-тапсырма. Педагог балаларға «м» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.

– Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б.

3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.

– Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б.

Педагог бір баланы тақтаға «тал» сөзіне дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында жасайды.

«Тал» сөзінің дыбыстық талдауы.

[Т] дыбысы тек салдырдан жасалады, тіл тіске тиіп, кері қайтады, үн мүлде шықпайды сондықтан қатаң дауыссыз дыбыс. Көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.

[А] дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылады, үсті дөңестеледі. Бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарай жуан дауысты дыбыс. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді.

[Л] – үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн басым, айтылу кезінде дауыс ырғағын өзгертуге келеді.

л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.

«Тал» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

Сергіту сәті

Кәнеки, отырып бәріміз,
Желкеге қолды қоямыз.
Арқаны кеңге сап жатамыз,
Көз жұмып қиялға батамыз.
Табиғат көрікті тамаша,
Қиялмен көз жұмып қараса.
Бұлақтың сыңғырын естиміз,
Гүлдерді иіскейміз таласа.
Бакшада бұлбұлдар сайрайды,
Аспанда ақ бұлттар ойнайды.
Қызылды-жасылды көбелек,
Ұшудан қанаты талмайды.
Көреміз төгілген күн нұрын,
Керемет ерекше күн бүгін.
Ақырын қозғалып орнынан,
Кәнеки, тұрады кім бұрын?

Дәптермен жұмыс

1. Қай түс атауында **ң** дыбысы естіледі? Белгіле.
2. Дыбыстық талдау жаса.
4. Үзік сызықтарды бастыр. Нелердің суреті шықты?

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Партадағы саусақтар
Адымдайды, жүреді.
Өнерлі бұл саусақтар
Сурет сала біледі.

Ортанғы мен сұқ саусақ
Түйекұсты салады.
Төңкеріліп аспанға,
Қоян да бола қалады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

- Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 25 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау.

Мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауын одан әрі жетілдіру.

Міндеттері: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.

2. Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту.

3. Тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, көркем суреттер, көк түсті төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш.

Билингвалды компонент: ертегі – сказка.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Телефон» дидактикалық ойынын ойнатады.

Ойын шарты: балалар, бір-бірінің құлағына сыбырлау арқылы айтылған сөзді басқа балаға жеткізеді. Егер ойын барысында сөзді кімде-кім дұрыс естімей қате естіп, сөзді шатастырып алса, «айыбын» төлейді.

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Қандай дыбыстар болады?
- 2) Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз?
- 3) Дауыссыз дыбыстар қаншаға бөлінеді?
- 4) Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- 5) Сөздерді буынға қалай бөлеміз?
- 6) Буынды қалай белгілейміз?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«**Күрекше**» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

«**Ине**» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.

«**Төбешік**» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

«**Түтікше**» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

Дыбыстармен жұмыс.

«Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы

Балалар мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын көтересіңдер. Мысалы: *тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, бал, жал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз, төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сүт, үкі, би, қи, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай* т.б.

«Кім алғыр» дидактикалық ойыны

– Балалар, алдарыңда көк түсті төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш бар. Мен сендерге дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дыбыс қатаң болса, көк төртбұрышты, ұяң болса, көк дөңгелекті, үнді болса, көк үшбұрышты көтересіңдер.

Мысалы: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, һ, ф, х, ц, ч, ш, у.

Дәптермен жұмыс

1. Суретке қара. Үш дыбыстан тұратын сөздерді ата.

(Мая, тай, лақ, құс, шөп, әже, тал, нар, ала.)

2. Дыбыстық талдау жаса.

Педагог балаларға жұмыс дәптерлеріне дыбыстық талдау жасайтындарын айтады.

Әже, нар, тай суреттері астына дыбыстық талдау жасайды.

– Балалар, біз бүгін дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдауды жасауды жалғастырайық. Педагог балаларды кезекпен тақтаға шығарып, дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында дыбыстық талдау жасайды. Қателескен жерлерін тақтадағы сызбамен түзейді.

«Әже» сөзінің дыбыстық сызбасын педагог тақтаға іледі.

– «Әже» сөзінде 2 буын, 3 дыбыс бар.

Бірінші дыбыс – ә жіңішке дауысты, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейік.

Екіншісі – ж ұяң, дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.

Үшіншісі – е жіңішке дауысты, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді.

Педагог «тай» сөзінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі.

Тай – 1 буын, 3 дыбыс.

Бірінші дыбыс – т қатаң дауыссыз дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді.

Екіншісі – а жуан дауысты дыбыс, қызыл дөңгелекпен белгіленеді.

Үшіншісі – й үнді дауыссыз дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді.

Педагог «нар» сөзінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі.

Нар сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

Н – үнді дауыссыз дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл дөңгелекпен белгіленеді.

Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді.

Сергіту сәті

Біздер енді шегірткеміз,
Қос аяқтың ұшымен секіреміз.
Секіреміз ыршып-ыршып,
Алға қарай ыршып түсіп,
Абайлап жан-жаққа қарап отырамыз.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Үзік сызықтарды бастыр.

5. Бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Бір, екі, үш,
Кәне, жина күш.
Саусақтарды басайық,
Жаттығуды жасайық.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 26 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау.

Мақсаты: дыбыстық талдау жасаулары одан әрі жетілдіру.

Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.

2. Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.

3. Дербес жұмыс істеу алуға еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, көркем суреттер.

Билингвалды компонент: нан – хлеб.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог оқу қызметін балалармен «Жалпы атауын ата» ойынын ойнату арқылы бастайды.

1. Алмұрт, алма, жүзім – ... (*жемістер*)
2. Сәбіз, бұрыш, қарбыз – ... (*көгөністер*)
3. Қайың, терек, шырша – ... (*ағаштар*)
4. Қаңтар, ақпан, желтоқсан – ... (*қыс айлары*)
5. Қыргүйек, қазан, қараша – ... (*күз айлары*)

Педагог жылдам, әрі дұрыс жауап берген балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыстар қандай екі топқа бөлінеді?
- 2) Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 3) Дауысты дыбыстар қандай топтарға бөлінеді?
- 4) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 5) Дауыссыз дыбыстар қандай топтарға бөлінеді?

«Туістісін көтер» дидактикалық ойыны

Педагог дауысты жуан және жіңішке дыбыстарды айтады, балалар қандай дыбыс екенін ажыратып, дауысты жуан дыбысқа сары түсті дөңгелекті, дауысты жіңішке дыбыстарға қызғылт сары түсті дөңгелекті көтереді. Мысалы: жуан дауысты дыбыстар – *а, о, ұ, ы, у*; жіңішке дауысты дыбыстар – *ә, ө, е, э, і, и, ү, у*.

«Сөздерді буынға бөл» дидактикалық ойыны

– Мен суреттерін көрсетіп, сөздер айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді буынға шапалақтау арқылы бөліңдер.

Мысалы: *та-қи-я, ба-лет, та-ма-ша, ба-қа, жол-ба-рыс, тұл-кі, мон-шақ, ал-ма, а-пель-син, ба-нан, қам-шы, қа-лам, та-на, тү-йе, ба-ла, қар-ға, са-уыс-қан, сый-лық, шал-ма, қол-ты-рау-ын, жыл-қы, көй-лек, шал-бар, ты-мақ, қар-быз, бал-мұз-дақ, ұ-шақ, ке-ме, ва-гон, ша-на, шал-ғы, кі-лем т.б.*

Дәптермен жұмыс

1. Суреттен қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата.

Ферма, сиыр, сүт, қоян, сөре, қора, күнбағыс, комбайн, камаз, тал, шөп, сауыншы, қызанақ, қияр, пияз, сәбіз, фляга т.б.

- Бүгін біз дыбыстық талдауды жасауды жалғастырамыз.
- Дыбыстық талдауды қалай жасайтын едік, бірінші сөзден нені анықтауымыз керек?
- Әрине, балалар, дұрыс айтасындар, сөзде неше буын бар, соны анықтап алады екенбіз.
- Содан кейін не істейміз?
- Сөздегі дыбыстарды жеке-жеке талдап, жасалуына қарай қандай дыбысқа жататынын анықтаймыз. Сызбаға әр дыбысты өз белгісімен көрсетеміз.

Педагог тақтаға «нан» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі. Тақтаға балаларды кезекпен дыбыстық талдау жасауға шақырады.

Қалған балалар орындарында орындайды.

Нан сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

Н – үнді дауыссыз, өйкені созып әндетіп айтылмайды, салдырға қарағанда үн басым, бәсең үн бар. Сызбада көк дөңгелекпен белгілеп көрсетеміз.

a – жуан дауысты, дауыстап әндетіп айтуға болады. Жуан дыбысқа жатқызамыз өйкені *a* дыбысын айтқанда тілдің үсті дөңестеліп, кері шегінеді. Қызыл дөңгелекпен белгіленеді.

n – үнді дауыссыз дыбыс. Көк дөңгелекпен белгілейміз.

Билингвалды компонент: нан – хлеб.

Сергіту сәті

Алтын айдарлы әтеш оянды,
Тым ерте тұрыпты,
Ойқастап жүріпті,
Жан-жақа қарапты,
Айдарын тарапты.
«Қо-қо-қ-о», – депті,
Қорада ойранды салыпты,
Бір тауық қайран қалыпты,
Секіріп, секіріп айғайлап,
Шарбаққа қоныпты.

Дәптермен жұмыс

2. Дыбыстық талдау жаса.

4. Штрихта.

5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Саусағымыз айқасып,
«Жеңемін» деп шайқасып.
Бірін-бірі тартады,
Білекке сенім артады.

3. Рефлексия

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 27 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау

Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.

Міндеттері: 1. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру.

2. Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту.

3. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа зиян екенін түсіндіріп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын түсінеді.

Қолданады: дыбыстықтарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш, қызыл, көк түсті жалаушалар.

Билингвалды компонент: лақ – козленок.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңберіне тұрғызу.

Бір-біріне жақсы сөздер айтады.

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыпты қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыстар деген не?
- 2) Дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 3) Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 4) Қандай-қандай болып бөлінеді?
- 5) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 6) Олар қалай аталады?

Тіл ұстарту

Ба-ба-ба,
Бақылдайды бақа.
Ыс-ыс-ыс,
Келді, міне, қыс.
Оп-оп-оп,
Балалар ойнады доп.
Жау-жау-жау,
Желбіреп тұр жалау.
Ой-ой-ой,
Қорада тұр қой.
Ай-ай-ай,
Ұшып кетті торғай.
Ай-ай-ай,
Жайылып жүр тай.
Ға-ға-ға,
Ұшып кетті қарға.

«Кім зерек» дидактикалық ойыны

– Балалар, көк түсті тұртбұрышты, дөңгелекті, үшбұрышты алдыларыңа алыңдар. Мен сендерге қатаң дыбысты айтсам, төртбұрышты, ұяң дыбысты айтсам, дөңгелекті, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, үшбұрышты көтересіңдер.

Мысалы: қатаң дыбыстар: *п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч, щ.*

Ұяң дыбыстар: *б, в, г, ғ, д, ж, з.*

Үнді дыбыстар: *й, л, м, н, ң, р, у.*

«Жалауша» дидактикалық ойыны

– Балалар, мен сендерге дыбыс айтып, сол дыбысы бар сөздерді айтамын. Егер дыбыс сөз басында болса, қызыл жалаушаны, сөз соңында болса, көк жалаушаны, сөз ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер.

Мысалы: (Е) *етік, керік, себет, серке, Берік, ет, ер, елік, текемет, ел, тер, Ерлан, тәрелке, ешкі, күлтеше, жүрек, тірек, бәтеңке, есік* т.б.

(Ә) *әтеш, бәтеңке, бәсіре, бәліш, әтір, әңгелек, әміре, Кәмила, Кәмишат, әйнек, мәсі* т.б.

(Ұ) *ұршық, ұлу, ұшақ, ұзын, құмыра, ұн, құндыз, құлып, Ұлжан, ұлпа, құс, ұрыс, ұрық, ұмыт, ұқыпты, құм* т.б.

Дәптермен жұмыс

1. Зат атауларындағы **н** дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк түспен боя.

2. Дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін қызыл сандыққа, дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін көк сандыққа сал.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.

3. Дыбыстық талдау жаса.

Педагог «*лақ*» сөзінің сызбасын тақтаға іледі.

Бір баланы тақтаға жұмыс жасауға шақырады. Қалған балалар орындарында жасайды. Дыбыстық талдау жасау барысында әр дыбысты жеке-жеке дыбыстап айтуға тапсырма беріледі.

«*Лақ*» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

Л – үнді дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл дөңгелекпен белгіленеді.

Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді.

Педагог «*гүл*» сөзінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі.

«*Гүл*» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

Г – ұяң дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.

Ү – жіңішке дауысты, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді.

Л – үнді дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.

«*Тор*» сөзінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі.

«*Тор*» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді.

О – жуан дауысты дыбыс, қызыл дөңгелекпен белгіленеді.

Р – үнді дауыссыз дыбыс көк түсті дөңгелекпен белгілейміз.

Сергіту сәті

Оңға, оңға түзу тұр,
Солға, солға түзу тұр.
Артқа қарай бір адым,
Алға қарай бір адым.
Жоғары-төмен қарайық,
Орнымызды табайық.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

5. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Кіп-кішкентай саусақтар
Шаршамайды, тынбайды.
Себебі бұл саусақтар
Жаттығулар жасайды.

Түрлі-түрлі сызықтар
Дәптерлерге жазады.
Еңбексүйгіш саусақтар
Бәрінен де озады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

– Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 28 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері.

Тақырыбы: Дыбыстық талдау.

Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.

Міндеттері: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.

2. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту.

3. Артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, берілген дыбысқа сөз құрайды.

Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, көркем суреттер.

Билингвалды компонент: сауысқан – сорока.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Артығын тап» ойынын ұйымдастыру.

1. Ара, өрмекші, маса, көбелек, аю. (*аю*)

2. Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. (*сауысқан*)

3. Мысық, түлкі, аю, қасқыр. (*мысық*)

4. Колғап, көйлек, шалбар, етік. (*көйлек*)

5. Май, шай, нан, қант, қасық. (*қасық*)

Балалар сөздердің лексикалық мағынасына қарай артық сөзді табады.

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 2) Қандай-қандай атап айт?
- 3) Жұп дыбыстарды ата?
- 4) Ұяң дауыссыздарды ата?
- 5) Үнді дауыссыздарды ата?
- 6) Өкпеден шыққан ауаға ауыз қуысында қандай мүшелер кедергі жасайды?

– Балалар, тіл, ерін, тіс түбі, таңдай, кішкене тіл, иек, езу өкпеден шыққан ауаға кедергі жасайды екен.

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

«Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.

«Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

«Түтікше» – Тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

«Сөз айт, дұрыс айт» дидактикалық ойыны

Педагог балаларға көк түсті төртбұрышты көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. Мысалы: (пима, фабрика, кілт, қант, тұз, шана, сабын, хат, қайық, циркуль, щетка т.б.).

Қызыл түсті домалақты көрсетіп, жіңішке дауысты дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Өтеш, өшіргіш, өмір, елгезек, ірімшік, элеватор, ін, иық, үтік т.б.)

Енді үнді дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Лақ, мысық, нағашы, радио, уық т.б.).

Педагог тіл ұстарту барысында балаларға үнді дауыссыз дыбыстарды естігенде, бір рет қол шапалақтауға ұсыныс тастайды.

Тіл ұстарту

Ақ-ақ-ақ,
Тастан-тасқа секірді лақ.
Ма-ма-ма,
Лақты қораға қама.
Аң-аң-аң,
Аңның ізіне болдым таң.
Рақ-рақ-рақ,
Керек маған тарақ.
Уық-уық-уық,
Қорада тұр тауық.

Дәптермен жұмыс

1. Заттардың атында естілген **н, л** дыбыстарының дыбыстық белгілерін қой.
2. Дыбыстық талдау жаса.

– Балалар, дәптерімізді ашып, үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайық.

Балалар орындарында дыбыстық талдау жасайды. Тексеру үшін педагог дыбыстық сызбаларды тақтаға іліп, балаларды тақтада шақырады. Балалар жұмыстарының дұрыс-бұрыстығын тақтамен тексереді.

- Суреттерде не бейнеленген?
- Хат, бал, уық.

Педагог дыбыстық талдау жасаған кезінде сөздегі әр дыбысты анық айтуларына тапсырма береді.

«Хат» сөзіне дыбыстық талдау.

Х – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз.

Хат сөзінде 1 буын, 3 дыбыс.

«Бал» сөзінің дыбыстық талдауы.

Б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз.

Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз.

«Бал» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс

3. Суреттердегі заттардың бірінші дыбысын анықта. Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін үшбұрышқа, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін дөңгелекке, үнді дауыссыз дыбыстан басталатын заттың суретін төртбұрышқа қос.

Сергіту сәті

Сағаттың тіліндей
Иліп оңға бір,
Сағаттың тіліндей
Иліп солға бір,
Оң аяқ, сол аяқ
Жаттығу оңай-ақ.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

5. Штрихта

6. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, дене сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Партадағы саусақтар
Адымдайды, жүреді.
Өнерлі бұл саусақтар
Сурет сала біледі.

Ортанғы мен сұқ саусақ
Түйекұсты салады,
Төңкеріліп аспанға
Қоян да бола қалады.

3. Рефлексия

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балалардың жетістіктерін ауызша бағалайды, мақтайды.

- Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 29 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау

Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.

Міндеттері: 1. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.

2. Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру.

3. Тапсырмаларды орындату арқылы талаптану, іздену секілді қасиеттерін тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды.

Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, ұсақ жалаушалар.

Билингвалды компонент: бес – пять.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңберіне тұрғызу.

Балабақша – базарлы үй,
Ауылдағы ажарлы үй.
Шаттығы бар шуақты үй,
Өз үйіміз сияқты.

(Ә. Қонарбаев)

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыпты арды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыстар деген не?
- 2) Дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 3) Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 4) Қандай-қандай болып бөлінеді?
- 5) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 6) Олар қалай аталады?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

«Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.

«Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

«Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

Дыбыстармен жұмыс.

Дидактикалық ойын: «Кім білгіш?»

Мысалы: *б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, ш, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.*

Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.

- Дауысты дыбыстарға қызыл текшені;
- дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.

«Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы

Педагог балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б.

«Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б.

«Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны

– Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларын керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек.

Алма ... (үлкен), қой ... (арық), домалық ... (өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеуі), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ... (кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ... (алма) т.б.

«Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны

Педагог қандай да бір сөзді айтады, балалар қолдарын шапалақтап, сөзді буынға бөледі. Осы сөзде неше буын бар екенін айтады.

Кітап, қалам, дәптер, қарындаш, өшіргіш, бес, мектеп.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. Дауыссыз дыбыстардан басталған сөздерді қорша.
2. О дыбысы бар сөздерді белгіле.
3. Зат атауларын буынға бөл.

Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.

4. Дыбыстық талдау жаса.

Балаларға үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жалғастыратынын айтып жер, бес сөздерінің сызбасын тақтаға іледі. Балаларға дәптерлерін ашып, өз беттерінше дыбыстық талдау жасатады. Тексеру үшін «жер», «бес» сөздеріне дыбыстық талдау жасауға балаларды тақтаға шығарады. Балалар жұмыстарының дұрыс, бұрыстығын тақтадағы жұмыспен салыстырады.

Дыбыстық талдау жасау барысында әр дыбысты жеке-жеке дыбыстап айтуға тапсырма беріледі.

«Бор» сөзінің дыбыстық талдауы

«Бор» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

Б – ұяң дауысты дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді.

О – жуан дауысты дыбыс, ауыз қуысынан еш кедергісіз шығады, қызыл түсті домалақ қоямыз.

Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Сергіту сәті

Оңға, оңға түзу тұр,
Солға, солға түзу тұр.
Артқа қарай бір адым
Алға қарай бір адым.
Жоғары-төмен қарайық,
Орнымызды табайық.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

6. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Алақанды ысқылап,
Қыздырайық, балақай.
Алақаның ысыды,
Қараңдаршы, алақай!

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 30 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау

Мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды бекіту.

Міндеттері: 1. Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту.

2. «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту.

3. Шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу арқылы еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, көркем суреттер.

Билингвалды компонент: тіс – зубы, көз – глаза, қол – рука.

ҰОҚ барысы

1.Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңберге тұрғызу.

Кел, балалар, күлейік,
Күлкіменен түлейік.
Күлкі көңіл ашады,
Күліп өмір сүрейік.

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?

2) Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?

3) Жуан дауысты дыбыстарды ата?

4) Жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолын түсіндір.

- 5) Жінішке дауысты дыбыстарды ата, олардың жасалу жолын түсіндір.
- 6) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?
- 7) Қатаң дауыстыларды ата? Олардың жасалу жолын түсіндір.
- 8) Ұяң дауыссыздарды ата, олардың жасалу жолын түсіндір.
- 9) Үнді дауыссыздар қалай жасалады? Оларды ата.
- 10) Буында неше дауысты дыбыс болады?

Артикуляциялық жаттығу жасау.

«**Күрекше**» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.

«**Ине**» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек.

«**Төбешік**» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек.

«**Түтікше**» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

Дыбыстармен жаттығулар.

Дидактикалық ойын «Дұрыс көрсет»

Педагог балаларға дыбыстарды айтады, балалар алдарындағы қызыл, көк түсті белгілерді көрсету арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады.

Мысалы: *й, ц, к, е, н, г, ш, щ, з, х, ф, ы, в, а, п, р, о, л, д, ж, э, с, м, и, т, б.*

Педагог балаларға дауысты дыбыстарды айтады, балалар жінішке дауысты дыбыстарға қызыл, жуан дауысты дыбыс айтылса, қара түсті белгілерді көрсетеді. Мысалы: *а, о, ұ, ы, ә, ө, е, э, і, у, и, ү, у.*

Сөздермен жаттығулар.

«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық ойыны

Педагог балаларға суреттер көрсетеді де, балалар суретті атайды, сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалғайды.

Мысалы: *доп ... (қызыл), бал ... (тәтті), ара ... (сары), етік ... (жылы), ет ... (дәмді), мысық ... (сүйкімді), қыз ... (нысық), алма ... (дәмді), құмыра ... (қызыл), ата ... (еңбекқор), қазан ... (қара), жүзім ... (дәмді), ешкі ... (мүйізді), орындық ... (ыңғайлы), ат ... (жүйрік), түйе ... (қоңыр), маса ... (кішкентай), кітап ... (қалың), үй ... (жасыл), шырша ... (биік), кілем ... (қысқа), үстел ... (қоңыр) т.б.*

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. «С» дыбысы бар суреттерді қорша. Сөздерді буынға бөл.

Педагог балалармен бірге тапсырманы талқылайды.

2. Дыбыстық талдау жаса.

Педагог балаларға жұмыс дәптерлерінде өз беттерімен дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тапсырманы орындайды.

Педагог тексеру үшін, тақтаға жұмыс жасауға балаларды шақырады. Тақтаға **тіс, көз, қол** сөздерінің сызбалары ілінеді. Балалар өз жұмыстарын тақтадағы дыбыстық талдаумен салыстырып, тексереді.

– Балалар, «тіс» сөзінде неше дыбыс, неше буын бар?

«Тіс» сөзінің дыбыстық талдауы.

«Тіс» сөзінде 1-буын, 3 дыбыс бар.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

І – жінішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

«Көз» сөзіне дыбыстық талдау.

«Көз» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Ө – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

З – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

«Қол» сөзіне дыбыстық талдау.

«Қол» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Педагог осы сөздерде неше дауысты, неше дауыссыз дыбыс бар екенін балалардан сұрайды.

Сергіту сәті

Робот

Шалқаямыз артқа, аспанға қараймыз,

Аспанға қараймыз, жұлдызды санаймыз.

Басымызды енді алдыға иеміз,

Қозғалмайды қол мен аяқ, денеміз.

Дәптермен жұмыс (*графикалық жұмыс*)

4. Штрихта.

5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Бір, екі, үш,

Кәне жина күш.

Саусақтарды басайық,

Жаттығуды жасайық.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

– Оқу қызметінде нені үйреніп, нені білдіңдер?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 31 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау.

Мақсаты: дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын жетілдіру.

Міндеттері: 1. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.

2. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту арқылы сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.

3. Ұсақ қол моторикасына арналған тапсырмаларды орындату арқылы шыдамдылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын түсінеді.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады, белгілейді.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент: бір – один, екі – два, бес – пять.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері

Өсті ақыл, ойларың,
Өсті, міне, бойларың.
Иіліп сәлем береміз,
Әдепті боп өсеміз.

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 2) Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?
- 4) Жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолын түсіндір.
- 5) Жіңішке дауысты дыбыстар жасалу жолын түсіндір?
- 6) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?
- 10) Буында неше дауысты дыбыс болады?

Дыбыстармен жаттығулар.

«Соңғы дыбыстан баста» дидактикалық ойыны

Педагог балаларға сөз айтады да бір баланы көрсетеді, бала сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтады, келесі бала жалғастырады.

Мысалы: *маймыл - лақ - қарбыз - зәкір - радио - от - тауық - қарлығаш - шапалақ - қайық - қасық - қылыш - шаш - шахмат - тамыз - зырылдауық - қант - ту - уық - қу - уәде - емізік т.б.* Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.

«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны

Педагог дыбыстарды айтады, ал балалар дыбысқа тиісті түстерді көрсетеді (қызыл, көк).

Сөздермен жаттығулар.

«Бірінші дыбысты анықта» дидактикалық ойыны

– Балалар, мен суреттерді көрсетемін, сендер суретте бейнеленгендердің атындағы бірінші дыбысты айтасындар.

Мысалы: *ана(а), әке(ә), етік(е), нан(н), гүл(г), ыдыс(ы), алма(а), есек(е), ұшақ(ұ), аң(а), омыртқа(о), ине(и), алмұрт(а), от(о), орындық(о), елгезек(е), ешкі(е), өмір,(ө), ұлу(ұ), ұршық(ұ), ірімшік(і), ін(і).*

- Қандай дыбыстан басталатын сөздерді айттындар? (Дауысты дыбыстан басталатын).
- Оны қайдан білдік?
- Өкпеден шыққан ауа еш кедергісіз шықты. Бұлай дауысты дыбыстар жасалады. Балалар, мен тағы суреттер көрсетем айтып, бірінші дыбысына мән беріндер. Мысалы:

пияз(п), ферма(ф), пима(п), түн(т), күй(к), хат(х), щетка(щ), күрек(к), шана(ш), сырмақ(с), таға(т), халық(х).

– Қандай сөздерді айтып, қандай дыбыстарды анықтадыңдар?

– Қатаң дауыссыз дыбыстарды.

– Қатаң дауыссыз дыбыстарды айттыңдар. Бұл дыбыстар тез және қысқа айтылады, созып айтуға мүлдем келмейді. Өйткені тек салдырдан жасалады. Үн мүлдем болмайды.

Келесі суреттердегі заттардың атын атап, бірінші дыбысын қайталайық. Мысалы: *бала(б), доп(д), зер(з), бақа(б), би(б), вагон(в), бұрыш(б), ғалым(ғ), бұлт(б), домбыра(д), дақ(д), вагон(в), жидек(ж), гүл(г), ғарыш(ғ), бидон(б), жалау(ж), жалбыз(ж).*

– Балалар, сендер қандай дыбыстарды атадыңдар? (Ұяң дауыссыз дыбыстар). Дұрыс айтасыңдар, ұяңдарда салдыр мен үн жартылай қатысады, үнге қарағанда салдыр басымырақ.

Келесі суреттерді айтып, бірінші естілген дыбысты анықтаңдар.

Мысалы: *рауғаш(р), уыз(у), лақ(л), мысық(м), нан(н), мылтық(м), моншақ(м), литр(л), нар(н).* Бұл дыбыстар қалай айтылды? Қалай аталады?

– Үнді дауыссыз дыбыстар. Өкпеден шыққан ауа кедергіге ұшырайды. Балалар үнді дауыссыз дыбыстарда салдыр мен үн жартылай қатысады, салдырға қарағанда үн басымырақ. Сондықтан үнді дыбыстар деп атайды екенбіз.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. Жуан дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін сары түсті қарындашпен қорша, жіңішке дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін қызыл қарындашпен қорша.

2. Бағдаршамның қай түстерінің атауында л дыбысы бар? Сөздерді буынға бөл.

3. Дыбыстық талдау жаса.

Педагог балаларға жұмыс дәптерлерінде өз беттерімен дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тапсырманы орындайды.

Педагог тексеру үшін, тақтаға жұмыс жасауға балаларды шақырады. Тақтаға **бір, екі, бес** сөздерінің сызбалары ілінеді. Балалар өз жұмыстарын тақтадағы дыбыстық талдаумен салыстырып, тексереді.

«**Бір**» сөзі 1 буын, 3 дыбыстан тұрады.

Б – ұяң дауыссыз дыбыс, үн мен салдырдың жартылай қатысуынан жасалады, көк түспен белгілейміз.

І – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

«**Екі**» сөзі 1 буын, 3 дыбыстан тұрады.

Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

К – қатаң дауыссыз дыбыс, тек қана салдырдың қатысуымен жасалады, созып айтуға мүлдем келмейді, көк түспен белгілейміз.

І – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

«**Бес**» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

Б – ұяң дауыссыз дыбыс.

Е – жіңішке дауысты дыбыс, ауыз қуысынан еш кедергісіз шығады, қызыл түсті домалақ қоямыз.

С – қатаң дауыссыз дыбыс, қысқа да нақты айтылады созып айтуға келмейді, көк түспен белгілейміз.

Педагог балалармен жеке жұмыс жасайды.

Сергіту сәті

Бір, екі, үш

Жинап алдық күш.

Төрт, бес, алты
Біз жазамыз мықты.

Дәптерімізді ашайық
Көрсетілген үлгіге,
Әдемі етіп жазайық.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

5. Штрихта

6. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Саусағымыз айқасып,
«Жеңемін» деп шайқасып,
Бірін-бірі тартады.
Білекке сенім артады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

- Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 32 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері.

Тақырыбы: Сөздерді буынға бөлеміз.

Мақсаты: сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.

Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету.

2. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

3. Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөздегі дыбыс санын анықтайды, сөздерді буынға бөледі.

Түсінеді: сөздерді қалай буынға бөлуді.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, көркем суреттер.

Сөздік жұмыс:

Билингвалды компонент: тышқан – мышь, сауысқан – сорока, шалқан – репка.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендерге ашық аспан, көтеріңкі көңіл күй және сәтті күн тілеймін. Алақанымызды ашайық күннің нұрынан салайық, жүрегіміздің лүпілінен салайық,

көтеріңкі көңіл күйден салайық, ал енді достарымызға үрлейік. Барлықтарыңда бүгін күндей күліп жүретін болдыңдар.

2.Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1. Дыбыстардың қандай түрлерін білесіңдер?
2. Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
3. Дауысты дыбыстар деген қандай дыбыстар?
4. Дауыссыз дыбыстар деген қандай дыбыстар?
6. Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?

Дыбыстармен жаттығулар.

«Кім білгіш?» дидактикалық ойыны

Мысалы: *б, л, р, ө, т, и, м, с, о, з, н, е, и, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.*

Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.

- Дауысты дыбыстарға қызыл текшені;

- дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.

«Жұп құр» ойын-жаттығуы

Педагог тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Педагог тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады.

Мысалы: *алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізік, тақия-тарақ, от-орындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине.*

«Буынды айтып сөз құра» дидактикалық ойыны

Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады.

Мысалы: *На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи..., бә... т.б.*

Дәптермен жұмыс

1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзде қанша дыбыс болса, сонша дөңгелек сал.

2. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш буынды сөзді үш терезелі үймен сәйкестендір.

Педагог суреттерді буынның санына қарай өз үйшіктеріне қосуға тапсырма береді, неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қосу қажет.

Билингвалды компонент: тышқан – мышь, сауысқан – сорока, шалқан – репка.

Сергіту сәті

Қиынсынып қашпаймыз,
Шынығамыз жастай біз.
Көңілді әуен сазымен
Жаттығуды бастаймыз.
Иілеміз оңға бір,
Иілеміз солға бір,
Қолды жоғары көтеріп,
Қолды төмен түсіріп,
Терең тыныс алайық.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Үзік сызықтарды бастыр.

5. Бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Алақанның біреуін
Кері қарай бұрайық.
Алақаны демалсын,
Қол үстінен ұрайық.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

– Балалар, қандай тапсырма сендерге қызығырақ болды?

– Балалар, оқу қызметі ұнаса, алдарыңдағы күліп тұрған смайлды бояңдар, ал егер ұнамаса, ренжіп тұрған смайлды бояңдар.

№ 33 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу.

Мақсаты: сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту.

Міндеттері: 1. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.

2. «Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту.

3. Білімпаз болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: буын санына қарай сөздерді ажыратады

Түсінеді: буында бір ғана дауысты дыбыс болатынын.

Қолданады: сөздерді буынға бөледі.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері

Билингвалды компонент:

ҰОҚ барысы

Ұйымдастыру кезеңі

Педагог «Кері іс-әрекетті айт» ойынымен оқу қызметін бастайды.

1. Әкем киімін киді, інім ...*(шешті)*

2. Анам отырды, әкем ... *(тұрды)*

3. Анар отырды, Ажар ... *(тұрды)*

4. Асан кірді, Қасан ... *(шықты)*

– Жарайсыңдар, балалар!

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

– Дыбыс деген не?

– Дыбыстар біздің айналамызда толып тұр, біз оларды көрмейміз, бірақ естиміз, айтамыз.

– Дыбыстар қандай болып бөлінеді?

– Дауысты, дауыссыз.

– Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?

– Дауысты дыбыстар әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады.

– Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?

- Дауыссыз дыбыстарды ше?
- Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- Буынды қалай белгілейміз?

Ғажайып сәт

– Балалар, Айсұлу (қуыршақ) бізге тапсырмалары бар хатқалта беріп жіберіпті, хатқалтаны ашып, тапсырмаларын орындайық.

«Сөздерді буынға бөл» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер.

Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б.

«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы

(Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады)

– Айсұлу бізге **-та** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.

Мысалы: *тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.*

-ба буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.

Мысалы: *балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.*

-са буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.

Мысалы: *сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.*

Ойын соңында фишкасы ең көп бала жеңімпаз болады.

Дәптермен жұмыс

1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Буынға бөл. Сәйкес сызбамен сәйкестендір.
2. Суреттен л дыбысы бар сөздерді ата. Буынға бөл.

Сергіту сәті

Қолды қойып зілтемірге,
Көтеріміз, сілке бірге.
Түсіреміз ақырындап,
Көтер қайта бірте-бірте.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Боя.

5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Алақанды ысқылап,
Қыздырайық, балақай.
Алақаның ысыды,
Қараңдаршы, алақай!

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

- Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 34 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстың сөздегі орны.

Мақсаты: әр дыбыстың сөздегі орны аса маңызды екенін түсіндіру.

Міндеттері: 1. Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету.

2. Берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.

3. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстың сөз ішіндегі орнын анықтайды.

Түсінеді: дыбыстардың сөз ішінде өз орындары бар екенін түсінеді.

Қолданады: дыбыстар туралы білімдерін.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, суреттер.

Билингвалды компонент: лақ – козленок.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Жалпы атауын ата» ойынын педагог ойнатады.

1. Автобус, такси, трамвай – ... (*көліктер*)
3. Қыс, көктем, жаз, күз – ... (*жыл мезгілдері*)
4. Кептер, қарға, сауысқан – ... (*құстар*)
5. Қызанақ, қияр, қызылша – ... (*көгөністер*)

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- Дыбыс деген не?
- Дыбыстар біздің айналамызда, біз оларды көрмейміз бірақ естиміз, айтамыз.
- Дыбыстар қандай болып бөлінеді?
- Дауысты, дауыссыз.
- Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?
- Дауысты дыбыстар әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады.
- Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- Дауыссыз дыбыстарды ше?
- Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- Буынды қалай белгілейміз?

«Сөз тізбек» дидактикалық ойыны

Педагог қандай да бір сөзді айтып, допты бір балаға береді, сөз аяқталған дыбыстан бала бір сөз айтып, допты келесі балаға береді.

Мысалы: *бақа-алма-алмұрт- темір-рауғаш-шахмат-тал-лақ т.б.*

Ойын өстіп жалғасын табады. Сөздегі бірінші дыбыс пен соңғы дыбысты айқынырақ айтып отыру керек.

– Сөз тізбегін ойнау барысында сендер нені көңіл бөліп тыңдауды үйрендіңдер? (Дыбыстарды).

Дыбыстармен жұмыс

Сызбаны тақтаға іледі.

– Сөздер дыбыстардан тұратынын білесіңдер, дыбыстар жеке тұрғанда ештеңені білдірмейді. Мысалы а, б, қ. Осылай айтсақ, ешкім ештеңе түсінбейді. Егер осы дыбыстарды қосып, «бақ», – деп айтсақ, онда бәріміз жеміс бағы туралы айтылғанын білеміз. Әр дыбыстың сөз ішінде өз орны бар. Мысалы «лақ» сөзінде:

- «Л» дыбысы бірінші тұр;
- «а» дыбысы екінші тұр;
- «қ» дыбысы үшінші тұр. Әр айтылған дыбыстың өз орны бар. Егер дыбыстарды дұрыс айтпасақ, сөз дұрыс құралмайды.

«Дұрыс тап» дидактикалық ойыны

– Балалар, мен тақтаға сызба ілемін, сендер мен айтқан дыбыс сөздің қай жерінде тұрғанын, яғни басында, ортасында, соңында тұрғанын тауып, төртбұрышты бояйсыңдар. Сендер бір төртбұрыштың бір дыбыс екенін білесіңдер.

Л дыбысын орнан анықтаймыз.

Мысалы: (л) піл, апа, қап.

Есімізде сақтаймыз: берілген дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында болуы мүмкін.

«Дыбыстың сөздегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы

Педагог сөз сызбасын тақтаға іледі.

– Балалар, **піл, апа, қап** сөздерінде «п» дыбысы қай жерде орналасқанын табайық. Сызбаларға белгілейік.

Балалар піл сөзінде «п» дыбысының бірінші тұрғанын, апа сөзінде ортасында тұрғанын, қап сөзінде соңында тұрғанын айтады.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. Сызбадан [т] дыбысының орнын тап. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк түспен боя.

2. Басында, соңында **к** дыбысы атауында бар суретті қорша.

Сергіту сәті

Кенгуру

Тіземізді сәл-сәл бүгіп тұрамыз,
Секіреміз ыршып, кенгуру боламыз.
Қайталаймыз тағы алға секіріп,
Демаламыз енді бәріміз тұрып.
Биікке секіріп, сәл демалайық,
Тағы секірейік, кенгуру болайық.
Биікке секіріп, ыршып алайық,
Тағы секірейік, кенгуру болайық.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Үзік сызықтарды бастыр.

5. Жалғастыр

Педагог балаларға көлбеу сызықтары бар кішкентай жол жазу дәптеріндегі үлкен, кіші жолдармен таныстырады. Дәптерде үлкен, кіші жолдар кезектесіп орналасқан. Кіші жолаққа жазу жазамыз, ол – жазуға арналған жол. Ал үлкен жол жазылған жазулар бір-біріне кедергі болмай, әдемі, анық көріну үшін арнайы сызылған. Дәптердегі көлбеу сызықтар да, арнайы

сызылған, жазу барысында таңбаларды сол көлбеу сызықпен сәл қиғаш жазу дұрыс. Педагог тақтадағы сызылған жолақтарға жазу үлгісін жазып көрсетеді, түсіндіреді.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Алақанның біреуін
Кері қарай бұрайық.
Алақаны демалсын,
Қол үстінен ұрайық.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

–Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 35 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Ойнай отырып оқимыз

Мақсаты: өткен тақырыптарда алған білімдерін пысықтау.

Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту.

2. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту.

3. Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: буындардан сөз құрайды, буын, сөз, дыбысты есту арқылы ажыратады.

Түсінеді: дыбыстан буын, буыннан сөз құралатынын түсінеді.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент: орман – лес, баскиім – головной убор.

ҰОҚ барысы

1.Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен «Жалпы атауын айт» дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды.

1.Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... (*ыдыстар*).

2. Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... (*саусақтар*)

3. Күрте, пальто, тон, плащ – ... (*киім*).

4. Құлақшын, қалпақ, малақай – ... (*баскиім*).

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Қандай дыбыстар болады?

- 2) Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз?
- 3) Дауыссыз дыбыстар қаншаға бөлінеді?
- 4) Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- 5) Сөздерді буынға қалай бөлеміз?
- 6) Буынды қалай белгілейміз?
- 7) Буын неден жасалады?

Буындармен жаттығулар.

«Буынды қос» дидактикалық ойыны (доппен)

– Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді.

Мысалы: (ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.

«Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны

Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен.

Мысалы: (те-) те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман), о-(рақ), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да), да(был), да(қыл), да(уыс), Да(риға), Дә(рия).

«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасындар.

Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоназыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын...дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ, қа...мыр, шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүте...рі, жүл...дыз.

Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады. Ойын соңында жұлдызша саналып жеңімпаз анықталады.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос.
2. К дыбысының орнын тап. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк түспен боя.

Сергіту сәті

Түзу тұрып иілеміз оңға жаққа,
 Дәл осылай иілеміз солға жаққа.
 Жаттығуды қайтала,
 Екі жаққа жай ғана.
 Иілеміз, оңға-солға тоқтамай!

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Суретті штрихта.
5. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Алақанның біреуін
 Кері қарай бұрайық.
 Алақаны демалсын,

Қол үстінен ұрайық.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 36 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені үйрендік, нені білдік?

Мақсаты: балалардың білімін бекіту.

Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.

2. Сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру.

3. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөздің дыбыс санын анықтайды, дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөздерді буынға бөледі.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 1 жұмыс дәптері, көркем суреттер.

Билингвалды компонент: мұз – лёд.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог оқу қызметін балаларға «Саңырау телефон» ойынын ойнатумен бастайды.

Балалар шеңберге отырады, бастаушы қасындағы баланың құлағына бір сөзді сыбырлап айтады. Ол шеңберде отырған қасындағы балаға айтады. Ойын жалғасын табады. Ойын соңында кім шатасады, сол айыбын төлейді.

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?

2) Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?

3) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?

4) Буында неше дауысты дыбыс болады?

«Жалауша» дидактикалық ойыны

Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.

«Туісті белгіні көтер» дидактикалық жаттығуы

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызғылт сары дөңгелекті көтереді.

«Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны

– *Н* дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліңдер, қанша буын атасындар.

– *Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен.*

– *Р* дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишқадан беріліп отырады.

– *Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең.*

Ойын соңында фишқаларды санап, жеңімпазды анықтайды.

«Сөздерді буынға бөл» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер.

Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос.

2. Суретке қара. Жыл мезгілдерінің қайсысы **к** дыбысынан басталады?

Суреттен **к** дыбысы естілетін сөздерді ата. Буынға бөл.

3. Дыбыстық талдау жаса.

Педагог тақтаға «мұз» сөзінің суретті сызбасын іледі. Балаларға орындарында отырып орындауға тапсырма береді.

Балаларға өз орындарында дәптерлеріне дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Педагог балалармен бірге жасайды.

«**Мұз**» сөзінің дыбыстық сызбасы.

«**Мұз**» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

З – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Сергіту сәті

Мысық

Басты иіп, алға созыл керіліп,

Жиналамыз артқа қайта шегініп.

Тағы созыл алға қара қиылып,

Бүкірейтіп көтер арқаны жиырып.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Саусағымыз айқасып,

«Женемін» деп шайқасып,

Бірін-бірі тартады.

Білекке сенім артады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 37 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау.

Мақсаты: дыбыстық талдау жасауды меңгертуді жалғастыру.

Міндеттері: 1. Сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету.

2. Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту.

3. Дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, берілген дыбысқа сөз ойлайды.

Түсінеді: дыбыстардың жасалуын.

Қолданады: дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент: витамини – дәрумендер.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Артығын тап» ойынын педагог балалармен ұйымдастырады.

1. Бас, қол, көз, қас, тас. (*тас*)

2. Алма, алмұрт, шие, бие. (*бие*)

3. Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (*фокус*)

4. Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. (*жүзім*)

5. Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (*терезе*)

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?

2) Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?

3) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?

4) Буында неше дауысты дыбыс болады?

Дыбыстармен жұмыс.

«Тізбекті жалғастыр» дидактикалық жаттығуы

– Балалар, мен бір сөз айтып, допты біреуіңе беремін, мен айтқан сөз қандай дыбыспен аяқталса, ол сол дыбыстан басталатын сөз ойлап айтады да, келесі балаға допты береді.

Мысалы: қала – алмұрт – тарақ – қымыз – зәкір – рауғаш – шопан – нан – нақыл – лақ – қала – алма – алтын – нар – нәзік – кәмпит – табақ – қант – тоқ – қоңыз т.б.

«Берілген дыбысқа сөз ойла» дидактикалық жаттығуы

Педагог сөз ойлап айтқан балаларға жұлдызша беріп отырады, кімде көп жұлдызша болса, сол жеңімпаз атанады.

1-тапсырма:

Педагог балаларға «и» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды.

Мен білемін бұндай сөздерді: *ине, инелік, ирек, иық, Иманали т.б.*

2-тапсырма:

Педагог балаларға «о» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды.

Мен бұндай сөздерді білемін: *орындық, ожау, омыртқа, оқыс, оқы, ойна, ойын т.б.*

3-тапсырма:

Педагог балаларға «д» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды.

Мен бұндай сөздерді білемін: *доп, дақ, домалақ, дорба, дән, диқан, дарын, дария, даң, Дидар, дырылдақ т.б.*

«Сөз жина» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды Жинаған дыбыстарыңнан сөз құрап айтасыңдар. Мысалы: - «а.л.м.а.», – «а.ғ.а.ш.», - «к.ү.н.», - «қ.ұ.с.», «қ.о.я.н.», - «с.и.ы.р.» , - «а.с.ы.қ.» , - «е.с.і.к.», - «с.а.ғ.а.т.», - «т.а.б.а.қ.», - «ж.е.р.».

– Балалар, сендер қандай тағамдарды ұнатасыңдар?

– Балалар, денсаулыққа пайдалы тағамдармен тамақтану қажет. Ал А, В, С, Д, Е – осы адам ағзасына қажетті дәрумендердің атаулары. Біз оларды тағамдардан аламыз. А дәрумені өсу мен көру дәрумені деп атауға болады, себебі ол арқылы сен жақсы өлесің, ал көзің тамаша көреді.

В тобының дәрумендері мидың дамуына әсер етеді.

С дәруменін «күшті имунитет дәрумені» деп атауға болады, себебі ол арқылы сен аурулардан қорғанасың.

Е дәрумені сені күшті, әрі төзімді етеді.

Д дәрумені сенің сүйегінді мықты етеді.

Билингвалды компонент: витамини – дәрумендер.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді көк түсті сандықпен, дауысты дыбыстан басталатын сөзді қызыл түсті сандықпен сызып қос.

2. Дыбыстық талдау жаса.

«*Май*», «*сүт*» сөздеріне дыбыстық талдау жасайық. Балалар орындарында жұмыс дәптермен өз беттерінше жұмыс жасайды. Педагог көмек керек балаларға көмектеседі. Суретті дыбыстық сызбаларды тақтаға іліп, балаларды тақтада жұмыс жасауға шақырады. Балалар жұмыстарын тақтамен тексереді, түзетеді.

Дыбыстық талдау жасау барысында әр дыбысты анық айтуға тапсырма беріледі.

«*Май*» сөзіне дыбыстық талдау.

«*Май*» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Й – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

«*Сүт*» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Ү – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Сергіту сәті

Дымбілмес

Алақанды екі жаққа ашайық,
Дымбілместің жаттығуын жасайық.
Көтерейік екі иықты жоғары,
Кәне, достым жаттығуды бастайық.

- Мен неге кітап оқымаймын.
- Мен қайдан білейін?
- Мен неге ойға тоқымаймын.
- Мен қайдан білейін?
- Мен неге бәрін ұмытамын.
- Мен қайдан білейін?
- Мен неге бәрін жылатамын.
- Мен қайдан білейін?
- Мен неге ерте оянбаймын.
- Мен қайдан білейін?
- Мен неге қорқақ қояндаймын.
- Мен қайдан білейін?
- Мен неге көңілді жүрмеймін.
- Мен қайдан білейін?
- Мен неге осы дым білмеймін.
- Мен қайдан білейін?
- Мен неге кітап оқымаймын.
- Мен қайдан білейін?
- Мен неге ойға тоқымаймын.
- Мен қайдан білейін?
- Мен неге бәрін ұмытамын.
- Мен қайдан білейін?

Дәптермен жұмыс *(графикалық жұмыс)*

3. Суреттерді штрихта.

4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог балаларға көлбеу сызықтары бар кішкентай жол жазу дәптеріндегі үлкен, кіші жолдармен таныстырады. Дәптерде үлкен, кіші жолдар кезектесіп орналасқан. Кіші жолаққа жазу жазамыз, ол – жазуға арналған жол. Ал үлкен жол жазылған жазулар бір-біріне кедергі болмай, әдемі, анық көріну үшін арнайы сызылған. Дәптердегі көлбеу сызықтар да, арнайы сызылған, жазу барысында таңбаларды сол көлбеу сызықпен сәл қиғаш жазу дұрыс. Педагог тақтадағы сызылған жолақтарға жазу үлгісін жазып көрсетеді, түсіндіреді.

Саусақ жаттығуы

Қолымызды қайшылап,
Қағаздарды қиямыз.
Қиып-қиып аламыз,
Біз көңілді баламыз.

3. Рефлексия

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

- Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау қызық болса көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 38 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау

Мақсаты: дыбыстық талдау жасауды дамыту.

Міндеттері: 1. Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру.

2. Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.

3. Дербес жұмыс істеу алуға және әрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі.

Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын және дыбыстардың белгеленуін.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: №2 жұмыс дәптері, көркем суреттер.

Билингвалды компонент: түн – ночь.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендерге ашық аспан, көтеріңкі көңіл күй және сәтті күн тілеймін. Алақанымызды ашайық күннің нұрынан салайық, жүрегіміздің лүпілінен салайық, көтеріңкі көңіл күйден салайық, ал енді достарымызға үрлейік. Барлықтарыңда бүгін күндей күліп жүретін болдыңдар.

1. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1. Дыбыстардың қандай түрлерін білесіңдер?
2. Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
3. Дауысты дыбыстар деген қандай дыбыстар?
4. Дауыссыз дыбыстар деген қандай дыбыстар?
6. Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
7. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?
8. Буында неше дауысты дыбыс болады?

«Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы

Педагог дыбыстарды айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.

«Түісті белгіні көтер» дидактикалық жаттығуы

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.

«Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны

– *Н* дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар.

– *Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен.*
Қолдарын шапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады.

– *Р* дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар.

– *Радио, раушан, рас, рет, резеңке, рең.*

Қолдарын шапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады.

Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды.

Дәптермен жұмыс

1. Дыбыстық талдау жаса.

«Түн» сөзінің дыбыстық талдауы.

Педагог «түн» сөзінің сызбасын тақтаға іледі. Балаларға өз орындарында дәптерлеріне дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Педагог балалармен бірге жасайды.

Педагог бір баланы тақтадағы сызбаны белгілеуге шақырады.

«Түн» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Ү – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Н – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

2. Суреттерді ата. Буынға бөл.

Билингвалды компонент: түн – ночь.

Сергіту сәті

Мысық

Басты иіп алға созыл керіліп,
Жиналамыз артқа қайта шегініп.
Тағы созыл алға қара қиылып,
Бүкірейтіп көтер арқаны жиырып.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Суреттерді штрихта.

4. Қарындашты көтермей заттарды бастыр.

5. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Саусағымыз айқасып,
«Жеңемін» деп шайқасып,
Бірін-бірі тартады.
Білекке сенім артады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Тапсырмаларды орындау барысында нақты қай тапсырманы орындау қиынға соқты?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 39 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау.

Мақсаты: төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды түсініктерін қалыптастыру.

Міндеттері: 1. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату.

2. Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.

3. Мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер ойлап айтады, буынға бөледі.

Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады, буынды жалғайды.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент:

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Балалар педагог қойған сұрақтарға жылдам әрі тез жауап берудері қажет.

Мамандықты ата.

1. Асты кім пісіреді?
2. Өлеңді кім жазады?
3. Суретті кім салады?
4. Ауланы кім сыпырады?
5. Хатты кім таратады?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 2) Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?
- 3) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?
- 4) Буында неше дауысты дыбыс болады?

Дыбыстармен жұмыс

Педагог балаларға дыбыстарды, буындарды сөздерді, кезектестіріп айтады, балалар «у» дыбысын естісе, жалаушаны көтереді.

Мысалы: а, п, м, т, и, у, м, с, ч, я, ю, у, ж, а, у, ц, и, у, р, т, л, у...

Са, ха, то, уыр, пе, пу, до, ио, ау, аи, ми, ду, ру, ба, де, са, ша, ка, пу.....

Шана, ауна, үкі, тауық, балық, қауын, жауын, қасқыр, ау, моншақ, бау...

«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық жаттығуы

Педагог балаларға суреттер көрсетеді, балалар сол суреттің мағынасына келетін, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер жалғаулары керек.

Мысалы: қызанақ ... (қызыл), қияр ... (жасыл), балмұздақ ... (тәтті), кітап ... (қызық), шалбар ... (қалың), су ... (суық), домбыра ... (кішкентай), арба ... (жалпақ), керует ... (жіңішке), мысық ... (сүйкімді), ит ... (қабаған), шам ... (жарық), арық ... (терең), қасық ... (темір), қоян ... (қорқақ), киіз ... (кішкентай), жастық ... (мамық), анар ... (дәмді), лимон ... (сары), тамақ ... (дәмді), кәмпит ... (тәтті), жылқы ... (сұлу), сүт ... (пайдалы), ата ... (ақылды) т.б.

«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы

Балалар мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасындар.

Мысалы: кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы...шы, шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш...тар, бақта...шы, береке...лі, күлкі...лі, күнба...ғыс, қабыр...ға, қам...шы, қама...жай, ора...мал, сұл...гі, жапа...лақ, отба...сы, жануар...лар, найза...ғай, сөм...ке, сыбыз...ғы, отша...шу, су...рет, жеміс...тер, жалау...ша, құмырс...қа т.б.

Сөзді дұрыс айтқан балаларға педагог жұлдызша таратып отырады, ойын соңынан жеңімпаз анықталады.

Педагог төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайтындарын хабарлайды.

«Қант» сөзінің дыбыстық талдауы. Суретті сызбаны тақтаға іледі.

Педагог сөздегі әр дыбысты анық айтады, ал балалар қайталайды. Дыбысты айтып, олардың дауысты және дауыссыз екенін анықтайды.

«Қант» сөзінде 1 буын, 4 дыбыс бар.

Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгіленеді.

Н – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.

Дәптермен жұмыс

1. Дыбыстық талдау жаса.

Педагог балаларға «кілт» сөзіне дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Бір баланы тақтада жұмыс жасауға шақырады.

Суретті сызбаны тақтаға іледі. Дыбыстық талдаудан соң балалар өз жұмыстарын тақтадағы талдаумен тексереді. Педагог көмек керек баларға көмектесіп жеке жұмыс жасайды.

«Кілт» сөзінің дыбыстық талдауы.

«Кілт» сөзінде 1 буын, 4 дыбыс бар.

К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.

І – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгіленеді.

Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгіленеді.

2. Суреттерді ата. «С» дыбысы бар сөздерді алақанды шапалақтап, буынға бөл.

Тиісті сызбамен қос.

Сергіту сәті

Оңға, оңға түзу тұр,
Солға, солға түзу тұр.
Артқа қарай бір адым,
Алға қарай бір адым.
Жоғары-төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Үзік сызықтарды бастыр.
4. Көрсетілген бағыт бойынша штрихта.
5. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Кіп-кішкентай саусақтар
Шаршамайды, тынбайды.
Себебі бұл саусақтар
Жаттығулар жасайды.
Түрлі-түрлі сызықтар
Дәптерлерге жазады.
Еңбексүйгіш саусақтар
Бәрінен де озады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 40 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау.

Мақсаты: дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.

Міндеттері: 1. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру.

2. Буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.

3. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі.

Түсінеді: буындардың дыбыстардан тұратынын түсінеді.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері

Билингвалды компонент: түйе – верблюд, қой – баран.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог «Төлін айт» ойынын ойнату арқылы оқу қызметін бастайды.

1. Аюда – ... (қонжық)
2. Түлкіде – ... (мыршай)
3. Қасқырда – ... (бөлтірік)
4. Қоянда – ... (көжек)
5. Итте – ... (күшік)

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- Дыбыс деген не?
- Дыбыстар біздің айналамызда, біз оларды көрмейміз бірақ естиміз, айтамыз.
- Дыбыстар қандай болып бөлінеді?
- Дауысты, дауыссыз.
- Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?
- Дауысты дыбыстар әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады.
- Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? Дауыссыз дыбыстарды ше?
- Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- Буынды қалай белгілейміз?

«Дыбысты балға» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге қатаң дауыссыз, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтамын, сендер қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, партаны бір рет жұдырықтарыңмен ұрасыңдар, ал ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, бір рет шапалақ ұрасыңдар.

– Мысалы: *парта, ферма, бидон, вагон, кітап, Камшат, гүл, галым, қайшы, табақ, доп, тарақ, сағат, жұлдыз, зәкір, хат, циркуль, щетка, дәрі, көзілдірік, қуыршақ, балапан, Ғазиз, Фарид, шанышқы, жұлдызша, пышақ, көбелек, күртеше, бұлт, домбыра, қияр, орамжапырақ, су, ту, күшік* т.б.

«Сөз жина, тез жина» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап, дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады.

Мысалы: «к.ү.н.», «т.ү.н.», «ә.т.е.ш.», «б.а.л.», «ж.е.л.і.м.», «б.а.қ.», «б.а.л.а.», «қ.и.я.р.», «п.и.я.з.», «б.ұ.л.т.», «к.і.л.т.», «д.о.п.»

– Сөзді кім бірінші құрап айтады, сол балаға жұлдызша үлестіріліп отырылады.

«Не өзгерді?» ойын-жаттығуы

Педагог балаларға сөздер айтады, балалар сөздердің қандай айырмашылығы, қандай ұқсастықтары бар екенін, не өзгергенін ойланып айтады. Сөздерде дауысты дыбыстар өзгергенін біледі. Мысалы: тар, тер, тор; бар, бер, бор; кел, көл; доп, дөп; жар, жер, жыр; дем, жем, кем; қар, қор, қыр; бала, бөле, биле т.б.

Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?»

– Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрышты, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: «а-, -й-, -ц-, -у-, -к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -ц-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю т.б.»

Дәптермен жұмыс

1. Екі бағандағы қатаң, үнді, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын заттардың суреттерін сәйкестендір.

2. Р дыбысы бар заттарды қорша.

3. Жануарларды ата. Буынға бөл, неше буыннан тұратынын айт. Дыбыстық талдау жаса. Педагог қойдың суретін, сызбасымен тақтаға іледі, бір баланы тақтада дыбыстық талдау жасатады. Басқа балалар орындарында жасайды.

Педагог сөздегі әр дыбысты дауыстып айтып, ондағы дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтауға тапсырма береді.

«**Қой**» сөзінде бір буын, үш дыбыс бар

Қ – қатаң дауыссыз дыбыс.

О – жуан дауысты дыбыс.

Й – үнді дауыссыз дыбыс.

Педагог «**түйе**» сөзінің сызбасын тақтаға іледі.

«**Түйе**» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс.

Ү – жіңішке дауысты дыбыс.

Й – үнді дауыссыз дыбыс.

Е – жіңішке дауысты дыбыс.

Билингвалды компонент: түйе – верблюды, қой – баран.

Сергіту сәті

Көздеріміз қырағы екен,

Бәрін көріп тұрады екен.

Тамашалап оң жақты,

Бақылайды сол жақты.

Аспанға да қарайды екен,

Жұлдыздарды санайды екен.

Қарайды да төменге,

Көз салады еденге.

«Не артық?» дидактикалық ойыны

Педагог бір топқа жататын сөздерді тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтады. Балалар сол артық сөзді табуы керек.

Мысалы: нан, шай, май, тай – ... (*тай*)

Қызыл, жасыл, ақ, тақ, көк – ... (*тақ*)

Алма, шие, бөрік, өрік – ... (*бөрік*)

Екі, үш, төрт, бес, кес – ... (*кес*)

Дәптермен жұмыс (*графикалық жұмыс*)

4. Нүктелерді үзбей бастыр.

5. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

«Бәрінен де мен күшті,» –

Деп айтады оң қол.

«Неге сен? Ал мен ше!» –
Деп келіспейді сол қол.
Екі қолдың күштерін,
Кәне, сынап көрейік.
Оңға солға тартайық,
Дастастырып қайтайық.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 41 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Сөйлем.

Мақсаты: сөйлем туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.

Міндеттері: 1. Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету.

2. Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту.

3. Ойын арқылы көшбасшы болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөйлемді дұрыс құрайды.

Түсінеді: қарама-қарсы сөздерді, сөйлем нені білдіретінін түсінеді.

Қолданады: берілген буындарды қолданып сөз құрайды.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері, суреттер, көбелек, көлік, тарақ, кітап, қоян суреттері.

Билингвалды компонент: этеш – петух.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен «Кері әрекетті айт» ойынын ойнайды.

1. Асан кірді, анам ... (*шықты*)

2. Анам құйды, Марат ... (*төкті*)

3. Айгүл жинады, Айсұлу... (*шашты*)

4. Әкем келді, ағам... (*кетті*)

5. Атам ашты, әжем... (*жапты*)

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

– Дыбыс деген не?

– Дыбыстар біздің айналамызда, біз оларды көрмейміз бірақ естиміз, айтамыз.

– Дыбыстар қандай болып бөлінеді?

– Дауысты, дауыссыз.

– Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?

– Дауысты дыбыстар әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады.

– Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?

– Дауыссыз дыбыстарды ше?

– Сөзді буынға қалай бөлеміз?

– Буынды қалай белгілейміз?

– Балалар, біз дыбыстардан сөз құралатынын білеміз. Әтеш, әткеншек – бұлар сөздер, сөйлем болу үшін бір аяқталған ойды білдіру қажет. Бір сөзден сөйлем құралмайды. Ендеше, осы сөздерден сөйлем құрап көрейік.

– «Әтеш» сөзі үй құсының атын білдіріп тұр. Аяқталған ой жоқ. Онда «әтеш» сөзі сөйлем емес.

– Әтеш әдемі екен. Бұл сөйлем бе?

– Сөйлем.

– Дұрыс айтасындар, сөйлем, өйткені аяқталған ойды білдіріп тұр. Әтештің әдемі екенін хабарлап айтып тұр.

– Сөйлем үш сөзден құралып тұр. Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысып тұр. Яғни біз өз ойымызды сөйлемдер арқылы жеткізеді екенбіз. Сөйлем аяқталған ойды білдіреді.

«Кім шапшаң сөйлем құрайды?» дидактикалық ойыны

Педагог суреттері көрсетеді (көбелек, көлік, тарақ, кітап, қоян т.б.). Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды.

Сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен атауға тапсырма береді.

Ғажайып сәт. Балалар қуыршақ Айсұлу бізге ішіне тапсырмалар салынған хатқалта беріп жіберіпті, хатқалтаны ашып, тапсырмаларын орындайық.

«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы

Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады.

– **-та** буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.

– *Тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, таңқы, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.*

– **-ба** буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.

– *Балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақбақ, бақыр, Бағжан, байгазы, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.*

– **-са** буынынан басталатын сөздер ойлаңдар.

– *Сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.*

Ойын соңында жұлдызша ең көп бала жеңімпаз болады.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерде кімдер бейнеленген? Балалар не істеді? Сөйлем құра.

2. Суреттерге қара. Сұрақтарға бір сөйлеммен жауап бер.

Бірінші суретке қыз не туралы айтып жатыр? Екінші суретте анасы қызына қандай өтініш білдірді?

Сергіту сәті

Секендеген сұр қоян

Шықты алдымнан секіріп.

Қорқақ қоян, ақ қоян,

Ұзын құлақ, сақ қоян.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Суретті жалғастырып сал.

4. Бастыр.

5. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Қолды алға созамыз,
Алақанды бұрамыз.
Алақанның сыртымен
Шапалақты ұрамыз.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

- Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 42 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Сөйлем сызбасы.

Мақсаты: сөйлем сызба туралы түсіндіру.

Міндеттері: 1. Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету.

2. Сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту.

3. Басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөйлем сызбасын анықтайды, сызады.

Түсінеді: сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құралатынын түсінеді.

Қолданады: сөйлем құрады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері, көркем суреттер.

Билингвалды компонент: қарбыз – арбуз, кітап – книга.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог оқу қызметін «Бөлшектерінен тап» ойынымен бастайды.

1. Көз, ауыз, желбезек – ... (*балық*)
2. Бас, қанат, аяқ – ... (*құс*)
3. Құлақ, көз, жал – ... (*жылқы*)
4. Бас, мүйіз, сақал – ... (*ешкі*)

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- Дыбыс деген не?

- Дыбыстар біздің айналамызда, біз оларды көрмейміз бірақ естиміз, айтамыз.
- Дыбыстар қандай болып бөлінеді?
- Дауысты, дауыссыз.
- Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?
- Дауысты дыбыстар әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады.

- Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- Дауыссыз дыбыстарды ше?
- Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- Буынды қалай белгілейміз?

«Жоғалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны

– Мен сендерге суреттерді көрсетіп бір дыбысы жоғалған сөз айтамын, сендер сол жоғалған дыбысты орнына қойып қайта айтасындар.

Мысалы: *көгерші... (н), балмұзда... (қ), домбыр... (а), қасқы... (р), шыри... (а), банк... (а), шеле... (к), арб... (а), сегі... (з), уылдыры... (қ), күнбағы... (с), мони... (а), кіта... (н), журна... (л), үсте... (л), орынды... (қ), баспалда... (қ), мекте... (н), қолға... (н); (а)...лқа, (м)...оншақ, (т)...ауық, (а)...лжапқыш, (б)...оюу, (ж)...олбарыс, (а)...рыстан, (ж)...ылқы, (б)...алық, (т)...өсбелгі т.б.*

«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны

– Балалар, мен сендерге қандай да бір дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында кездесетініне мысал келтіремін. Егер дыбыс сөздің басында тұрса, қызыл жалаушаны, соңында тұрса, көк жалаушаны, ортасында тұрса, екі жалаушаны да көтересіңдер.

Мысалы: **-қ дыбысы:** *(қасқыр, қамыс, асқабақ, бақ, мақта, қымбат, ақылды, барлық, бақа, балық, қаймақ, қант, лақ, қылыш, қоңыз, қораз, дақ, аңқау, қанат, қарлығаш, сауысқан, аққу, таңқурай, домалақ, кемпірқосақ, қаз, жастық, батпақ, қымыз, қаңылтыр, құймақ, қоңыр, қол, қорап, тоқ т.б.)*

-т дыбысы: *(тор, тоқылдақ, отыр, теп, кет, жат, тамақ, қақпа, қатық, торсық, от, тотықұс, кептер, трактор, темір, терең, кактус, шахмат, тау, тазы, трамвай, троллейбус, автобус, тарақ, тон т.б.)*

Сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құрылатынын білеміз.

Сызбамен жұмыс

Сөйлемдегі сөздерді тіктөртбұрыштармен белгілейміз. Әр сөздің арасына арақашықтық қалдырамыз.

Сөйлемнің сызбасының басындағы тіктөртбұрыштың бірінші сызығы биігірек болады. Педагог тақтаға сызып көрсетеді. Сөйлемде қанша сөз болса, сонша тіктөртбұрыштың арасына бірдей арақашықтық қалдырылады. Соңынан нүкте қойылады.

Балалардан түсінгендерін сұрау.

1. Сөз неден жасалады?
2. Сөздің сызбасы немен белгіленеді?
3. Сөйлем сызбасы қалай сызылады?
5. Дыбыс сызбасы немен белгіленеді?

«Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны

Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек.

Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық).

Тышқанның жауы – (мысық).

Әжем иірді – (ұршық).

Шәуілдеп үрді – (күшік).

Ең қу аң – (түлкі).

Үсті ине – (кірпі).

Қол жуғышта ілулі – (сүлгі).

Дәптермен жұмыс

1. Сызбаны сурет бойынша түсіндір. Сөйлем мен сөздің сызбасын анықта. Сызбаға байланысты сөйлем құра.

2. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата. Заттардың жалпы атын қатыстырып, сөйлем құра. Сызбасын сыз.

3. Дыбыстық талдау жаса.

Педагог тақтаға «әтеш» сөзінің дыбыстық сызбасын іліп, балаларға өз орындарында отырып, дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Педагог тақтаға балалардың жұмысын тексеру үшін, бір баланы шығарады. Балалар тақтадағы дыбыстық талдау мен өздерінің дыбыстық талдауларын тексереді.

«Әтеш» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.

Ә – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз,

Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Сергіту сәті

Шелекті аламыз,
Құдыққа саламыз.
Іліп еңкейіп,
Су тартып аламыз.

Толтырып шелекті,
Қайтадан тартамыз.
Демалып асықпай,
Ауылға қайтамыз.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Нүктелерді бастыр.

5. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Бір, екі, үш,
Кәне жина күш.
Саусақтарды басайық,
Жаттығуды жасайық.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 43 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Сөйлем құрау.

Мақсаты: «Сөйлем», «Сөйлемнің сызбасы» деген ұғымдарды бекіту.

Міндеттері: 1. Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту.

2. Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру.

3. Дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөйлемді жалғастырады, сурет мазмұнына байланысты сөйлем құрайды.

Түсінеді: сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді.

Қолданады: сөздердің жалпы атауын атайды.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері, көркем суреттер, мақал-мәтелдер.

Билингвалды компонент: құс – птица, ұя – гнездо.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балаларды «Жалпы атауын ата» ойынын ойнауға шақырады.

Балалар педагог айтқан сөздердің жалпы атауын жылдам айтып берулері керек.

1. Құлпынай, таңқурай, қарақат – ... (*жидектер*)

2. Түймедақ, қызғалдақ, раушан – ... (*гүлдер*)

3. Көбелек, қоңыз, маса, құмырсқа – ... (*жәндіктер*)

4. Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ... (*малдар*)

5. Күн, түн, таңертең, кеш – ... (*күн уақыты*)

Жылдам әрі дұрыс жауап берген балаларды мадақтау.

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дыбыс деген не?

2) Қандай дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз?

3) Дауысты дыбыстарды қалай белгілейміз?

4) Жуан дауысты дыбыстар қалай жасалады?

5) Жіңішке дауысты дыбыстар қалай жасалады?

6) Қандай дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз?

7) Дауыссыз дыбыстарды қалай белгілейміз?

Дыбыстармен жұмыс

«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны

Педагог дыбыстарды айтады: а, б, у, о, и, с, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек.

«Сөз айт, тез айт» дидактикалық ойыны

Педагог балаларды үш топқа бөледі. Бірінші топқа дауысты дыбыстардан басталатын сөздер, екінші топқа қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын, үшінші топқа ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Сөз айтқан командаға педагог жалауша беріп отырады. Ойын соңында жеңімпаз команда анықталады.

Мысалы: дауысты дыбыстардан басталатын сөздер: *алма, ана, арна, ай, алқа, ауыз, орындық, от, Омар, он, оң, ол, ыдыс, ымырт, ірімшік, ілгіш, үтік, үй, үйшік, үлкен, өрмекші, өшіргіш, уық, уыз т.б.*

Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер: *қаймақ, қалта, қазан, қоңыз, қора, қап, қатық, құй, қасқыр, қоқыс, таң, ферма, шаш, сабын, хат, циркуль, щетка, картон, парта, сағыз т.б.*

Ұяң және үнді дыбыстардан басталатын сөздер: *бақа, вагон, гараж, зарыш, доп, жаңбыр, зәкір, лақ, мақта, нағашы, радио, суық, гүл, балық, май, литр, жұлдызқұрт, жұдырық, жұмыртқа, дақ, Дана т.б.*

«Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны

– Балалар, мен сөйлемнің басын бастап айтамын, сендер мағынасына қарай аяқтайсындар.

Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек.

Мысалы:

Педагог:

Балалар бақта

Атам шалғымен

Анам сиыр

Ағаштың түбі –

Аю қыста

Малдар жайлауда

Балалар доп

Үсен мәшинені

Балалар:

жүгірді.

шөп шапты.

сауды.

қалың қар.

ұйықтайды.

жайылды.

ойнады.

жуды.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді қара. Әр сурет бойынша сөйлем құра. Сызбасын сыз.
2. Суреттерді ата. С дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк түспен боя.

Билингвалды компонент: құс – птица, ұя – гнездо.

Сергіту сәті

Сағат тілі соғады оңға-солға, оңға-солға,

Тықылдатып қағады, қағады.

Шырылдайды тым қатты, тым қатты,

«Шырр!» деп дауыс шығарады.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Өрнектерді штрихта.

4. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Екі үйрек келеді,

Бірін-бірі көреді.

Бір-біріне қарайды,

Сәлемдесіп алады.

3. Рефлексия

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

- Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.
- Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды?
 - Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 44 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Ойнай отырып оқимыз

Мақсаты: сөйлем құру және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын бекіту.

Міндеттері: 1. Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру.

2. Сөзді дыбыстық талдай алу дағдыларын бекіту.

3. Көлік түрлерінің пайдасын айта отырып, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөйлем құрайды, сызбасын сызады, сөздерге дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: сөйлемнің сөзден тұратынын түсінеді.

Қолданады: тақырыпқа байланысты сөздерді дұрыс қолданады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері

Билингвалды компонент: көлік – транспорт.

ҰОҚ барысы

1.Ұйымдастыру кезеңі

Педагог оқу қызметін «Бөлшектерінен тап» ойынымен бастайды. Педагог бір заттың бөлшектерін тізіп айтады. Балалар ненің бөлшегі екенін тез табу керек.

1.Терезе, шатыр, қабырға – ...*(үй)*

2. Жапырақ, діңгек, бұтақ – ...*(ағаш)*

3. Дөңгелек, кузов, кабина, руль – ...*(көлік)*

4. Бас, аяқ, ауыз, өркеш – ...*(түйе)*

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- Дыбыс деген не?
- Дыбыстар біздің айналамызда, біз оларды көрмейміз бірақ естиміз, айтамыз.
- Дыбыстар қандай болып бөлінеді?
- Дауысты, дауыссыз.
- Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?
- Дауысты дыбыстар әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады.
- Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- Дауыссыз дыбыстарды ше?
- Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- Буынды қалай белгілейміз?
- Балалар сендер ойын ойнағанды ұнасатыңдар ма?

Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт»

(Педагог суреттерді көрсетеді).

– Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суреттегі заттың атын атап, бірінші дыбысын анықтап айтасындар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды.

Мысалы: *апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), әтеш(ә), өшіргіш (ө), етік(е), экскаватор (э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б.*

– Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттындар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.

Қатаң дауыссыз дыбыстарға сөздер: *пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (қ), тышқан (т), шымшық (ш), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетка (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ) т.б.*

– Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттындар.

Балалардың жауаптары тыңдалады.

– Иә, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер. Өйткені ауыз қуысынан кедергіге ұшырап шығып тұр, тек салдырдан тұрады, созып айтылмайды.

«Берілген дыбысқа сөз ойла» ойын-жаттығуы

– Мен сендерге қандай да бір дыбысты айтамын, сендер сол дыбыс кездесетін сөздерге мысал келтіресіңдер.

Мысылы: -ы- дыбысы сөз басында: *ыдыс, ымырт, ынта, Ықылас, ыстық, ырыс, ылғи, ырылдады т.б.*

-ы- сөз ортасында: *маймыл, мамық, жастық, қатық, қымыз, қылыш, қытық, қырғыз, қылқалам, қалжын, қақтығыс, құдық, құйрық, мың, жылқы, жалбыз, қарбыз, қауын, қоңыз т.б.*

-у- дыбысы кездесетін сөз: *тауық, қауын, жауын, бау, тау, уық, уыз, бу, қу, сау т.б.)*

-ү- дыбысы кездесетін сөз: *үтік, үміт, күл, күшік, түтік, күнделік, күн, күш, күнбағыс, күміс, үміт, үзеңгі, күз, тұз, түс, үзінді т.б.*

«Сөзді өлшейміз» дидактикалық жаттығуы

– Алақандарыңды үстелге қойыңдар. Сөз айта бастағанда алақанды бір-бірінен алшақтата беріңдер. Егер алақандардың арасы жақын болса, онда сөздің қысқа болғаны, егер алыс болса, онда сөз ұзын болғаны. Мына сөздерді өлшейік: *дос, бейбітшілік.*

Дәптермен жұмыс

1. Суреттегі көліктерді ата. Дауыссыз дыбыстардан басталатын көліктер туралы сөйлем құра. Сызбасын сыз.

2. Дыбыстық талдау жаса.

Педагог арбаның суретін, сызбасымен тақтаға іледі, бір баланы тақтада дыбыстық талдау жасатады. Басқа балалар орындарында жасайды.

Педагог балаларға сөздегі әр дыбысты анық айтып, оның дауысты, дауыссыз екенін анықтауға тапсырма береді.

«Арба» сөзіне дыбыстық талдау.

«Арба» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Педагог шананың суретін, сызбасымен тақтаға іледі, бір баланы тақтада дыбыстық талдау жасатады. Басқа балалар орындарында жасайды.

«Шана» сөзіне дыбыстық талдау.

«Шана» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.

Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Н – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Педагог **шана, арба** сөздерінде неше дауысты, неше дауыссыз дыбыс бар екенін балалардан сұрайды.

Билингвалды компонент: көлік – транспорт.

Сергіту сәті

Иә-жоқ

Педагог:

Жыламаймыз ешқашан. –

Күлімдейміз әрқашан. –

Көп жейміз бе тамақты? –

Шытамыз ба қабақты? –

Біз еңбекті сүйеміз. –

Ойға білім түйеміз. –

Ойыншықтарды шашамыз ба? –

Біз ақылды боламыз ба? –

Балалар:

Иә! Иә! Иә!

Иә! Иә! Иә!

Жоқ! Жоқ! Жоқ!

Жоқ! Жоқ! Жоқ!

Иә! Иә! Иә!

Иә! Иә! Иә!

Жоқ! Жоқ! Жоқ!

Иә! Иә! Иә!

Табиғатты қорғаймыз. –

Иә! Иә! Иә!

Жаман бала болмаймыз. –

Иә! Иә! Иә!

Кішкентайларды ренжітеміз бе? –

Жоқ! Жоқ! Жоқ!

Біз алғыр болып өсеміз бе? –

Иә! Иә! Иә!

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Нүктелерді үзбей бастыр, тұскиізді толықтыр.

4. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Айдын шалқар көлдерде

Балықтар өмір сүреді.

Шолпылдатып құйрығын,

Әрі-бері жүзеді.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау.

Мақсаты: дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.

Міндеттері: 1. Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.

2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту.

3. Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: Дыбыстық талдау жасайды, сөйлем құрайды.

Түсінеді: дыбыстық талдау тәсілін.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент: кесе – пиала, асық – асық.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен «Мамандықты тап» ойынын ойнату арқылы оқу қызметті бастайды.

1. Науқасты кім емдейді? (*Дәрігер*)

2. Шашты кім қияды? (*Шапшараз*)

3. Үйлерді кім салады? (*Құрылысшы*)

4. Көмірді кім табады? (*Шахтер*)

5. Кітапты кім жазады? (*Жазушы*)

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

– Дыбыс деген не?

– Дыбыстар біздің айналамызда, біз оларды көрмейміз бірақ естиміз, айтамыз.

– Дыбыстар қандай болып бөлінеді?

– Дауысты, дауыссыз.

– Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?

– Дауысты дыбыстар әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады.

– Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?

– Дауыссыз дыбыстарды ше?

– Сөзді буынға қалай бөлеміз?

– Буынды қалай белгілейміз?

– Сөйлем деген не?

– Сөйлем неден тұрады?

– Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

«Түсіне қара» дидактикалық ойыны

Педагог балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.

Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек т.б.*

Педагог балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.

Мысалы: *вагон, балық гараж, ғалым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, гарыш, дос, зырылдауық, жалбыз, гүл, дөңгелек, гарышкер, жер, бал т.б.*

Педагог балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.

Мысалы: *лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, рауғаш, лалагүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.*

«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы

(Педагог балаларға суреттер көрсетеді).

– Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар. Мысалы: *ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын, дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...не, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май...мыл, бал...та, бал...ға, нар...та, қызғал...дақ, түйме...дақ, ке...рует, кәм...пит, ке...се, ке...ме, қуыр...шақ т.б.*

«Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта» дидактикалық жаттығуы

– Балалар мен сендерге сөздер айтамын, мен айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер.

-р- (*ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рахат, рауғаш, ару, Ардақ, көзілдірік, көрік, көмір, күрес, күрек, рухани, қару, қарыз, қорық, қар, қарақат, қора, сиыр, сырмақ, қоңыр, қарға, қарлығаш, қарт, қырғыз, қырыққабат т.б.*);

-ә- (*әтеш, әткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, күнә, Күләш, бәтеңке, бәліш, әріп, Мәлік, Әлімжан, Әмір, тәтті, тәкәпар, тәрелке т.б.*);

-м- (*мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншақ, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр, тамыз, көмір, комбайн, мата, мысық, том, әмір, темір, жемір т.б.*).

Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық»

Педагог әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (*бота, құлыншақ, аю, мысық, мәшине*). Балалар ойыншықтар арқылы бір-бірімен байланысқан сөйлемдер құрап береді.

Педагог балалардан сөйлемдегі сөздерді ретімен айтуға тапсырма береді. Мысалы, бірінші сөз – Мәлік, екінші сөз – ботамен, үшінші сөз – ойнады. Сөйлемнің сызбасын сызады.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. Бірінші дыбысты анықта. Жуан дауысты дыбыстан басталса сары шарға, ал жіңішке дауысты дыбыстан басталса, қызыл шарға сызықпен қос.

2. Дыбыстық талдау жаса.

Педагог тақтаға «кесе» сөзінің дыбыстық сызбасын іліп, балаларға өз орындарында дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар орындарында орындайды. Педагог тақтаға балалардың жұмысын тексеру үшін, бір баланы шығарады. Балалар тақтадағы дыбыстық талдау мен өз дыбыстық талдауларын тексереді.

Кесе сөзіне дыбыстық талдау жасайды.

Кесе сөзінде 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар.

К – қатаң дауыссыз дыбыс.

Е – жіңішке дауысты дыбыс.

С – қатаң дауыссыз дыбыс.

Е – жіңішке дауысты дыбыс.

Педагог тақтаға «асық» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі.

Асық сөзіне дыбыстық талдау жасайды.

2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс.

А – жуан дауысты дыбыс.

С – қатаң дауыссыз дыбыс.

Ы – жуан дауысты дыбыс.

Қ – қатаң, дауыссыз дыбыс.

Билингвалды компонент: кесе – пиала, асық – асык.

Сергіту сәті

Қайшы

Қолымызды алшақ алып тұрамыз,

Қайшы болып қағазды да қиямыз.

Қолды соз, шынтақты бүкпе,

Жаттығу қиын емес түк те.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Суретті штрихта.

4. Бастыр.

5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Кіп-кішкентай саусақтар

Шаршамайды, тынбайды.

Себебі бұл саусақтар

Жаттығулар жасайды.

Түрлі-түрлі сызықтарды

Дәптерлерге жазады.

Еңбексүйгіш саусақтар

Бәрінен де озады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 46 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені үйрендік, нені білдік?

Мақсаты: буын, дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.

Міндеттері: 1. Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру.

2. Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын жетілдіру.

3. Қайырымды болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі.

Түсінеді: сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері, мақал-мәтелдер.

Билингвалды компонент: есік – дверь, шкаф – шкаф.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Қарама-қарсы іс-әрекетті айт» ойынын ойнату.

1. Үміт жылады, Іңкәр ... (*жыламады*)
2. Марат үндемей отыр, Таңат ... отыр. (*шулап*)
3. Ардақ жазып отыр, Асыл ... (*жазбай отыр*)
4. Қыздар биледі, ұлдар ... (*билемеді*)
5. Ақтөс үрді, Күтжол ... (*үрмеді*)

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 2) Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?
- 3) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?
- 4) Буында неше дауысты дыбыс болады?
- 5) Сөйлем деген не?
- 6) Сөйлем неден тұрады?
- 7) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»

Педагог қандай да бір дыбысты айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.

Дидактикалық жаттығу: «Жуан дауысты сөзден баста»

Педагог қойған сұрақтарға балалар жуан дауысты дыбыстан басталатын сөздермен жауап беру керек.

1. Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.)
2. Сүйікті сусының? (Айран т.б.)
3. Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.)
4. Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б.)

Ойын: «Дұрыс қос»

Педагог тақтаға екі қатарға суреттер іледі. Балаларға әр қайсысын атап айтқызады. Балаларды бір-бірден тақтаға шақырып, тапсырманы орындатады.

1. Бір буыннан тұрып, тамақты білдіретін екі суретті қос (нан-қант).
2. Екі буыннан тұрып, төсек-орынды білдіретін екі суретті қос (жастық, көрпе).
3. Үш буыннан тұрып, көгөністі білдіретін екі суретті қос (асқабақ, қызанақ).

Педагог суреттерді дұрыс қосқан балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Ойын-жаттығу: «Сөз таңда»

Педагог мақалды оқиды, мақалдың мазмұнын балаларға түсіндіреді. Балалар суреттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады. Суреттегі заттардың атын буынға бөледі.

Мақал – сөздің мәйегі.

- 1) Оқу ... құдық қазғандай.
и-не, кү-рек, қа-сық.
- 2) Ата көрген ... жонар
оқ, оқ-тау, ер.
- 3) Ана көрген ... пішер.
жей-де, тон, көй-лек.
- 4) Асықпаған арбамен . . . алады.
тұл-кі, қо-ян, а-ю.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл.
2. Дыбыстық талдау жаса.

Педагог тақтаға **есік** сөзінің дыбыстық сызбасын іледі. Балаларға дәптерлерінде өз беттерінше дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалардың жұмысын тесеру үшін, тақтаға бір баланы шақырып, талдау жасатады. Қалған балалар тақтадағы жұмыспен өз талдауларын салыстырып тексереді.

Есік сөзінің дыбыстық талдауы.

Есік сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.

Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

І – жіңішке дауысты дыбыс.

К – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Шкаф сөзіне дыбыстық талдау жасатылады.

3. 3 дыбысы бар сөзбен сөзбен сөйлем құра. [3] дыбысы бар сөзді қатыстырып, сөйлем құра. Сызбасын сыз.

Сергіту жаттығуы

Үйрек

Жай жүреміз, балпаңдаймыз,
Аяқты басып алшандаймыз.
Тұмсықты төмен түсірмейміз,
Мойынды созып қайқандаймыз.
Га-га-га, га-га-га
Сызылтып біз ән айтамыз,
Асықпай үйге біз қайтамыз.

Билингвалды компонент: есік – дверь, шкаф – шкаф.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Қозы мен құлыншақты бастыр.
4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Қолды алға созамыз,
Алақанды бұрамыз.
Алақанның сыртымен
Шапалақты ұрамыз.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

–Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 47 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені үйрендік, не білдік?

Мақсаты: сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.

Міндеттері: 1. Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру.

2. Қайырымдылық, қамқорлық сөздерінің мағынасын түсіндіру арқылы ақыл-ойларын дамыту.

3. Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы еңбек етуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: суретке қарап сөйлем құрайды, сызбасын сызады, суреттегі заттың атауына сызба құрайды.

Түсінеді: сөйлем неден құралатынын түсінеді.

Қолданады: сөйлем сызбасын дұрыс қолдана алады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері

Билингвалды компонент: сөйлем – предложение.

ҰОҚ барысы

1.Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен «Кім не істейді?» ойынын ойнау арқылы балаларды ұйымшылдыққа шақыра отырып оқу қызметін бастайды.

1. Шофер не істейді?

2. Ұшқыш не істейді?

3. Етікші не істейді?

4. Бағбан не істейді?

5. Ұста не істейді?

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

Педагог:

1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?

2) Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?

3) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?

4) Буында неше дауысты дыбыс болады?

8) Сөйлем деген не?

9) Сөйлем неден тұрады?

10) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»

Педагог дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.

Дидактикалық ойын: «Дұрыс таңда»

(Педагог тақтаға алма, ағаш суреттерін және олардың дыбыстық сызбасын іледі.

– Сөздегі дыбыстарды анықтаңдар. Қай сөзге қандай дыбыстық сызба тиісті?

Балалар дыбыстық талдау жүргізеді. Суреттерді тиісті сызбамен саластырады. Педагог көмек керек балаларға көмектеседі.

Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап»

– Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағы суретті атайсыңдар. Сол сөз дауысты дыбыстан басталса, тақтада тұрған қызыл үйшікке, ал дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласыңдар.

Балалар жеке-жеке түсіндіріп, суреттерді өз үйшіктеріне салады.

Дидактикалық ойын: «Кері сөзді ата»(доппен)

– Балалар мен сендерге допты лақтырып сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып айтасыңдар да, допты кері лақтырасыңдар.

Мысалы: жаман-жақсы, ақ-қара, ақылды-ақымақ, білімді-білімсіз, қайырымды-қайырымсыз, биік-аласа, жылады-күлді, отырды-тұрды, ашты- тәтті, жапты-ашты, кір-шық, таза-лас, ыстық-суық, көрікті-көріксіз, жұмды-ашты, қатты-жұмсақ, ұзын-қысқа, жалпақ-жіңішке т.б.

Дидактикалық ойын: «Буынға бөл»

– Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті атап, атуын шапалақпен буынға бөліңдер.

Мысалы: жа-ны-рақ, жү-зім, ке-ру-ет, тү-йе, та-бақ, ке-рік, пи-яз, ө-рік, жыл-қы, ши-е, мы-сық, а-ғаш, ал-ша, қа-ла, үс-тел, шал- ма, тек-ше, те-ре-зе, са-ғат, са-ғыз, қой, қо-ян, түл-кі, піл, ке-се, ша-ныш-қы, ти-ін, и-не, пи-ма, ли-мон, ал-мұрт, қар-быз, қа-лам, ше-лек, қы-за-нақ, а-рыс-тан, жол-ба-рыс, тас-ба-қа, ба-қа, қай-мақ, кө-бе-лек т.б.

Дәптермен жұмыс

1. Суретке қарап сөйлем құра. Сызбасын сыз.
2. Сөздерді буынға бөліп айт.
3. Суреттерді ата. Тиісті дыбыстық сызбамен қос.

Сергіту сәті

Толқын

Айқастырып саусақтарды біз,
Толқындарды тербетеміз.
Шалқытып көк толқындарды,
Жайменен біз әндетеміз.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Штрихта
5. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Партадағы саусақтар
Адымдайды, жүреді.

Өнерлі бұл саусақтар
Сурет сала біледі.

Ортанғы мен сұқ саусақ
Түйеқұсты салады.
Төңкеріліп аспанға,
Қоян да бола қалады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 48 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз сөйлем құрай аламыз

Мақсаты: сөйлем құрауды үйретуді жалғастыру.

Міндеттері: 1. Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру.

2. Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.

3. Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін түсіндіре отырып, табиғатты сүйеге, қорғауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөйлем құрайды, сөздерге дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: сөйлемдегі сөздердің белгілі бір ретпен тұратынын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады, буынға бөледі.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері, мазмұнды көркем суреттер.

Билингвалды компонент: қыс – зима, көктем – весна, жаз – лето, күз – осень.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Артығын тап» ойынын ойнату.

1. Қыс, көктем, жаз, күз, үз. (үз)

2. Жел, жаңбыр, қар, боран, қуыршақ, бұршақ. (қуыршақ)

3. Шаңғы, коньки, шана, ана. (ана)

4. Әке, ана, ата, әже, аға, таға. (таға)

5. Таңқурай, құлпынай, бүлдірген, күлдірген. (күлдірген)

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?

2) Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?

- 3) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?
- 4) Буында неше дауысты дыбыс болады?
- 5) Сөйлем деген не?
- 6) Сөйлем неден тұрады?
- 7) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»

Педагог дыбыстар айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.

Дидактикалық жаттығу: «Сөзді аяқта»

– Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын сендер соңғы буынды қосып сөзді аяқтап қайтадан айтасындар.

Мысалы: аққа...ла, ба..ла, ба..нан, бан..тик, асқа..бақ, сә..біз, домбы..ра, қам..шы, балмұз..дақ, аялда..ма, дәріха..на, емха..на, балабақ..ша, бағдар..шам, қалам...сап, қыза..нақ, бұл..ақ, көзілді..рік, тоңазт..қыш, тер..ек, ша..тыр, ал..қа, апельь..син, ау..ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа..зан, шаныш...қы, ба..лық, қал..қан, қаң..бақ, қа..мыр, шал..бар, кі..лем, жү..рек, жүге..рі, жүл..дыз.

Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады. Ойын соңында жұлдызша саналып, жеңімпаз анықталады.

– Балалар, мен сендерге А.Меңжанова апайларымыздың «Бұл қай мезгіл?» өлеңін оқып беремін. Сендер мұқият тыңдап, қай мезгіл туралы айтылғанын табуларың керек.

Жиып-теріп болатын,
Қамбаға астық толатын.
Қызыл қырман ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсың?

Шанамен зырлап желетін,
Шаңғы, коньки тебетін.
Аққала жасап ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсың?

Бұлтты айдай желдеткен,
Нөсерлеткен, селдеткен.
Шалшық кешіп ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсың?

Қойның толы жеміске,
Көк майсалы еңісте.
Көбелек қуып ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсың?

Балалар өлең қай жыл мезгілі туралы айтылғанын табады.

Дәптермен жұмыс

1. Жыл мезгілдерін ата. Қазір жылдың қай мезгілі? **Күз, қыс, көктем, жаз** сөздерін қатыстырып, сөйлем құра. Сызбасын сыз.
2. Суреттерді ата. Буынға бөл.
3. Дыбыстық талдау жаса.

Педагог тақтаға «жаз» сөзінің дыбыстық сызбасын іліп, балаларға өз орындарында дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар орындарында орындайды. Педагог тақтаға балалардың жұмысын тексеру үшін, бір баланы шығарады. Балалар тақтадағы дыбыстық талдау мен өз дыбыстық талдауларын тексереді.

Жаз сөзінің дыбыстық талдауы.

Жаз – 1 буын, 3 дыбыс.

Ж – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз

З – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Жаз сөзінде бір дауысты дыбыс, екі дауыссыз дыбыс бар.

Педагог тақтаға «күз» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі.

Күз сөзінің дыбыстық талдауы.

Күз – 1 буын, 3 дыбыс бар.

К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Ү – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

З – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Күз сөзінде бір дауысты дыбыс, екі дауыссыз дыбыс бар.

Билингвалды компонент: қыс – зима, көктем – весна, жаз – лето, күз – осень.

Сергіту сәті

Бұғы

Айқастырып қос қолды,

Бұғы мүйіз жасаймыз.

Оңға қарап, солға қарап,

Азық іздей бастаймыз.

Тастай мықты мүйізі бар,

Біз бұғымыз қараңыз.

Қар астынан мүйізбен

Азық іздеп табамыз.

Кәне, кәне, қарайық,

Азық іздеп табайық.

Дәптермен жұмыс (*графикалық жұмыс*)

4. Штрихта.

5. Жалғастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Саусақтар шықты қыдырып,

Балетке келді жүгіріп.

Залдың шамы сөнеді,

Бишілер билеп береді.

Балет қандай тамаш!

Қол соғайық таласа.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 49 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені үйрендік, не білеміз?

Мақсаты: өткен тақырыптарды қайталауға жаттығулар жасату.

Міндеттері: 1. Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту.

2. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту.

3. Ересектердің айтқанын мұқият тыңдауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: буындардан сөз құрайды, дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: дыбыстан буын, буыннан сөз құралатынын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент: орман – лес, баскиім – головной убор.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен «Жалпы атауын айт» дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды.

1. Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... (*ыдыстар*)

2. Карамель, ирис, шоколад – ... (*кәмпиттер*)

3. Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... (*саусақтар*)

4. Күрте, пальто, тон, плащ – ... (*киім*)

5. Тымақ, қалпақ – ... (*баскиім*)

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыпты қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

– Балалар сөйлем туралы не білесіңдер?

– Сөйлем деген мағына жағынан бір-бірімен өзара байланысқан сөздердің жиынтығы, ол аяқталған ойды білдіреді.

– Сөйлем неден жасалады?

– Сөйлем сызбасы қалай сызылады?

– Буын неден жасалады?

– Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?

– Дауыссыз дыбыстар ше?

Дыбыстармен жаттығулар.

Дидактикалық жаттығуы» Тиісті белгіні көтер»

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызғылт сары дөңгелекті көтереді.

Буындармен жаттығулар.

Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)

– Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.

Дидактикалық ойын: «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз».

Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады.

Мысалы: (те-) те -(геш) , те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік), көр -(пе), (ор-) ор -(та), ор -(ман), ор -(ак), (өр-) өр -(мек), өр -(кеш), өр, -(ле), өр -(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да), да(был), да(қыл) , да(уыс), Да (риға), Да (рия).

Ойын: «Кәне, тауып көр»

– Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыс айтамын, сендер алдарындағы сызбадан мен не айтсам, соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап, сызбасын көтересіңдер. Педагог алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді.

Мысалы:

[р], -ба-, аққала, ар-, ос-, қа-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-,ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша-, ет, елік, блезік, күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-,іс-, діз-, ік-.

Дидактикалық ойын: «Эстафета».

Педагог сөйлемді айтады, оны қайталайды. Бір баланың алдына текше немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады.

Педагог келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек т.б.

Дәптермен жұмыс

1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос.
2. Суреттерге қара. Ө дыбысы бар сөздерді ата. **Өгіз, көл** сөздеріне дыбыстық талдау жаса.
3. Суретке қара. Қыздар не істеп жатыр? Ұл балалар ше? Балаларға ат қой. Сөйлем құра. Сызбасын сыз.

Сергіту сәті

Иілейік, балақай

Түзу тұрып иілеміз оңға жаққа,
Дәл осылай иілеміз солға жаққа.
Жаттығуды қайтала,
Екі жаққа жай ғана.
Иілеміз, оңға-солға тоқтамай!

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Нүктелерді бастыр.
5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Алақанның біреуін,
Кері қарай бұрайық.
Алақаны демалсын,

Қол үстінен ұрайық.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 50 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау

Мақсаты: төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды дамыту.

Міндеттері: 1. Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту.

2. Графикалық жұмысты орындау кезінде фонематикалық естуді, сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды, ұсақ қол моторикасын дамыту.

3. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: суретке қарап сөйлем құрайды, ауызша буынға бөледі, жасырын аңдарды іздейді.

Түсінеді: сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді.

Қолданады: сөйлемнің сызбаны, дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент: таға – подкова, айыр – вилы.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог «Қарама-қарсы сөздер» ойынын балалармен ұйымдастырады.

1. Артында – ... (*алдында*)

2. Жақында – ... (*алыста*)

3. Аласа – ... (*биік*)

4. Ашық – ... (*жабық*)

5. Үлкен – ... (*кіші*)

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыпты қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

– Балалар сөйлем туралы не білесіңдер?

– Сөйлем деген мағына жағынан бір-бірімен өзара байланысқан сөздердің жиынтығы, ол аяқталған ойды білдіреді.

– Сөйлем неден жасалады?

– Сөйлем сызбасы қалай сызылады?

– Буын неден жасалады?

– Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?

– Дауыссыз дыбыстар ше?

Дыбыстармен жаттығулар.

Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»

Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.

Дидактикалық жаттығу: «Берілген дыбысқа сөз ойла»

Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша таратады.

1-тапсырма

Педагог балаларға «л» дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді.
Мысалы: *лақ, лақтыр, лағыл, лимон, лайк.*

2-тапсырма

Педагог балаларға «м» дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді.

Мысалы: *маймыл, манты, мақта, махаббат, мал, ми, мысық, мылтық, мықты, маржан, Меруерт, минут, мейіз.*

3-тапсырма

Педагог балаларға «к» дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді.

Мысалы: *күрек, күшік, күлкі, кесе, кеше, кеме, көлеңке, көтер, көңіл, көл, көмір, көмбе, көбелек, көлшік, кір, кілем, кілт, күміс.*

Ойын соңында кім көп жұлдызша жинаса, сол жеңіске жетеді.

Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»

– Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтасындар.

Мысалы: *жылы... (шұлық), тәтті... (банан), қатты... (көмір), жасыл... (шөп), қар..., (пима), дәмді... (жүзім), сұйық... (тамақ), қара... (тон), қорқақ... (қоян), қу... (түлкі), сүйкімді... (мысық), пысық... (қыз), ұзын... (бала), ақылды... (қыз), момын... (қой), ұзын... (моншақ), сары... (шап), дәмді... (шай), тәтті... (торт), жасыл... (қияр), ұзын... (бантик) т.б.*

Дидактикалық жаттығуы: «Сөз жина, тез жина»

– Мен сендерге дыбыстарды айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап дыбыстарды жинап отырындар. Дыбыстар қалай айтылды, солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады. Мысалы: - «к.ү.й.», - «б.ү.р.», - «ә.н.ш.і.», - «м.а.л.», - «ж.е.л.», - «б.а.қ.а.», - «б.а.л.а.п.а.н.», - «с.ә.б.і.з.», - «а.л.м.а.», - «а.р.б.а.», - «ж.ү.р.е.к.», - «д.ә.р.і.»

Сөз құраған балаларға жұлдызша үлестіріліп отырылады.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. Ұ дыбысы бар сөздерді буынға бөл.
2. Суретке қарап, сызба бойынша сөйлем құра.
3. Дыбыстық талдау жаса.

Педагог балаларға орындарында дәптерде *таға* сөзіне дыбыстық талдау жасауға, буынға бөлуге тапсырма береді. Бір баланы тақтада жұмыс жасауға шақырады. Педагог суретті сызбаны тақтаға іледі. Балалар алдымен таға сөзін анықтап айтайық. Сөзде неше буын бар? Неше дыбыстан тұрады?

Таға сөзінде 2 буын, 4 дыбыс.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Ғ – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Сөзді қолды шапалақтап, буынға бөледі.

Педагог тақтаға *тырма* сөзінің сызбасын іледі.

Тырма сөзінде 2 буын, 6 дыбыс бар.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

- Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.
М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.
А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Сергіту сәті

Гүлдер

Қызыл, сары аппақ гүлдей,
Жайқалайық өсейік.
Айналамыз құлпырсыншы,
Гүлден кілем төсейік.
Самал желмен тербелеміз,
Біз әдемі гүлдерміз.
Ауламызға өң береміз,
Табиғаттың көркіміз.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Суреттерді штрихта, үзік сызықтарды үзбей бастыр.
5. Бастыр.
6. Үзік сызықтарды бастыр.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Айдын шалқар көлдерде
Балықтар өмір сүреді.
Шолпылдатып құйрығын
Әрі-бері жүзеді.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 51 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау.

Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.

Міндеттері: 1. Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.

2. Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.

3. Салт дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: суреттегі дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып, буынға бөледі; дауыссыз, дауысты дыбыстарды екі топқа бөліп ажыратады, дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: салт дәстүрлердің мағынасын түсінеді.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент: зергерлік бұйым – ювелирное изделие.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен «**Жалпы атауын айт**» дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды.

1. Уық, кереге, шаңырақ, текемет – ... (*қиіз үй құралдары*).
2. Сырға, білезік, сақина – ... (*зергерлік бұйымдар*).
3. Асық ату, Ханталапай, Алтыбақан, Ақсүйек, Көкпар, Бәйге – ... (*ұлттық ойындар*).
4. Ірімшік, май, құрт, айран – ... (*сүттен жасалатын тағамдар*).
5. Тұсаукесер, бесікке салу, шілдехана – ... (*ұлттық салт- дәстүрлер*).

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 2) Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 3) Жуан дауысты дыбыстарға қандай дыбыстар жатады?
- 4) Жуан дауысты дыбыстарды айтқанда тіл қайда жиырылады?
- 5) Жіңішке дауысты дыбыстарға қандай дыбыстар жатады?
- 6) Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл қайда созылады?
- 7) Дыбыстарды сызбада немен белгілейміз?
- 8) Дауысты дыбыстарды қандай түсті төртбұрышпен белгілейміз?

Дидактикалық жаттығу: «Туісті белгіні көтер»

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл түсті дөңгелекті көтереді.

Мысалы: (а, ө, о, і, и, ұ, ы, ә, е, у, э, ү).

Дидактикалық жаттығуы: «Белгі бер»

Педагог балаларға ұяң (д) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д, Т, Р, Б, Л, Д, Ш, Г, Д, Б, К, Д, У, Д, С, Д, Ч, Б, Д, Я, Ы, Ф, Д, Б, З, Д, Й, Д, Ц, Д, Б.] Сол сияқты басқа да дыбыстармен ойнатса болады.

Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?»

–Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрыштыны, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам, сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер.

Мысалы: « а-, -й-, -ц-, -у-, -к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю т.б.»

Дәптермен жұмыс

1. Салт дәстүрлердің қандай түрі бейнеленген? Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді ата. Буынға бөл.

2. Дыбыстық талдау жаса.

Балалар біз «шашу» сөзіне дыбыстық талдау жасайық. Педагог тақтады дыбыстық талдау жасау үшін бір балаланы тақтаға шақырады. Қалғандары орындарында тапсырманы орындайды. Тақтадағы дыбыстық талдаумен дәптердегі жұмыстарын тексереді.

Шашу сөзінде неше буын, неше дыбыс бар екен алдымен соны анықтап аламыз. Педагог сызбадағы әр дыбыстың орнын көрсете отырып сөзді оқиды. Шашу сөзінде екі дауысты дыбыс бар сондықтан екі буынға бөлінеді.

Шашу сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.

Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

У – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Педагог екінші баланы тақтаға шығарып екінші *етік* сөзінің дыбыстық талдауын жасауға шақырады. Сызбаны тақтаға іледі.

Етік сөзіне дыбыстық талдау.

Етік – 2 буын, 4 дыбыс.

Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

І – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Балалар тақтадағы дыбыстық талдаумен өз дыбыстық талдауларын салыстырып тексереді. Қателерін түзетеді.

Сырмақ сөзіне де дыбыстық талдауды осылай етіп жасайды.

Сырмақ сөзінде 2 буын, 6 дыбыс бар.

С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Сергіту сәті

Қырағы көздер

Көздеріміз қырағы екен,

Бәрін көріп тұрады екен.

Тамашалап оң жақты,

Бақылайды сол жақты.

Аспанға да қарайды екен,

Жұлдыздарды санайды екен.

Қарайды да төменге,

Көз салады еденге.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Суреттерді штрихта

4. Штрихта.

5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Екі үйрек келеді,

Бірін-бірі көреді.

Бір-біріне қарайды,

Сәлемдесіп алады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 52 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау

Мақсаты: дыбыстық талдауды пысықтау.

Міндеттері: 1. Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту.

2. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін, есте сақтауларын дамыту.

3. Ұйымшыл болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады.

Түсінеді: сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстан тұратынын.

Қолданады: сөйлемнің сызбасын сызады, дыбыстарды анықтайды, ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері

Билингвалды компонент: туған күн – день рождения, сыйлық – подарок.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

– Балалар мен сендерге заттардың атын айтпай сипаттаймын. Ал сендер табуға тырысыңдар.

«Сипатынан тап»

1. Бұл – жейтін зат. Ақ, тәтті, қатты. (*қант*)

2. Бұл – жеміс. Сары, сопақ, қышқыл. (*лимон*)

3. Бұл – аң. Ақ, мамық, құлағы ұзын. (*қоян*)

4. Бұл – ойыншық. Домалақ, үлкен, жеңіл. (*доп*)

– Жарайсыңдар!

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дыбыстар деген не?

2) Дыбыстар нешеге бөлінеді?

3) Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?

4) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?

5) Буында неше дауысты дыбыс болады?

6) Дыбыстарды қалай белгілейміз?

- 7) Буынды қалай белгілейміз?
 8) Сөйлем неден тұрады?
 9) Сөздің сызбасын қалай белгілейміз?

Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»

Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.

Дидактикалық жаттығу: «Туісті белгіні көтер»

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.

Дидактикалық ойын: «Бірінші дыбысты қайтала»(доппен).

Педагог бірінші дыбысын анығырақ етіп, қандай да бір сөзді айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап допты, педагогке кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.) Мысалы: рррадио(р), уууылдырық(у), ааалма(а), қққасқыр(қ), мммақта(м), қққияр(қ), сссағат(с), қққыс(қ), ааалжаспқыш(а), тттышқан(т), сссазан(с), өөөшіргіш(ө), жжжжұлдыз(ж), жжжжастық(ж), дддиректор(д), жжжжарық(ж), шшшшұлық(ш), мммектеп(м), уууыз(у), тттиін(т), қққолшатыр(қ), бббақа(б), ииит(и), т.б

Дидактикалық жаттығу: «Жуан дауысты дыбысты тап»

– Балалар, мен сендерге сөздерді айтамын, сендер жуан дауысты дыбыстан басталған сөзді естісендер, бір рет шапалақ ұрындар.

Мысалы: гүл, жүзім, алма, қатық, апорт, от, пима, Ұлбала, қайшы, ұл, ыдыс, оқтау, аққу, әтеш, тауық, Ұлжан, көбелек, ымырт, Алпамыс, айна, етік, қарлығаш, ұлу, жүген, түйе, ұста, ожау, тамаша, алмұрт, ірімшік, сыпырғыш, Олжас, жылан, отын, алақан т.б.

Дәптермен жұмыс

1. Суретке қара. Сызба бойынша үш сөйлем құра.
2. Дыбыстық талдау жаса.

Педагог тақтады дыбыстық талдау жасау үшін, бір балаланы тақтаға шақырады. Қалғандары орындарында тапсырманы орындайды. Тақтадағы дыбыстық талдаумен дәптердегі жұмыстарын тексереді.

Тақтаға сөздердің сызбасын іледі.

Торт сөзіне дыбыстық талдау жасатады.

Торт –1 буын, 4 дыбыс.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Ұшақ сөзінің дыбыстық талдауы.

Ұшақ – 2 буын, 4 дыбыс.

Ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Ш – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Сергіту сәті

Ұшты-ұшты құлын ұшты.

Ұшты-ұшты мұрын ұшты.

Ұшты-ұшты кептер ұшты.

Ұшты-ұшты дәптер ұшты.
Ұшты-ұшты қарға ұшты.
Ұшты-ұшты арба ұшты.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Суретті штрихта.

4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Алақанды ысқылап,
Қыздырайық балақай.
Алақаның ысыды,
Қарандаршы алақай!

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?
– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 53 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Сөздің дыбыстық сызбасы.

Мақсаты: сөздің дыбыстық сызбасы туралы алған білімдерін бекіту.

Міндеттері: 1. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарға сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.

2. Сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.

3. Кез келген тапсырманы ұқыпты орындауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: берілген бірінші буынға сөз айтады, сөздің дыбыстық сызбасын анықтайды.

Түсінеді: сызбадағы белгілерді.

Қолданады: дыбыс, буын туралы білімін.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері

Билингвалды компонент: зырылдауық – юла.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог оқу қызметін “Қайсысы қалай дыбыстайды?” ойынымен бастайды.

1. Жылқы . . . (кісінейді)

2. Спыр . . . (мөңірейді)

3. Ит . . . (үреді)

4. Қой . . . (маңырайды)

5. Мысық . . . (мияулайды)

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыпты қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

– Сөйлем туралы не білесіңдер?

– Сөйлем деген мағына жағынан бір-бірімен өзара байланысқан сөздердің жиынтығы, ол аяқталған ойды білдіреді.

– Сөйлем неден жасалады?

– Сөйлем сызбасы қалай сызылады?

– Буын неден жасалады?

– Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?

– Дауыссыз дыбыстар ше?

Дидактикалық ойын: «Пишініне қара»

Педагог балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.

Мысалы: *парта, фабрика, көйлек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, шабадан, чек т.б.*

Педагог балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.

Мысалы: *балық, вагон, гараж, галым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, гарыш, дос, жалбыз, зырылдауық, баспалдақ, вагон, гүл, гарышкер, дөңгелек, жер, зауза, бал т.б.*

Педагог балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.

Мысалы: *мысық, лақ, нан, радио, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, нарын, рауғаиш, лала гүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.*

Педагог балаларға алдарындағы дыбыстық сызбасы бар карточкаларды алуларын сұрайды.

Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр»

– Балалар, мен айтқан сөйлемді сендер мағынасына қарай жалғастыруларың керек.

Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек.

Мысалы:

Педагог:

Анам үйге

Інім картоп

Атам сиырды

Алма өте

Өзен қыста

Лақтар өте

Достар шахмат

Медет – жақсы

Балалар:

кірді.

аршыды.

суғарды.

дәмді.

катады.

сүйкімді.

ойнады.

бала.

–Бүгін біз дыбыстық сызбасы салынған карточкаға сәйкес келетін сөздерді табамыз. Біз сөзге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың түрін анықтауды үйрендік. Дыбыстық талдау жасау үшін, сөздегі дыбыстарды оқып, олардың дауысты, дауыссыз екенін анықтап

аламыз, буынға бөлеміз, неше дыбыс, неше әріптен тұратын анықтаймыз. Содан кейін әр дыбысты тиісті дөңгелектермен белгілейміз.

Алдарындағы дыбыстық сызбаға назар аударындар, не көріп тұрсындар? Барлық торкөздер тиісті белгілермен белгіленіп тұр. Қасында сурет бар. Ненің суреті?

–Күннің суреті.

–Бұл – күн сөзінің дыбыстық сызбасы екен. Келесі дыбыстық сызбаны қарайық. Ол жерде де барлық торкөздері белгіленген екен. Енді мен сендерге екі сурет көрсетейін. Бұлар – бақ пен гүл. Дыбыстық сызба осы екі суреттің қайсысына сәйкес келеді, тауып айтындар. Бұл – бақ сөзінің дыбыстық сызбасы екен. Дыбыстық сызбаны сөзге дұрыс таңдау үшін сөздің неше дыбыстан тұратынын, оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз екенін біліп алу керек. Дауысты дыбыс нешеу, дауыссыз дыбыс нешеу? Сөздегі дыбыс саны, сызбадағы дыбыс санына сәйкес келе ме? Сәйкес келетін дұрыс сызбаны таңдау керек.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. Дауыссыз дыбыстардан жасалатын сөздерді көк киіз үймен, дауысты дыбыстан басталатын сөздерді қызыл киіз үймен сәйкестендір.

2. Дыбыстық сызба дұрыс па? Тексер.

Педагог тақтаға сызбаны іліп бір баланы тақтада дыбыстық талдау жасауға шығарады. Балалар тақтаға қарап дәптердегі сызбаның дұрыстығын тексереді. Педагог көмек керек балаларға жеке жұмыс жасап көмектеседі.

Жағажай сөзіне дыбыстық талдау.

Жағажай – 3 буын, 7 дыбыс.

Ж – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Ғ – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Ж – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Й – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Дәрі сөзінің дыбыстық талдауы.

Дәрі – 2 буын, 4 дыбыс бар.

Д – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Ә – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

І – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Сергіту сәті

Кәне, қанат жазайық,

Қарлығашқа ұқсайық.

Ұшып-ұшып алайық,

Орнымызға қонайық.

Білімде алда болайық.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Суреттерді штрихта.

4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Бір, екі, үш, кәне, жина күш.
Саусақтарды басайық,
Жаттығуды жасайық.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 54 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені үйрендік?

Мақсаты: сөйлем, дыбыс туралы білімдерін пысықтау.

Міндеттері: 1. Сызба бойынша сөйлем құрауларын жетілдіру, сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру.

2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру.

3. Штрихтау, үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіреді, сызба бойынша сөйлем құрайды.

Түсінеді: сөйлемнің сөздерден құралатынын.

Қолданады: дыбыстықтарды ажыратады

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері

Билингвалды компонент: маса – комар, түлкі – лиса.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Дидактикалық ойын «Төлін айт» ойынын балалармен ұйымдастыру.

1. Ешкінің төлі – . . . (лақ)
2. Қойдың төлі – . . . (қозы)
3. Сиырдың төлі – . . . (бұзау)
4. Жылқының төлі – . . . (құлын)
5. Түйенің төлі – . . . (бота)

2. Негізгі бөлім

Өткен тақырыпты қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

– Сөйлем туралы не білесіңдер?

– Сөйлем деген мағына жағынан бір-бірімен өзара байланысқан сөздердің жиынтығы, ол аяқталған ойды білдіреді.

- Сөйлем неден жасалады?
- Сөйлем сызбасы қалай сызылады?
- Буын неден жасалады?
- Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?
- Дауыссыз дыбыстар ше?

Дидактикалық ойын: «Көпше түрін айт»

– Мен сендерге допты лақтырып бір сөз айтамын, сендер сол сөздің көпше (көп) түрін айтып допты кері лақтырасыңдар.

Мысалы: *қыз-қыздар, ұл-ұлдар, аға-ағалар, дәптер-дәптерлер, қозы-қозылар, жүзім-жүзімдер, орындық-орындықтар, алма-алмалар, қоян-қояндар, түлкі-түлкілер, жіп-жіптер, ине-инелер, көбелек-көбелектер, етік-етіктер, сақина-сақиналар, дыбыс-дыбыстар, мысық-мысықтар, қасқыр-қасқырлар, аю-аюлар, жылқы-жылқылар* т.б.

Дидактикалық ойын: «Түісті белгіні көтер»

Педагог дыбыстар, буындар, сөздер айтады, балалар -и- дыбысын естісе қызыл белгіні көтереді. Кім дұрыс көтереді жұлдызша беріліп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады.

Мысалы: а, р, о, и, м, и, а, к, е, и, т, и, б, ...

Бар, ки, сық, ға, ман, ай, пи, ма, па, ға, қай, ти....

Лақ, ит, мал, ау, ми, сөз, тиін, кілем, киіз, түйе, ала, қаймақ...

Дидактикалық ойын: «Соңғы дыбысты ұста!»

– Балалар бүгін біз шеңберде сөз тізбегін жасаймыз. Мен «құмыра» сөзін айтып бастаймын да, соңғы «а» дыбысын созып тұрамын, келесі бала соңғы дыбыстан басталатын сөз ойлап, қолмен ұстағандай қимыл жасайды, соңғы дыбысқа жаңа сөз айтып, соңғы дыбысты созып айтады. Балалар созып айтқан дыбысқа сөз айтып, ойынды жалғастырады (ойын осылай жалғасын табады).

Мысалы: *Құмырааа - алмааа - айраннн - наррр - раушаннн - найзағаййй - инеее - ешкііі - іззз - зырылдауық - қамшыыы - ыдыссс - сағаттт - тасбақааа - алтыбақаннн - наннн - намыссс - сазаннн - нағашыыы - ысқырықққ - қанттт* т.б.

– Балалар сөз тізбегінде қандай дыбыстарды созып айту қиынға соқты? Не себепті деп ойлайсыңдар? Дауыссыз дыбыстыларды созып айтуға келмейтінін ұмытпаңдар.

Дәптермен жұмыс

1. Суретерді ата. «С» дыбысының орнын анықта, сызбада белгіле. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк түспен боя.

2. Бұл қай суреттің дыбыстық сызбасы? Қос.

3. Суреттерді ата. Қ дыбысы бар суреттерді белгіле.

Билингвалды компонент: маса – комар, түлкі – лиса.

Сергіту сәті

Көңілді секіртпе

Секіреміз орнымызда біз оңай,
Секіреміз оңға, солға дәл солай.
Тіземізді көтереміз жоғары,
Тік ұстайық денемізді болғаны.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Үзік сызықтарды бастыр.

5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Саусағымыз айқасып,
«Жеңемін» деп шайқасып,
Бірін-бірі тартады.
Білекке сенім артады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

- Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 55 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау.

Мақсаты: дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау.

Міндеттері: 1. Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.

2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.

3. Үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы эстетикалық талғамдарын және бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: сөз тіркесінің мағынасын түсініп, оны жалғастырады.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сызбамен жұмыс істей алу дағдыларын.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері, суреттер.

Билингвалды компонент: балық – рыба, кірпі – еж, бақа – лягушка, найзағай – молния, жел – ветер.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Жалпы атауын айт» ойынын балалармен ұйымдастыру.

1. Бір, екі, үш, төрт – ... (*сандар*)

3. Шаңсорғыш, тоңазытқыш, газ плита – ... (*асхана жабдықтары*)

4. Қазақ, орыс, қырғыз, өзбек, ұйғыр – ... (*ұлттар*)

5. Майра, Анар, Жанар, Бағила – ... (*есімдер*)

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дыбыс деген не?

2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді?

3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?

4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?

- 5) Дауыссыз дыбыстарды ше?
- 6) Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- 7) Буынды қалай белгілейміз?
- 8) Сөйлем деген не?
- 9) Сөйлем неден тұрады?
10. Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»

Педагог дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.

Дидактикалық жаттығу: «Туісті белгіні көтер»

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.

Дидактикалық ойын: «Сөз тізбегі»

Педагог бір сөз айтып допты балаларға лақтырады, допты қағып алған бала сол сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөз айтып, допты бір балаға лақтырады. Ойын осылай жалғасын табады. Мысалы: (*ана-арба-алмұрт- тарақ- қармақ- қалта- айран-нан-нағашы- ыдыс-сағыз- зәкір- рауғаш- шана-алтын-неге- етік-көмір т.б.*)

Дидактикалық жаттығу: «Сөз тіркесі не дейді?»

Педагог: – Мен сөз тіркесін айтамын, не туралы екенін айтыңдар.

1. Онымен салат жейміз – . . . (шанышқы).
2. Нан кесеміз – . . . (пышақ).
3. Оған тамақ пісіреміз – . . . (қазан).
4. Онымен шай ішеміз – . . . (кесе).
5. Оған отырамыз – . . . (орындық).
6. Оған нан саламыз – . . . (нан салғыш).
7. Оған ыдыс саламыз – . . . (сөре).
8. Онымен сорпа құямыз – . . . (ожау).
9. Оған тамақ саламыз – . . . (табақ).

Дидактикалық ойын: «Буынды жалға»

Педагог:

– Мен сендерге сөздің басы буынын айтамын да допты лақтырамын, сендер сөздің екінші буынын жалғап допты кері қайтарасыңдар.

Мысалы: *ба-нан, сұл-гі, ора-мал, кі-тап, қай-шы, жү-зім, са-рай, ар-ман, ал-мұрт, күй-ші, са-ғат, шал-бар, көй-лек, қал-пақ, қам-шы, қа-мыс, құ-лын, қи-яр, қа-ғаз, ке-се, қо-быз, қол-тық, жү-рек, тыр-нақ т.б.*

Дәптермен жұмыс

1. Жұмбақтардың жауабын суреттерден тап, сызықпен қос. Табиғат құбылыстарын білдіретін суреттерді жасыл түсті қарындашпен белгіле.

Жұмбақтар

Аузы бар, тілі жоқ,
Терісі бар, жүні жоқ.
Қанаты бар ұшпайды,
Су астында қыстайды.

Дегендей ешкім тимесін,
Алыпты қадап инесін.

Жерді де мекен етеді,
Көлді де мекен етеді.

Жөңкиді бұлттар дүркіреп,

Жауады жауын күркіреп.
Аспанның жүзі жарқ етті,
Ақ найза жерге сарқ етті.

Қанаты жоқ ұшады,
Аяғы жоқ желеді,
Аузы жоқ ұлиды.

Билингвалды компонент: балық – рыба, кірпі – еж, бақа – лягушка, найзағай – молния, жел – ветер.

2. Дыбыстық талдау жаса.

Педагог **бала, төрт, қара** сөздерінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі. Үш бала тақтада **бала, төрт, қара** сөздеріне дыбыстық талдау жасайды. Қалған балалар орындарында талдау жасайды, қателескендер тақтамен тексеріп қателерін түзейді.

Сергіту сәті

Қайшы

Қолымызды алшақ алып тұрамыз,
Қайшы болып қағазды да қиямыз.
Қолды соз, шынтақты бүкпе,
Жаттығу қиын емес түк те.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Үзік сызықтарды бастыр.

4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Алақанның біреуін
Кері қарай бұрайық.
Алақаны демалсын,
Қол үстінен ұрайық.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 56 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Ойнай отырып оқимыз

Мақсаты: түрлі ойындар арқылы балалардың алдыңғы тақырыптар бойынша алған білімдерін пысықтау.

Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру.

2. Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

3. Ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: жасырылған сөзді, сипаты арқылы табады, сөздің неше дыбыстан тұрғанын анықтайды, берілген буынның жалғасын табады.

Түсінеді: қарама-қарсы сөздерді түсінеді.

Қолданады: буынға бөлуде сызбаны қолданады, дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері

Билингвалды компонент: қайшы – ножницы, өрік – абрикосы, алма – яблоко.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендерге ашық аспан, көтеріңкі көңіл күй және сәтті күн тілеймін. Алақанымызды ашайық күннің нұрынан салайық, жүрегіміздің лүпілінен салайық, көтеріңкі көңіл күйден салайық, ал енді достарымызға үрлейік. Барлықтарыңда бүгін күндей күліп жүретін болдыңдар.

Балалар, бүгінгі оқу қызметімізде түрлі тапсырмаларды орындаймыз. Сендер дайынсыңдар ма?

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыс деген не?
- 2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді?
- 3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?
- 4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- 5) Дауыссыз дыбыстарды ше?
- 6) Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- 7) Буынды қалай белгілейміз?
- 8) Сөйлем деген не?
- 9) Сөйлем неден тұрады?
10. Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»

Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.

Дидактикалық жаттығу: «Туісті белгіні көтер»

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.

Дыбыстық жаттығу: “Ұйқасын тап”

Педагог буынның аяғын айтады, балалар ұйқас сөзді тауып жалғастырып айтады.

Ау-ау-ау, не деген биік **тау**.

Гер-гер-гер, науқасты емдейтін . . . (дәрігер)

Тік-тік-тік, қыста кидің . . . (етік)

Қан-қан-қан, жайды әжем . . . (дастарқан)

Яр-яр-яр, тұздағынымыз . . . (қияр)

Тап-тап-тап, оқып отырмын . . . (кітап)

Қы-қы-қы, жайылып жүр . . . (жылқы)

Иыр-иыр-иыр, сүті қою . . . (сиыр)

Не-не-не, қолыма кірді . . . (ине)

Қа-қа-қа, бақылдайды . . . (бақа)

Дидактикалық жаттығу: “Қарама-қарсы сөзін айт”

Ал енді мен айтқан сөздің қарама-қарсы сөзін тауып айтыңдар.

жіңішке – . . . (жуан) үлкен – . . . (кіші)
ұзын – . . . (қысқа) пысық – . . . (жалқау)
ашты – . . . (жапты) құрғақ – . . . (ылғал)
қара – . . . (ақ) биік – . . . (аласа)
жұмсақ – . . . (қатты) ыстық – . . . (суық)

Дидактикалық жаттығу: “Жасырылған сөз”

Шарты: бала бір сөздің атын тура атамай, оны сипаттайды. Балалар сол сөзді табады.

Мысалы: “Ол күз мезгілінен кейін келеді”, “Ол келмесе, Аязата мен Ақшақар келмейді”.

Жауабы: қыс.

Мысалы: кітап, күз, теледидар, көбелек, терезе т.б.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. Неше дыбыстан тұратынын сызбада көрсет.

2. Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл.

Билингвалды компонент: қайшы – ножницы, өрік – абрикосы, алма – яблоко.

Сергіту сәті

Қырағы көздер

Көздеріміз қырағы екен,

Бәрін көріп тұрады екен.

Тамашалап оң жақты,

Бақылайды сол жақты.

Аспанға да қарайды екен,

Жұлдыздарды санайды екен.

Қарайды да төменге,

Көз салады еденге.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Үзік сызықтарды бастыр.

4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Қолды алға созамыз,

Алақанды бұрамыз.

Алақанның сыртымен

Шапалақты ұрамыз.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, , көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 57 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау

Мақсаты: дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын бекіту.

Міндеттері: 1. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.

2. Суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.

3. Әрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дауыссыз дыбыстан басталатын заттарды анықтайды, сөздерді буынға бөледі, дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың жасалу жолын түсінеді.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады, буынға бөледі.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент: ғимарат – здание.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Жалпы атауын айт» дидактикалық ойыны.

1. Қайың, терек, шырша – ...

3. Сызғыш, дәптер, кітап, қаламсап – ...

4. Манты, ет, сорпа, палау – ...

5. Орындық, үстел, сөре, диван – ...

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дыбыс деген не?

2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді?

3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?

4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?

5) Дауыссыз дыбыстарды ше?

6) Сөзді буынға қалай бөлеміз?

7) Буынды қалай белгілейміз?

8) Сөйлем деген не?

9) Сөйлем неден тұрады?

10) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Дидактикалық ойын: «Пішініне қара»

Педагог балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.

Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек т.б.*

Педагог балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.

Мысалы: *вагон, балық гараж, галым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, гарыш, зебра, дос, зырылдауық, жалбыз, бантик, виньетка, гүл, дөңгелек, гарышкер, жер, бал т.б.*

Педагог балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.

Мысалы: лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, нарын, рауғаиш, лала гүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс т.б.

Дидактикалық жаттығуы: «Буынға буын қос»

(педагог балаларға суреттер көрсетеді)

Педагог: -Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар. Мысалы: (ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын,дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май...мыл, бал...та, бал...ға, пар...та, қызғал...дақ, түйме...дақ, ке...рует, кәм...пит, ке...се, ке...ме, қуыр...шақ т.б.)

Дәптермен жұмыс

1. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата. Сөйлем құра. Сызбасын сыз.

– Дауыссыз қатаң, ұяң, үнді дыбыстардың жасалу жолын естеріңе түсіріңдер.

Балалар педагогтің тапсырмалары бойынша жұмыс жасайды, сұрақтарға жауап береді.

Мысалы: Қатаң дауыссыз сөздер: қала, көше, көліктер, шөп.

Ұяң дауыссыз сөздер: ғимарат, жол, бала, бұлт, жаз, бағдаршам, даңғыл.

Үнді дауыссыз сөздер: метро.

Дидактикалық жаттығу: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»

– Балалар мен сендерге заттың сипатын айтамын сендер сол сипатқа сай суреттен көрген дауыссыз дыбыстан басталатын затты айтыңдар.

Мысалы: әдемі ...*(көлік)*, заманауи ...*(қала)*, биік ...*(ғимарат)*, жасыл ... *(желек)*, ұзын ...*(көше)*, жедел ..*(жәрдем)*, үш түсті ...*(бағдаршам)*, жылдам ...*(метро)*, аппақ ... *(бұлт)*, үлкен ...*(терезе)* т.б.

Дәптермен жұмыс

2. Дыбыстық талдау жаса.

Көше, ағаш сөздеріне дыбыстық талдау жаса. Педагог тақтаға сөздердің сызбасын іледі.

Көше сөзіне дыбыстық талдау.

Көше сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.

К – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Ө – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Ағаш сөзіне дыбыстық талдау.

Ағаш – 2 буын, 4 дыбыс.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Ғ – ұяң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз.

А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Ш – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз.

3. Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл.

Сергіту сәті

Жаттығуды біз бастаймыз,

Орнымызда адымдаймыз.

Қатар тұрып тізілеміз,

Бір, екі деп біз санаймыз.

Денемізді тік көтеріп,

Аяқтарды нық басамыз.

Оңға-солға қолды сермеп,

Қатар болып жұптасамыз.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Үзік сызықтарды бастыр, боя.

5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Екі үйрек келеді,

Бірін-бірі көреді.

Бір-біріне қарайды,

Сәлемдесіп алады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 58 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені үйрендік?

Мақсаты: дауысты, дауыссыз және сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.

Міндеттері: 1. Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру.

2. Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы және де дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлауларын дамыту.

3. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөздердің бірінші дыбысын анықтайды және талдау жасайды, сөздердегі буын санын анықтайды.

Түсінеді: дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын, буынның жасалу жолын.

Қолданады: сөйлем сызбасын, дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент: ат – лошадь.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен «Көпше түрін айтамыз» ойынын ойнап оқу қызметін бастайды.

1. Аю – ... (*аюлар*)

2. Құс – ... (*құстар*)

3. Аң – ... (*аңдар*)

4. Қой – ... (*қойлар*)

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дыбыс деген не?

2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді?

3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?

- 4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- 5) Дауыссыз дыбыстарды ше?
- 6) Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- 7) Буынды қалай белгілейміз?
- 8) Сөйлем деген не?
- 9) Сөйлем неден тұрады?
- 10) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Ойын: «Сөз тізбегі»

Педагог допты балаға беріп бір сөз айтады. Бала педагог айтқан сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөзді айтып, допты келесі балаға береді. Ойын осылай жалғасын табады. Ойын барысында бірінші және ең соңғы дыбысты анық айтылуы шарт.

Дидактикалық ойын: «Тиісті белгіні көтер»

– Дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді араластырып айтамын, сендер тиісті қызыл, көк түсті жалаушаларды көтеріңдер.

Мысалы: *маймыл, ақ аю, ат, жолбарыс, түйе, бұзау, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан, керік, тышқан, ит, доңыз, мысық, тай, қой, құлын, тауық, ешкі, лақ, сиыр, бота, қозы, көжсек, бақа, ағаш, гүл, балық, қарға, арпа, арқан, ботқа, шапша, мақта, қағаз, базар, жапырақ, ит, үйшік, балта, балға, егеу, керует, қамшы, алқа, доп, керік, кекілік, бор, қорық, қоныс, тиін, марғау, жылан т.б.*

Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт»

(Педагог суреттерді көрсетеді).

– Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды.

Мысалы: *өшіргіш(ө), әтеш(ә), апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешкі(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б.*

– Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер?

– Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.

Қатаң дауыссыз дыбыстарға сөздер: *пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (қ), тышқан (т), шымшық (ш), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетка (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ) т.б.*

– Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар.

Иә, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер. Өйткені ауыз қуысынан кедергіге ұшырап шығып тұр, тек салдырдан тұрады, созып айтылмайды.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттегі жануарлардың аты қандай дыбыстан басталып тұр анықта. Үй жануарлар туралы сөйлем құра. Сызбасын сыз.

Балалар тапсырманы орындауға кіріседі. Балалардың жауаптары тыңдалады.

Мысалы:

ат - (а) - жуан дауысты дыбыс.

түйе - (т) - қатаң дауыссыз дыбыс.

аю - (а) - жуан дауысты дыбыс.

қоян - (қ) - қатаң дауыссыз дыбыс.

бұзау - (б) - ұяң дауыссыз дыбыс.

қасқыр - (қ) - қатаң дауыссыз дыбыс.

арыстан - (а) - жуан дауысты дыбыс.

Билингвалды компонент: ат – лошадь.

2. Суреттерді ата. Бірінші дыбысты анықта. Дауысты дыбыстардан басталатын суреттерді қызыл, дауыссыз дыбыстардан басталатын көк үйге қос. Сөздерді буынға бөл.

Сергіту сәті

Қайшы

Қолымызды алшақ алып тұрамыз,
Қайшы болып қағазды да қиямыз.
Қолды соз, шынтақты бүкпе
Жаттығу қиын емес түк те.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Үзік сызықтарды бастыр.

4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Айдын шалқар көлдерде
Балықтар өмір сүреді.
Шолпылдатып құйрығын,
Әрі-бері жүзеді.

3. Рефлексия

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 59 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені білдік?

Мақсаты: қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін пысықтау.

Міндеттері: 1. Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру.

2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы есте сақтауларын мен зейіндерін дамыту.

3. Достыққа тәрбиелеу, өнерге баулу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерден сөйлем құрайды, дыбыстың орнын анықтайды.

Түсінеді: дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады, түсінеді.

Қолданады: сөйлем сызбасын сызады, дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері, мақал-мәтелдер.

Билингвалды компонент: көбелек – бабочка.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Сипатынан тап» ойынын педагог балалармен ұйымдастырады.

1. Шықылдайды, құйрығы ұзын, мысықтың жауы – ...*(тышқан)*

2. Мойны ұзын, екі құлақты, екі ішекті, тарта білсең әдемі әуен шығады –...(домбыра)
3. Жасыл түсті, инесі көп, дәнін оның тиін сүйіп жейді – ...(шырша)
4. Түсі сұр, өзі қорқақ, құлағы ұзын – ...(қоян)
5. Өзі аппақ, суық пенен суды сүйер сүйкімді бір жануар – ...(ақ аю)

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыс деген не?
- 2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді?
- 3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?
- 4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- 5) Дауыссыз дыбыстарды ше?
- 6) Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- 7) Буынды қалай белгілейміз?
- 8) Сөйлем деген не?
- 9) Сөйлем неден тұрады?
- 10) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»

Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.

Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.

Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»

– Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын, мағынасы ұқсайтын сөз ойлап айтуларың керек.

Мысалы: әдемі ... (қыз), ағаш ... (бесік), темір ... (қаламсап), ақымақ ... (бала), қу ... (түлкі), қорқақ ... (қоян), терең ... (құдық), суық ... (қыс), жылы ... (көтем), дәмді ... (нан), жылы ... киім), сүтті ... (сиыр), момақан ... (қозы), пайдалы ... (тамақ), тәтті ... (балмұздақ), қалың... (кітап), жұқа... (мата), жұмсақ... (мақта), керек ... (балға), әнші ... (қыз), мықты ... (жігіт), әдемі ... (көбелек), қызыл ... (шалбар), сары ... (өрік), өткір ... (пышақ), дарынды ... (бала) т.б.

Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын ата»

(Педагог суреттер көрсетеді).

– Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап бірінші дыбысын анықтап айтасындар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды.

Мысалы: апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), әтеш(ә), өшіргіш(ө), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б.

– Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттындар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.

Қатаң дауыссыз дыбыстарға сөздер: пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (қ), тышқан (т), шымшық (ш), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетка (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ) т.б.

– Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттындар.

Иә, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер. Өйткені ауыз қуысынан кедергіге ұшырап шығып тұр, тек салдырдан тұрады, созып айтылмайды.

– Балалар, өнерлі бала деп кімдерді айтамыз?

– Сендердің қандай өнерлерің бар? Өнерлі болған жақсы ма әлде жаман ба?

Мақал-мәтел

1. Өнерлі өрге жүзеді.

– Мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер?

Балаларға өз ойларын айтқызу.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттен қатаң, ұяң, үнді дыбыстардан басталатын сөздерді ата. Балалар не істейді? Сызба бойынша сөйлем құра.

Педагог балалармен бірге тапсырманы талқылайды.

– Балалар ұяң дауыссыз дыбыстарды есімізге түсірейік: (*б, в, г, з, д, ж, з.*)

– Суретте осы ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттер бар ма?

Балалардың жауабы тыңдалады.

Домбыра, жүзу, гүл, бояңдару, доп, жапырақ.

– Жарайсыңдар, балалар, ал енді қатаң дауыссыз дыбыстарды есімізге түсірейік:

(*п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч, щ.*) Осы қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді суреттен тауып көрейік.

Шахмат, сурет, көбелек, футбол, тау, тақия, қақпашы, шырша, цирктегідей.

– Жарайсыңдар, балалар!

– Үнді дауыссыз дыбыстарды есімізге түсіріп, олардан басталатын сөздерді суреттен тауып көрейік: (*й, л, м, н, ң, р, у.*)

Микрофон, раушан гүлі.

2. Суреттерді ата. «ш» дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк түспен боя.

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрайық,

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Біз бір дем алайық.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Үзік сызықтарды бастыр.

Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

«Бәрінен де мен күшті,» –

Деп айтады оң қол.

«Неге сен? Ал мен ше!» –

Деп келіспейді сол қол.

Екі қолдың күштерін,

Кәне, сынап көрейік.

Оңға солға тартайық,

Дастастырып қайтайық.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 60 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау

Мақсаты: төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру.

Міндеттері: 1. Сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру.

2. Сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.

3. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын түсінеді.

Қолданады: дыбыстық талдаудың сызбасын, дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент: дүкен – магазин.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог оқу қызметін жалпы атауын ата ойынан ұйымдастыру арқылы бастайды.

1. Дәрігер, аспазшы, тігінші – . . . (*мамандықтар*)
2. Ұшақ, зымыран, тікұшақ, дельтаплан – . . . (*ұшатын көліктер*)
3. Футбол, волейбол, хоккей – . . . (*спорт түрлері*)
4. Қасқыр, арыстан, қоян, керік – . . . (*жабайы аңдар*)
5. Көлік, қуыршақ, доп, секіртпе – . . . (*ойыншықтар*)

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыс деген не?
- 2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді?
- 3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?
- 4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- 5) Дауыссыз дыбыстарды ше?
- 6) Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- 7) Буынды қалай белгілейміз?
- 8) Сөйлем деген не?
- 9) Сөйлем неден тұрады?
- 10) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Дыбыстармен жұмыстар.

Ойын: «Жалауды көтер» (дыбыс, буын, сөз)

Педагог дыбыстарды, буындарды, сөздерді айтады: д,р,у, п, ш,н,у, к...

Па, шу, ио, уын, қу, ти, са, лау, сур, ту, лақ, ми, ри, на, ту, на, пақ.....

Апа, саумал, садақ, шулама, шалбар, аққу, дала, сақина, қауын.....

Балалар «у» дыбысын естігенде, қызыл жалаушаларын желбіретеді.

Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»

– Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. Мысалы: алма (қызыл), тон (жылы), мысық (сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), доп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді), банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)... т.б.

Дидактикалық жаттығу: «Түсіп қалған буынды жалға»

– Мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын сендер түсіп қалған буынды жалғап отырасындар. Мысалы: сауын...шы, асқа...бақ, таңқу...рай, құлпы...най, жас...тық, мақ...та, балмұз...дақ, қар...быз, жаң...ғақ, бақта...шы, қуыр...шақ, құмырс...қа, қам...шы, қа...йық, қал...қан, ли...мон, апель...син, домбы...ра, дор...ба, жапы...рақ, көр...пе, көзілді...рік, кө...ше, көр...ші, көлең...ке, құр...дас, қалжың...бас, қай...мақ, те...мір, көй...лек, ше...лек, күнба...ғыс, күн...діз, тыр...нақ, те...ңіз, оқ...тау, бала...лар, қыз...дар, жолба...рыс, арыс...тан т.б.

Әр дұрыс жауапқа педагог жұлдызша таратады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады.

Дәптермен жұмыс

1. Дүкендегі ойыншықтарды ата. Сөздер қандай дыбыстан басталып тұр?

Педагог балалармен бірге тапсырманы талқылайды. Балалар ойыншықтарды атайды.

(Зымыран, робот, ғарышкерлер, қоян, мысық, нар, керік, секіртпе, мүйізтұмсық, арыстан, скейт, ұшақ, доп, қуыршақтар, көлік).

Зымыран – з – ұяң дауыссыз дыбыс.

Робот – р – үнді дауыссыз дыбыс.

Ғарышкерлер – ғ – ұяң дауыссыз дыбыс.

Қоян – қ – қатаң дауыссыз дыбыс.

Мысық – м – үнді дауыссыз дыбыс.

Нар – н – үнді дауыссыз дыбыс.

Керік – к – қатаң дауыссыз дыбыс.

Секіртпе – с – қатаң дауыссыз дыбыс.

Мүйізтұмсық – м – үнді дауыссыз дыбыс.

Арыстан – а – жуан дауысты дыбыс.

Скейт – с – қатаң дауыссыз дыбыс.

Ұшақ – ұ – жуан дауысты дыбыс.

Доп – д – ұяң дауысты дыбыс.

Қуыршақтар – қ – қатаң дауыссыз дыбыс.

Көлік – к – қатаң дауыссыз дыбыс.

Педагог балаларға ойыншықтардың басталып тұрған дыбыстарын қайталатып, дұрыс айтуға жаттықтырады.

– Қалай ойлайсындар суреттегі балалар қандай ойыншық таңдайды, ал сен қандай ойыншық таңдар едің?

Балалардың ойларын тыңдау.

2. Суреттерді ата. Тиісті дыбыстық сызбамен қос.

3. Дыбыстық талдау жаса.

Шеге сөзінің дыбыстық талдауы.

Педагог тақтаға шеге сөзінің дыбыстық талдауын іледі. Балаларға дәптерде жұмыс жасауға тапсырма беріледі. Бір бала тақтада талдау жасайды.

Шеге сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.

Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Г – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Сергіту сәті

Пингвин

Өкшемізді қосамыз,

Балпаң-балпаң басамыз.
Асулардан асамыз,
Біздер пингвин боламыз.
Білекті біз түреміз,
Қатарласып жүреміз.
Адаспаймыз білеміз,
Пингвин болып жүреміз.

Дәптермен жұмыс (*графикалық жұмыс*)

4. Үзік сызықтарды бастыр, боя.

5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Қолымызды қайшы етіп,
Қағаздарды қиямыз.
Қиып - қиып аламыз,
Біз көңілді баламыз.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 61 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Сөйлем құрай білеміз.

Мақсаты: сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.

Міндеттері: 1. Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру.

2. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту.

3. Ұқыптылыққа, досқа адал болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: суретке қарап сөйлем құрайды, сөйлемге қажетті сөзді қосады.

Түсінеді: сөздердің жалпы атауын, көп-аз ұғымын түсінеді.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөйлемнің сызбасын.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент: мысық – кошка, тышқан – мышка.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог оқу қызметін «Жалпы атауын ата» дидактикалық ойынымен бастайды.

1. Әке, аға, ана, әпке – . . .

2. Орындық, үстел, сөре, керует – . . .
3. Шалбар, тымақ, шалма, жейде – . . .
4. Кітап, дәптер, қалам, сызғыш – . . .
5. «Тығылыспақ», «Қуаласпақ», «Мысық - тышқан», «Ақ серек – көк серек» – ...

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыс деген не?
- 2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді?
- 3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?
- 4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- 5) Дауыссыз дыбыстарды ше?
- 6) Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- 7) Буынды қалай белгілейміз?
- 8) Сөйлем деген не?
- 9) Сөйлем неден тұрады?
- 10) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»

Педагог дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.

Дидактикалық жаттығу: «Туісті белгіні көтер»

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.

Дидактикалық ойын: «Буынды қос» (доппен)

– Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:(ай- на, алты-бақан, ба-қа, маймыл, жыл-қы, түйме- дақ,). Ойынды өзгертуге болады.

Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»

– Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек.

Мысалы:

Әкем балғамен шегені ... (*шегеледі*).

Әжем шұлық ... (*тоқыды*).

Көбелек гүлге ... (*қонды*).

Бағдаршамда қызыл түс ... (*жанды*).

Құрылысшы кірпіш ... (*қалады*).

Дәрігер науқасты ... (*емдеді*).

Атам газет ... (*оқыды*).

Балалар далада ... (*ойнады*).

Әпкем ыдысты ... (*жуды*).

Ағай күй ... (*тартты*).

Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр»

Мақсаты: Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету.

Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет.

Мазмұны: педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: *Әсем ойнап жүр.*

Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: *Әсем аулада ойнап жүр.*

Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. *Әсем аулада досымен ойнап жүр.*

Дидактикалық ойын: «Көп-аз»

Педагог: -Мен сендерге сөзді көпше түрінде айтамын да допты лақтырамын, допты қағып алған бала сол сөздің жекеше түрін айтады да допты кері лақтырады.

Мысалы: *балықтар – балық, керіктер – керік, алмалар – алма, гүлдер – гүл, ағаштар – ағаш, қоңыздар – қоңыз, ұлулар – ұлу, орындықтар – орындық, тарақтар – тарақ, кеселер – кесе, қасықтар – қасық, қозылар – қозы, лақтар – лақ, тайлар – тай, құстар – құс, көбелектер – көбелек, мысықтар – мысық, үйлер – үй, достар – дос, көліктер – көлік, кітаптар – кітап, қаламдар – қалам, үстелдер – үстел, саусақтар – саусақ* т.б.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттегі ойын түрлерін ата. Сөздерді буынға бөл. Ойын атауларын қатыстырып, сөйлем құра, сызбасын сыз.

(«Мысық-тышқан», әткеншек, асық, батпырауық, сырғанақ, доп).

2. Суреттерді ата. «П» дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк түспен боя.

Сергіту сәті

Мысық

Басты иіп алға созыл керіліп,
Жиналамыз артқа қайта шегініп.
Тағы созыл алға қара қиылып,
Бүкірейтіп көтер арқаны жиырып.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Үзік сызықтарды бастыр.

4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып, жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Кіп-кішкентай саусақтар
Шаршамайды, тынбайды.
Себебі бұл саусақтар
Жаттығулар жасайды.

Түрлі-түрлі сызықтар,
Дәптерлерге жазады.
Еңбексүйгіш саусақтар,
Бәрінен де озады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 62 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені білдік?

Мақсаты: өткен тақырыптарды пысықтау.

Міндеттері: 1. Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру.

2. Сөйлемдегі сөздің орнын анықтауға, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту.

3. Өнерлі болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөйлем құрайды, сөйлемнің сызбасын сызады, сөздерді буынға бөледі, сөздерді буын бойынша сәйкестендіреді, берілген дыбысқа сөз ойлайды және айтады, сөздердің жалпы атауын атайды.

Түсінеді: сөйлемнің сөзден, сөздің дыбыстан тұратынын түсінеді.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөздерді буынға бөледі.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері.

Билингвалды компонент: тақпақ – стихотворение.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог оқу қызметін «Жалпы атауын ата» ойынын ойнату арқылы бастайды.

1. Көбелек, құмырсқа, қоңыз, өрмекші – . . .

2. Алма, алмұрт, жүзім, анар – . . .

3. Қызанақ, қияр, сәбіз, пияз – . . .

4. Маржан, Ажар, Асыл, Ерке – . . .

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дыбыс деген не?

2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді?

3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?

4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?

5) Дауыссыз дыбыстарды ше?

6) Сөзді буынға қалай бөлеміз?

7) Буынды қалай белгілейміз?

8) Сөйлем деген не?

9) Сөйлем неден тұрады?

10) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Дидактикалық ойын-жаттығу «Жалауша»

Педагог дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.

Дидактикалық жаттығу: «Туісті белгіні көтер»

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.

Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».

Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек.

Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с» сағыз, «р» раугаш, «у» уық, «к» кілем, «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «ц» щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б.

Дидактикалық ойын: «Пішініне қара»

Педагог балаларға көк түсті шаршыны көрсетіп, қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.

Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк, чек* т.б.

Педагог балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.

Мысалы: *, вагон, балық гараж, галым, диктор, жүзім, зәкір, баспахана, велосипед, газ, гарыш, зебра, дос, зырылдауық, жалбыз, бантик, виньетка, гүл, дөңгелек, гарышкер, жер, бал* т.б.

Педагог балаларға көк түсті үшбұрышты көрсетіп үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды.

Мысалы: *лақ, мысық, нан, уық, мылтық, литр, нәресте, раушан, уылдырық, мәшине, радио, нарын, рауғаи, лала гүл, марғау, мал, мерген, нар, лашын, уыс* т.б.

Дидактикалық ойын: «Эстафета».

Педагог сөйлемді айтады, оны қайталайды, сөйтіп бірінші баланың алдына текше немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады.

Педагог келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек.

Дәптермен жұмыс

1. Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Іс-әрекетті білдіретін сөздермен сызба бойынша сөйлем құра.

Педагог балалармен бірге тапсырманы талқылайды.

- Қалай ойлайсыңдар, балалар не істеп жатыр?
- Ортадағы бала достарына не оқып берді деп ойлайсыңдар?
- Достарының көңіл күйіне мән беріңдер. Олардың көңіл күйлері қандай?

Балалардың жауабы тыңдалады.

– Балалар суретке байланысты *достар, қыздар, балалар, тақпақ, кітап* сөздерін буынға бөлейік. Балалар шапалақтау арқылы сөздерді буынға бөледі. Сөйлемдер құрайды.

2. Суреттерді ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос.

Сергіту сәті

Құдық

Шелекті аламыз,
Құдыққа саламыз.
Иіліп еңкейіп,
Су тартып аламыз.
Толтырып шелекті,
Қайтадан тартамыз.
Дем алып асықпай,
Ауылға қайтамыз.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Үзік сызықтарды бастыр, боя.

4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып, жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Партадағы саусақтар,
Адымдайды, жүреді.
Өнерлі бұл саусақтар,

Сурет сала біледі.
Ортанғы мен сұқ саусақ,
Түйекұсты салады,
Төңкеріліп аспанға.
Қоян да бола қалады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

- Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 63 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені үйрендік?

Мақсаты: алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.

Міндеттері: 1. Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.

2. Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.

3. Театрда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру арқылы мәдениетті болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөздерді буынға бөледі, берілген дыбысқа сөз ойлап айтады, сөйлем құрайды.

Түсінеді: буыннан сөз құралатынын.

Қолданады: буын туралы білімін, дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері

Билингвалды компонент: қойылым – представление.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балаларға сөздер айтады, балалар қай жерге тиесілі екенін табады.

1. Сахна, перде, микрофон, орындық – ... (*театр*)
2. Орындық, касса, рупор – ... (*вокзал*)
3. Сөрелер, касса, азық-түлік – ... (*дүкен*)
4. Қолжуғыш, сүлгі, сабын, айна – ... (*жуынатын бөлме*)

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыс деген не?
- 2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді?
- 3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?
- 4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- 5) Дауыссыз дыбыстарды ше?
- 6) Сөзді буынға қалай бөлеміз?

- 7) Буынды қалай белгілейміз?
 8) Сөйлем деген не?
 9) Сөйлем неден тұрады?
 10) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Дыбыстармен жұмыс

Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»

Педагог дыбыстар айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.

Дидактикалық жаттығу: «Туісті белгіні көтер»

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.

Ойын: «Сөздер тізбегі»(доппен)

Педагог балаға допты беріп сөз айтады. Бала айтылған сөздің соңғы дыбысына сөз айтып, допты әрі қарай береді. Сөзді айтқанда бастапқы және соңғы дыбысты анық айту қажет. Сөздер тізбегін айту барысында нені анық айтып, нені мұқият тындадыңдар? (*Дыбысты*)

Мысалы: *шар-радио-ожау-уылдырық-қымыз-зәкір-рауғаи-шалма-алма-алтын- нан- нар-риза-алмұрт-тас-сағат-тарақ-қасық-қант-табақ-қалам-мама-апельсин- нағашы-ыдыс- семсер т.б.)*

Дидактикалық ойын «Жоғалған дыбыс»

– Мен сендерге суреттерді көрсетіп, суреттің атауын бастапқы дыбысын дыбыстамай айтамын, ал сендер менің қатемді түзеп, жоғалған дыбысты қосып сөзді толық айтуларың керек.

Мысалы: - *...олбарыс(ж), ...ысық(м), ...аймыл(м), ...асбақа(т), ...ышқан(т), ...рыстан(а), ...арабан(б), ...әріхана(д), ...арандаш(қ), ...аламсан(қ), ...өзілдірік(к), ...үшік(к), ...втобус(а), ...роллейбус(т), ...лдаркөсе(А), ...алапан(б), ...айық(қ), ...асқыр(қ), ...ағдаршам(б), ...артоп(к), ...әбіз(с), ...ызанақ(қ), ...ырыққабат(қ), ...сқабақ(а), ...армақ(қ), ...йыншық(о), ...квартиум(а), ...ақта(т), ...уыршақ(қ), ...елосипед(в), ...амокат(с) т.б.*

Дидактикалық жаттығу: «Қайсысы дұрыс?»

– Балалар, мен бір дыбысын анығырақ созып, қандай да бір сөзді айтамын, ал сендер тура солай қайталаңдар. Қалай айту керек, қайсысы дұрыс екенін анықтаймыз.

Мысалы: *ааалжапқыш-алжапқыыыш, баааағдаршам- бағдаршааам, ддээріхана-дәріханааа, қооойылым- қойылыыым, ААалпамыс-Алпамыыыс, шааапалақ-шапалааақ, жааапырақ-жапалааақ, дооомбыра-домбырааа, қоообыз- қобыыыз, жаааалбыз- жалбыыыз, қааасық-қасыыық, жаааарғанат-жарғанааат, жыыылқы-жылқыыы, тееекше-текшеее, бааалапан- балапаан, бооотақан-ботақаан, көөөзілдірік -көзілдіріік, жаааапырақ- жапырааақ , көөөрпе-көрпеее т.б.*

Дидактикалық ойын: «Досыңды шақыр»

– Балалар, көздеріңді жұмып, мына жағдайды елестетіңдер. Орманда досыңнан адасып қалдың. Сендер бір-біріңді табу үшін, не істер едіңдер? (*Досымыздың атын атап шақырамыз*).

Мысалы: (*Дастаааан! Серікбоооол! Айғаныыыым! Айшаааа! Ернаааар! Балжаааан! Ардаааақ! Санжаааар! Берііік! Мерееей! т.б.)*

– Балалар, сендер достарыңды шақырғанда, қай буынды созып айттыңдар? Дұрыс, ең соңғы буынды созып айттыңдар.

Дәптермен жұмыс

1. Суретке қара. Сөйлемдер құра, сызбасын сыз.

Педагог балалармен бірге тапсырманы талқылайды.

– Балалар қайда отыр?

- Олар қандай қойылымды көріп отыр.
 - Сахнадан кімдерді көрдіңдер?
 - Балалар сендер ата-аналарыңмен театрға бардыңдар ма?
 - Қандай қойылым көрдіңдер?
 - Театрда өзін қалай ұстау керек білесіңдер ме?
 - Театрда шулап сөйлеуге болмайды.
 - Тықырлатып тамақ ішуге болмайды.
 - Қойылым аяқталмай шығуға болмайды.
2. Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл.

Сергіту сәті

Гүлдер

Қызыл, сары аппақ гүлдей,
 Жайқалайық өсейік.
 Айналамыз құлпырсыншы,
 Гүлден кілем төсейікші
 Самал желмен тербелеміз,
 Біз әдемі гүлдерміз.
 Ауламызға өң береміз,
 Табиғаттың көркіміз.

Дәптермен жұмыс (*графикалық жұмыс*)

3. Үзік сызықтарды бастыр, боя.
4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Саусақтар шықты қыдырып,
 Балетке келді жүгіріп.
 Залдың шамы сөнөді,
 Бишілер билеп береді.
 Балет қандай тамаша!
 Қол соғайық таласа.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

- Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 64 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені үйрендік, нені білдік?

Мақсаты: дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру.

Міндеттері: 1. Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру.

2. Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.

3. Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сызбаға байланысты сөйлем құрайды, берілген тақырыпқа сөз ойлап, буынға бөледі, дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіреді.

Түсінеді: сөз ішінен мағынасы бөлек сөзді табады, мағынасын түсінеді.

Қолданады: дыбыстық сызбамен жұмыс жасау, дыбыстарды ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері, қызыл, көк текшелер.

Билингвалды компонент: бағдаршам – светофор.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Артығын тап» ойынын педагог балалармен ойнатады.

1. Автобус, троллейбус, поезд, ұшақ.
2. Зымыран, ұшақ, тікұшақ, дельтаплан, кеме.
3. Түймедақ, раушан, қызғалдақ, бәйшешек, қайың.
4. Арыстан, түлкі, қоян, аю, мысық.
5. Білезік, сақина, моншақ, сырға, телефон.

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыс деген не?
- 2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді?
- 3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?
- 4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- 5) Дауыссыз дыбыстарды ше?
- 6) Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- 7) Буынды қалай белгілейміз?
- 8) Сөйлем деген не?
- 9) Сөйлем неден тұрады?
- 10) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Дидактикалық жаттығу: «Түісті текшені көтер»

Педагог дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда қызыл түсті текшені, дауыссыз дыбыстарды айтқанда көк түсті текшені көтереді.

Дидактикалық жаттығу: «Түісті белгіні көтер»

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.

Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс»

Педагог: Балалар, енді **«Сөз жарысын»** ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады).

Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады.

Дидактикалық ойын: «Қазып ал»

– Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар.

Мысалы: кққасқыр(к), еетік(е), ттүлкі(т), өөерік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжжаз(ж), мммоншақ(м), кққоңыз(к), кққолшатыр(к), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), кққарға(к), сссазан(с), шшшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), ккқобыз(к), сссандық(с), тттекемет(т), еееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б.

– Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?

Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»

– Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.

Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.

– Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші?

Балалардың жауабы тыңдалады.

Балалар дәптердегі суретке мұқият қараңдар.

Дәптермен жұмыс

1. Суретке қара. Сызба бойынша сөйлем құра.

2. Жұмбақты шеш. Шешуін буынға бөл.

Бір көзім: «Кідір!» – дейді,

Бір көзім: «Жүр!» – дейді.

Бір көзім: «Абайла!» – дейді, –

«Қарап ал, маңайға!» – дейді.

3. Бағдаршамның түстерін ата. Сары түсті белгіні тиісті дыбыстық сызбамен қос.

Сергіту сәті

Паровоз

Кәне, енді тұрайық,

Бір қатарды құрайық.

Белімізден ұстасып,

Алға бағыт бұрайық.

Паровоз боп ойнайық,

Вагондарды жалғайық.

Сапар шегіп алысқа,

Алға қарай зулайық.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Үзік сызықтарды бастыр.

5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Бір, екі, үш, кәне, жина күш.

Саусақтарды басайық,

Жаттығуды жасайық.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 65 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Дыбыстық талдау

Мақсаты: дыбыстық талдауды үйретуді жалғастыру.

Міндеттері: 1. Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту.

2. Дыбыстық сызба мен оған сәйкес суретті сәйкестендіруге, сөздерді буынға бөлгізуге жаттықтыру арқылы ақыл-ойларын дамыту.

3. Спортпен айналысу адам денсаулығы үшін пайдалы екенін ұғындыру.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сызба бойынша сөйлем құрайды, сөздерді буынға бөледі, сызбадан белгісіз дыбыстың орнын анықтайды, дыбыстық талдауды өз суретімен сәйкестендіреді.

Түсінеді: жіңішке, жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөйлем сызба бойынша сөйлем құрайды.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: қуыршақ Айсұлу, № 2 жұмыс дәптері

Билингвалды компонент: тау – гора.

ҰОҚ барысы

1.Ұйымдастыру кезеңі

Педагог сөздер оқиды, балалар қай мезгілге жататынын табады.

1. Қыргүйек, қазан, қараша –

2. Желтоқсан, қаңтар, ақпан –

3. Наурыз, сәуір, мамыр –

4. Маусым, шілде, тамыз –

2. Негізгі бөлім

Өткен тақыптарды қайталау.

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?

2) Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?

3) Жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолы?

4) Жіңішке дауысты дыбыстарды жасалу жолын түсіндір?

5) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?

6) Буында неше дауысты дыбыс болады?

Дидактикалық ойын: «Тиісті түсті көрсет»

Педагог дыбыстарды айтады: к, ө, б, н, т, ч,с, ы, п, р, л, д, ф, ж т.б. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны көтеру керек.

Дидактикалық ойын: Жоғалған дыбыс»

– Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер.

Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і), ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б.

Ғажайып сәт. Балалар қуыршақ Айсұлу бізге тапсырмалары бар хатқалта алып келіпті. Қуыршақты үстел үсіне жайғастырады. Педагог хатқалтаны ашып, тапсырмаларын оқиды.

«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы

(Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады)

-**ал** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.

Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б .

-**оқ** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.

Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.

-**жа** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.

Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалтылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б.

Ойын соңында жұлдызшасы ең көп бала жеңімпаз болады.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. Сызба бойынша сөйлем құра.

2. Дыбыстық талдау жаса

Таң, бұлт сөздеріне дыбыстық талдау жаса. Педагог балаларға орындарында өз беттерімен дыбыстық талдау жасатады. Дыбыстық сызбаны тақтаға іліп бір- бір баладан тақтада жасатады. Балалар жұмыстарын тақтадағы талдаумен салыстырады, қателерін түзейді.

Таң сөзінің дыбыстық талдауы.

Таң сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.

т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

а – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

ң – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Бұлт сөзіне дыбыстық талдау.

Бұлт – 1 буын, 4 дыбыс.

б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Сергіту сәті

Шынықтыру маршы

«Сау болсын» деп деніміз,

Шынығамыз бәріміз.

Ерте оян, ерте тұр,

Алға қадам жасаймыз.

Жаттығуды бастаймыз,

Денсаулықты шынықтыр!

Дәптермен жұмыс

3. Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл.

4. Штрихта

5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Саусағымыз айқасып,

Жеңемін деп шайқасып,

Бірін-бірі тартады.

Білекке сенім артады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 66 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені үйрендік.

Мақсаты: дыбыстық талдау жасауды жалғастыру.

Міндеттері: 1. Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, берілген буыннан басталатын сөз ойлап айтуға, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету меңгерту.

2. Сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы есте сақтау және логикалық ойлауларын дамыту.

3. Тағамның пайдасы, олардағы ағзасына қажетті дәрумендер туралы түсіндіре отырып, дұрыс тамактанудың пайдасын ұғындыру.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, сөздердің жалпы атауын атайды, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады, сөздерді буынға бөледі, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады, буынға -буын жалғап сөз құрайды.

Түсінеді: қарама қарсы сөздердің мағынасын.

Қолданады: дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады, буынға -буын жалғап сөз құрайды.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері, сөздің дыбыстық сызбалары.

Билингвалды компонент: сүт – молоко.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог оқу қызметін «Жалпы атауын айт» дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды.

1. Сиыр, ешкі, қой, жылқы – . . .
2. Тау, ағаш, гүл, тас – . . .
3. Қазан, қасық, кесе, тәрелке – . . .
4. Қаймақ, ботқа, ірімшік, май – . . .

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыс деген не?
- 2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді?
- 3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?
- 4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- 5) Дауыссыз дыбыстарды ше?
- 6) Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- 7) Буынды қалай белгілейміз?

- 8) Сөйлем деген не?
9) Сөйлем неден тұрады?
10) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс»

– Мен бір тақырып айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: Жабайы аңдар, жәндіктер, ыдыстар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады).

Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.

Дидактикалық ойын: «Буынды айтып сөз құра»

Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады.

Мысалы: Ал. . . ма, ба. . . қа., са...ғыз, ал...мұрт, ма..., ке...ме, де..., шал...қар, қа...зы, ти...яз, бә...тенке, т.б.

Педагог өз ойынан басқа да буындарды айтса болады.

Балалар сендердің дендерің сау, мықты болып өсу үшін дәрумендері мол, балғын тағамдармен қоректенулерің керек.

Дидактикалық жаттығу: «Қарама-қарсы сөзді айт»

Майлы – ... (майсыз).

Сұйық – ... (қою).

Ащы – ... (тұщы).

Дәмді – ... (дәмсіз).

Қатты – ... (жұмсақ).

Ұнайды – ... (ұнамайды).

Балалар қарама-қарсы сөздерді айтады.

Дәптермен жұмыс

1. Суретте қара. Тағам атауларын ата. Сөйлем құрап, сызбасын сыз.

2. Суреттерді ата. Дыбыстық талдау жаса.

Ыдыс, ешкі, құрт сөздеріне дыбыстық талдау жасау

Педагог балаларға дәптерлерінде орындауға тапсырма береді. Дыбыстық сызбаларды тақтаға іліп, әр сызбаға бір баладан тақтаға шақырып, дыбыстық талдау жасатады, қалған балалар тақтамен жұмыстарын тексереді.

Педагог дыбыстық талдау жасау барысында сөздегі әр дыбысты анық айтуларын сұрайды.

Ыдыс сөзіне дыбыстық талдау.

Ыдыс сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар

Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Д – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Құрт сөзінің дыбыстық талдауы.

Құрт – 1 буын, 4 дыбыс.

Қ – қатаң дауыссыз дыбыс,

Ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

Ешкі сөзіне дыбыстық талдау.

Ешкі – 2 буын, 4 дыбыс.

Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

К – қатаң дауыссыз , көк түспен белгілейміз.

І – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.

3.Сөздерді буынға бөл. Тиісті сызбамен қос.

Сергіту сәті

Балдырғандар маршы

Адымдаймыз көңілді,
Алға қарай сенімді.
Тік көтеріп кеудені,
Адымдаймыз жігерлі.

Адымдаймыз көңілді,
Алға қарай сенімді.
Шеңбер болып тұрайық,
Дөңгелекті құрайық.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Суреттерді штрихта.

5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Алақанның біреуін
Кері қарай бұрайық.
Алақаны демалсын,
Қол үстінен ұрайық.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 67 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені үйрендік?

Мақсаты: сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.

Міндеттері: 1. Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру.

2. Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту.

3. Спортпен айналысу қажеттігін түсіндіру арқылы салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөйлем құрайды, сөздердің дыбыстық сызбасын сызады,буынға бөледі, сөздердің жалпы атауын атайды.

Түсінеді: сөздердің мағынасын түсінеді, спорттың пайдасын түсінеді.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөйлем сызбасын сызады..

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері

Билингвалды компонент: денсаулық – здорovie.

ҰОҚ барысы

1.Ұйымдастыру кезеңі

Педагог оқу қызметін «Жалпы атауын ата» дидактикалық ойынымен бастайды.

1. Дәрігер, аспазшы, тігінші – . . .
2. Гитара, домбыра, барабан – . . .
3. Шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш – . . .
4. Автобус, трамвай, такси – . . .
5. Хоккей, волейбол, футбол – . . .

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыс деген не?
- 2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді?
- 3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?
- 4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- 5) Дауыссыз дыбыстарды ше?
- 6) Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- 7) Буынды қалай белгілейміз?
- 8) Сөйлем деген не?
- 9) Сөйлем неден тұрады?
10. Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»

Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.

Дидактикалық ойын: «Қайтала»(доппен)

Балалар мен сендерге допты лақтырып бірінші дыбысты айқынырақ айтып сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар.

Мысалы: қққасқыр(қ), ккккітап(к), бббаққа(б), вввагон(в), ггарыш(г), дддоп(д), жжжалбыз(ж), зззәкір(з), лллақ(л), мммақта(м), нннан(н), сссағыз(с), пппарта(п), ррррадио(р), фффабрика(ф), чччупа-чччупс(ч), цциркуль(ц), һһһаһ((һ), шшшахмат(ш), ттттиін(т), щщщетка(щ), хххат(х), уууылдырық(у).т.б.

– Балалар осы дыбыстарды айтқанда не байқадыңдар, дыбыстарды айту оңай болды ма?

– Ауыздан шығатын ауаға кедергілер жасалады екен.

– Ал ол кедергілер нелер? (ерін, тіл, тіс, т.б.).

– Бұлар қандай дыбыстар?

Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»

– Мен сендерге бір сөзі жетіспейтін сөйлем айтамын, сендер мазмұны байланысатындай етіп сөз жалғауларың керек.

1.Көктемде жылы жақтан құстар ...

2. Дәрия ыдысты ...

3. Анам жұмыртқа ...
4. Аю балды ...
5. Орманда қасқырлар ...
6. Әкем қармақпен балық ...
7. Ернар қараторғайға ұя ...
8. Ағашқа торғайлар ...
9. Түлкі өте қу

Дәптермен жұмыс

1. Спорт түрлерін ата. **Дәл тигізді, жүйрік екен, жылдам жүзді** сөздерін қатыстырып, сөйлем құра. Сөйлемнің сызбасын сыз.

2. Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл.
3. Суреттерді сәйкес дыбыс сызбамен қос.

Сергіту сәті

Екпінді марш

Кім таңертең жаттығудан қалмайды,
Сол ауырып дәрігерге бармайды.
Түшкірмейді, ауырмайды ешқашан,
Дені сау боп балалармен ойнайды.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Үзік сызықтарды бастыр.
4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Қолды алға созамыз,
Алақанды бұрамыз.
Алақанның сыртымен
Шапалақты ұрамыз.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

- Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 68 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені білдік?

Мақсаты: өткен тақырыптарды естеріне түсіріп қайталату.

Міндеттері: 1. Сызба бойынша сөйлем құрауға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру.

2. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.

3. Балаларға тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру арқылы әдепті болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөйлем құрайды, сөйлемді мазмұнына қарай аяқтайды.

Түсінеді: дауысты, дауыссыз дыбыстардың сөздегі орнын, тиым сөздердің мағынасын түсінеді.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады, тиым сөздерді қолданады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері, көркем суреттер.

Билингвалды компонент: сөздер – слова.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

«Артығын тап» ойынын педагог балалармен ұйымдастырады.

1. Кесе, тәрелке, қазан, қасық, асық .(асық)
2. Жылқы, қой, қозы, түйе, бие, шие. (шие)
3. Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус)
4. Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз , жүзім. (жүзім)
5. Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе)

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыс деген не?
- 2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді?
- 3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?
- 4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- 5) Дауыссыз дыбыстарды ше?
- 6) Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- 7) Буынды қалай белгілейміз?
- 8) Сөйлем деген не?
- 9) Сөйлем неден тұрады?
- 10) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Дидактикалық жаттығу: «Туісті текшені көтер»

Педагог дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда қызыл түсті текшені, дауыссыз дыбыстарды айтқанда көк түсті текшені көтереді.

Дидактикалық жаттығу: «Туісті белгіні көтер»

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.

Дидактикалық ойын: «Дұрыс көрсет»

Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз екенін атап береді.

Ойын: «Сөз тізбегі»

Педагог балаларға допты беріп сөз айтады, бала сөз аяталған дыбыстан басталатын сөз бір сөз айтып допты келесі балаға береді. Ойынға барлық бала қатысыды. Сөздің басындағы және соңындағы дыбыстарды мұқият тыңдау, дұрыс айту ескертіледі.

Мысалы: *алиша-алмұрт-тарақ-қант-тау-уық-қалам-мал-лақ-қазан-нағашы-ыдыс-сағыз-зәкір-рауғаш-шар-радио-ожау-уыс-сәбіз, Зарина-алқа-аю.*

«Дыбысты тап» дидактикалық ойыны

1. **Қоңыз** сөзінде жуан дауысты «о» дыбысы нешінші буында естіліп тұр.
2. **Қозы** сөзінде жуан дауысты «ы» дыбысы нешінші буында естіліп тұр.
3. **Қораз** сөзінде жуан «а» дауысты дыбысы нешінші буында естіліп тұр.
4. **Тауық** сөзінде жуан «ы» дыбысы нешінші буында естіліп тұр.

«Сөздің бірінші дыбысын айт» дидактикалық ойыны

(Педагог суреттер көрсетеді).

– Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды.

Мысалы: *ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешкі(е), элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), әтеш(ә), өшіргіш(ө), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б.*

- Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар?
- Дауысты дыбыстардан басталатын сөздер.
- Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер?
- Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.

Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер: *кілт (к), киіз (к), қант (қ), тышқан (т), шымыш (ш), пима (п), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетка (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), фабрика (ф), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ) т.б.*

- Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар?
- Қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер.
- Дұрыс. Өйткені ауыз қуысынан кедергіге ұшырап шығып тұр, тек салдырдан тұрады, созып айтылмайды.

«Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны

Педагог сөйлемді бастайды, ал балалар аяқтайды.

Мысалы:

Асхат таңертең ... (*бақшаға барды*).

Анамның ертең ... (*туған күні*).

Маржан кеше ... (*ерте тұрды*).

Балалар қатты ... (*қуанды*).

Ерланның иті ... (*қабаған*).

Менің сіңілім ... (*мысықты жақсы көреді*).

Әкем көп ... (*жұмыс жасайды*).

Достарым мені ... (*сыйлайды*).

Әжем бауырсақ ... (*пісірді*).

Бізге кешігуге (*болмайды*).

- Балалар, сендер тыйым сөздерді білесіңдер ма?
 - Тыйым сөздер деген не?
 - Тыйым сөздерді үлкендерден естігендерің бар ма?
- Балалардың жауабы тыңдалады.

Дәптермен жұмыс

1. Сурет бойынша қандай тыйым сөздерді айтуға болады? Сызбаға қарап, бірнеше сөйлем құра.

2. Суреттерді ата. Бірінші дыбысты анықта. Дауысты дыбыстан басталса, торкөзді қызыл түспен, дауыссыз дыбыстан басталса, көк түспен боя.

Сергіту сәті

- Екі көзің не үшін керек?
- Жақсыларды көру үшін!
- Екі қолың не үшін керек?
- Елге көмек беру үшін!
- Құлақ деген не үшін керек?
- Ақыл-кеңес тыңдау үшін!
- Жүрек деген не үшін керек?
- Жауларыңнан қаймықпау үшін!
- Тіл мен жағың не үшін керек?
- Ақиқатты айту үшін!
- Ал аяғың...

Ал аяғың сыртта жүрсен
Туған жерге қайту үшін!

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

3. Суреттерді штрихта.

4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Екі үйрек келеді,
Бірін-бірі көреді.
Бір-біріне қарайды,
Сәлемдесіп алады.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

- Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?
- Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 69 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Үйренгендерімізді қайталаймыз.

Мақсаты: сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту.

Міндеттері: 1. Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту.

2. Сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.

3. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: суретті дыбыстық талдауымен сәйкестендіреді, сызбаға байланысты сөйлем құрайды, сөздерді буынға бөледі.

Түсінеді: сөйлемнің сөздерден құралатынын.

Қолданады: дыбыс, буын, сөз, сөйлем сызбаларын ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері

Билингвалды компонент: күшік – щенок.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балаларға «Не қалай дыбыстайды?» дидактикалық ойынын ойнату арқылы бастайды.

1. Жылқы ... (кісінейді).
2. Сиыр ... (мөңірейді).
3. Ит ... (үреді).
4. Мысық ... (мияулайды).
5. Әтеш ... (шақырады).

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыс деген не?
- 2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді?
- 3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?
- 4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?
- 5) Дауыссыз дыбыстарды ше?
- 6) Сөзді буынға қалай бөлеміз?
- 7) Буынды қалай белгілейміз?
- 8) Сөйлем деген не?
- 9) Сөйлем неден тұрады?
- 10) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

«Түісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы

Педагог дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда қызыл түсті текшені, дауыссыз дыбыстарды айтқанда, көк түсті текшені көтереді.

«Түісті белгіні көтер» дидактикалық жаттығуы

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.

«Кәне, тауып көр» дидактикалық ойыны

– Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыстарды айтамын, сендер алдарындағы сызбадан мен не айтсам соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап сызбасын көтересіңдер. Педагог алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді.

Мысалы: [p], -ба-, аққала, ар-, ор-, қа-, [e], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-, ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша-, ет, елік, білезік, күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-, іс-, -діз.

«Дұрыс санды таңда» дидактикалық ойыны

Педагог балаларға ойыншықтарды немесе суреттерді көрсетеді, ал олар суретте неше буын болса, сонша сан жазылған карточкаларды көрсетеді. Мысалы: доп – доп сөзінде 1 буын, 1 саны жазылған карточканы көрсету керек. Тапсырманы өзгертуге болады.

«Сөйлем құрай аламын» дидактикалық ойыны

Көрнекілігі: «Балабақшада», «Мектеп», «Жазғы орманда», «Дүкенде» тақырыптарындағы мазмұнды суреттер.

Педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем келе жатыр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем балабақшаға келе жатыр. Келесі бала тағы бір-екі сөйлемді қосады. Әсем балабақшаға анасымен келе жатыр. Кім ең үлкен сөйлемді құрап айтса, жеңімпаз болады.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. Тиісті дыбыстық сызбамен қос.
2. Суреттерді ата. Сызба бойынша сөйлем құра.
3. Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл.

Сергіту сәті

Кәне, қанат қағайық, қарлығаш боп ұшайық,
Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық.
Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық,
Сауысқан боп секіріп, тоқылдақ боп шоқиық.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Суреттерді штрихта.
5. Жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Айдын шалқар көлдерде
Балықтар өмір сүреді.
Шолпылдатып құйрығын,
Әрі-бері жүзеді.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 70 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені үйрендік, нені білдік?

Мақсаты: үйренгендерін қайталату, пысықтау.

Міндеттері: 1. Дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіруге арналған тапсырма арқылы дыбыс туралы білімдерін бекіту.

2. Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру.

3. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы мұқият жұмыс істеуде тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: дыбыстарды анықтайды, дыбыстың орнын табады, берілген дыбысқа сөздер айтады.

Түсінеді: дыбыстың сөздің басында, ортасында және соңында да кездесетінін.

Қолданады: дыбыс, буын, сөз, сөйлем сызбаларын ажыратады.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері, көркем суреттер.

Билингвалды компонент: жуан – толстый, жіңішке – тонкий.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Педагог балалармен «Қарама -қарсы сөзді тап» ойынын ұйымдастырады.

1. Қалың – ... (*жұқа*)

2. Суық – ... (*ыстық*)

3. Тәтті – ... (*ащы*)

4. Қисық – ... (*түзу*)

5. Ұзын – ... (*қысқа*)

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дыбыс деген не?

2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді?

3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз?

4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?

5) Дауыссыз дыбыстарды ше?

6) Сөзді буынға қалай бөлеміз?

7) Буынды қалай белгілейміз?

8) Сөйлем деген не?

9) Сөйлем неден тұрады?

10) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?

Педагог балалармен түрлі ойындар ойнау арқылы өтілген тақырыптарды қайталатады.

«Кім зейінді?» дидактикалық ойыны

Педагог балаларға әртүрлі суреттер, ойыншықтар көрсетеді. Егер сол суреттің басындағы дыбыс дауысты болса, балалар қызыл текшені, дауыссыз болса, көк текшені көтереді.

«Туісті белгіні көтер» дидактикалық жаттығуы

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.

«Сөздің бірінші дыбысын айт» дидактикалық ойыны

(Педагог суреттер көрсетеді)

– Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап бірінші дыбысын анықтап айтасындар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды.

Мысалы: *өшіргіш(ө), әтеш(ә), апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б.*

– Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.

Қатаң дауыссыз дыбыстарға сөздер: пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (к), тышқан (т), шымшық (ш), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетк (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), камшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ) т.б.

«Дыбыстың сөз ішіндегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы

Педагог **сағат, асық, қас** сөздерінің сызбасын тақтаға іліп, **с** дыбысының орнын табуды тапсырады. Тақтаға бір баланы шығарады. Балалар орнында жұмыс жасайды, егер дыбыс сөздің басында болса, басында тұрған төртбұрышты, егер ортасында болса, ортасындағы төртбұрышты, ал соңында болса, соңында тұрған төртбұрышты бояйды.

«Орамал тастамақ» дидактикалық ойыны

Ойын шарты: педагог дыбысты айтып, балаға орамал лақтырады. Бала сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек.

Педагог балалардың іс-әрекетін мұқият бақылап, қателеспеген, ойынға белсене қатысқан балаларға жалауша, жұлдызша немесе асықтар үлестіріп отырады.

Сабақтың соңында берілген заттар саналып, жеңімпаз белгіленеді.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. Дыбыстық сызбаны тиісті суретпен сәйкестендір.
2. Суреттерді ата. Бірінші дыбысты анықта. Жуан дауысты дыбыстан басталатын заттардың суретін жуан ағашқа, жіңішке дауысты дыбыстан басталатын заттардың суретін жіңішке ағашқа қос.
3. Сызбадан т дыбысының орнын анықта.

Сергіту сәті

Қолды белге қоямыз,
Бұрыламыз оңға бір,
Бұрыламыз солға бір,
Біз бақытты баламыз,
Гүл-гүл жайнап жанамыз,
Жақсы серігіп қаламыз.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Үзік сызықтарды үзбей бастыр, боя.
5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Ағайынды екеу екен
Біреуі оқымаған,
Біреуі сауатты екен,
Көп іске жауапты екен.
Ататын асықты да,
Ұстайтын қасықты да,
Хаттарды жазатын да,
Есікті ашатын да, өзі екен.

3. Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.

–Қай тапсырманы орындау барысында қиындық болды?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 71 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері.

Тақырыбы: Біз нені үйрендік?

Мақсаты: сөйлем құрау, сөйлемге сызба сыза алу дағдыларын бекіту.

Міндеттері: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту, буыннан сөз құрауды, сөзді буынға бөлуді жетілдіру.

2. Сөйлем құрауға, сөйлемнен бірінші, екінші, үшінші сөздерді таба білуге, сөйлемнің сызбасын сыза білуге жаттықтыру арқылы есте сақтауларын дамыту.

3. Нүктелердің үстімен суретті бастыру жұмысы арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөздегі түсіп қалған буынды табады, сөздерді буынға бөледі, сөйлем сызбасын сызады.

Түсінеді: дыбыс айтылуына қарай әртүрлі болатынын.

Қолданады: өткен тақырыпты естеріне түсіруді, дидактикалық ойында әртүрлі ойындар ойнауды.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері, «Сиқырлы текше», қуыршақ Айсұлу.

Билингвалды компонент: үстел – стол, кітап – книга, жеміс – фрукты.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу. Төмендегі өлеңді бірге айтады.

Біз қандаймыз, қандаймыз?

Шұғылалы таңдаймыз.

Жарқыраған күндейміз,

Ренжисуді білмейміз.

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?

2) Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?

3) Жуан дауысты дыбыстарды ата?

4) Жуан дауысты дыбыстарды ата, олардың жасалу жолы?

5) Жінішке дауысты дыбыстарды ата, олардың жасалу жолын түсіндір.

6) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?

7) Қатаң дауыстыларды ата? Олардың жасалу жолын түсіндір.

8) Ұяң дауыссыздарды ата, олардың жасалу жолын түсіндір.

9) Үнді дауыссыздар қалай жасалады? Оларды ата.

10) Буында неше дауысты дыбыс болады?

Ғажайып сәт

– Қуыршақ Айсұлу бізге қызықты тапсырмалар алып келіпті.

Дыбыстармен жұмыс

1-тапсырма

«Керісінше айт» дидактикалық жаттығуы

– Мен сендерге ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстардан тұратын буындар айтасындар.

ба-па	ва-фа	ға- қа	ге-ке	жа- ша	до-то	за-са
бо-по	во-фо	ғо-қо	го-ко	же-ше	де-те	зо-со
бе-пе	ве-фе	ғе-қе	га-ка	жо-шо		

2-тапсырма

«Сөзді қос» дидактикалық жаттығуы

– Тіл ұстартуға ұйқас сөз тіркестерін айтамын, буыны жоғалған, сендер жоғалған буынды жалғап, толықтырып айтасындар.

- яр-яр-яр – бізге берді қи-...яр;
- тыр-тыр-ыр – керек бізге ба-....тыр;
- кеш-кеш-кеш – түйеде бар екі өр-...кеш;
- үй-үй-үй – домбырамен тарттық к- ...үй;
- ін-ін-ін – келді, міне, ақ ти-... ін;
- қа-қа-қа – көлшікте отырған ба -...қа;
- қы-қы-қы – кісінеді жыл-...қы;
- тай-тай-тай- – біздің Арман кішкен-...тай;
- са-са-са - ызылдайды сары ма-...са.

3-тапсырма

«Сөзді бөл» дидактикалық ойыны

– Мен сендерге қандай да бір заттардың суреттерін көрсетемін, сендер шапалақпен суреттегі бейнеленген затты буынға өз беттеріңмен бөлесіндер. Мысалы: *гүл, үстел, ит, түлкі, сиыр, себет, жылан, қызанақ, балта, дәптер, мал, жеміс, жидек, піл, пальто т.б.*

Билингвалды компонент: үстел – стол, кітап – книга, жеміс – фрукты.

«Кім зейінді?» дидактикалық ойыны

Педагог балаларға әртүрлі суреттер, ойыншықтар көрсетеді. Егер сол суреттің басындағы дыбыс дауысты болса, балалар қызыл текшені, дауыссыз болса, көк текшені көтереді.

«Тиісті белгіні көтер» дидактикалық жаттығуы

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.

Билингвалды компонент: сырға – серьги, білезік – браслет.

Дәптермен жұмыс

1. Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл. Екі буыннан тұратын заттың суретін екі терезелі үйге, ал үш буыннан тұратын заттың суретін үш терезелі үйге қос.
2. Суреттерді ата. Дыбыстық сызбаны тиісті суретпен сәйкестендір.
3. Суреттерді ата. «Қ» дыбысының орнын тауып, сәйкес бөлікті көк түспен боя.

Сергіту сәті

Тікірейіп құлағы
Менен бұрын тұрады.

Бойын жазып керіліп,
Беті-қолын жуады.

Педагог балалармен «**Сиқырлы текше**» ойынын ойнайды.

Мақсаты: текшедегі аңдарға байланысты сөйлем құрату.

Ойын шарты: көңілді қиын емес әуен ойналады. Педагог және балалар шеңберге тұрады. Текшені бір-біріне қолдарына беріп, тақпақ айтады.

Алма кетті домалап,
Көше бойын аралап.
Кім алманы табады,
Сол ойыннан шығады.

Қай баланың қолында текше қалып қойса, сол бала текшені ортаға лақтырады. Педагог текшеде қандай сурет екенін балалардан сұрайды. Балалар жауап береді. Егер текшеде мысықтың суреті болса, педагог ол балаға **мысық** сөзін қатыстырып, сөйлем құратады.

(Текшенің әр бетінде мысық, күшік, қасқыр, жолбарыс, лақ, маса жануалардың суреттері бейнеленген)

Дәптермен жұмыс (*графикалық жұмыс*)

4. Штрихта.

5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.

Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Бір, екі, үш,
Кәне, жина күш.
Саусақтарды басайық,
Жаттығуды жасайық.
Сыңғыр, сыңғыр сырғалар
Құлағымда сыңғырлар.
Оң қолымда білезік,
Сол қолымда білезік,
Санап көрші, кәнеки,
1, 2, 3 – бір, екі, үш,
Демаламыз жинап күш.

3.Рефлексия.

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

– Бүгінгі оқу қызметімізде не ұнады?

– Қай тапсырма ең қызықты болды?

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

№ 72 ҰОҚ

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: Біз нені үйрендік, нені білдік?

Мақсаты: балалардың білімін пысықтау.

Міндеттері: 1. Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзын-және қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.

2. Сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту.

3. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сөзден дыбыстарды атайды, үш-төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды.

Түсінеді: дыбыс, сөз, сөйлемнің шартты белгілері қандай болатынын.

Қолданады: дыбыстарды ажыратады, сөздің сызбасын.

Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар: № 2 жұмыс дәптері, көркем суреттер.

Билингвалды компонент: қуыршақ – кукла, тауық – курица.

ҰОҚ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңберіне тұрғызу.

Қуан, шаттан, алақай,
Қуанатын күн келді,
Күліп шықты күн бүгін,
Қайырлы таң!
Қайырлы күн!
Қайырлы күн, балалар!

2. Негізгі бөлім

«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.

- 1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 2) Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай?
- 3) Жуан дауысты дыбыстарды ата?
- 4) Жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолы?
- 5) Жіңішке дауысты дыбыстарды ата, олардың жасалу жолын түсіндір.
- 6) Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады?
- 7) Қатаң дауыстыларды ата? Олардың жасалу жолын түсіндір.
- 8) Ұяң дауыссыздарды ата, олардың жасалу жолын түсіндір.
- 9) Үнді дауыссыздар қалай жасалады? Оларды ата.
- 10) Буында неше дауысты дыбыс болады?

Дыбыспен жұмыс.

Дидактикалық ойын: «Кім зерек?»

– Балалар көк, қызыл дөңгелектерді алындар да, үстел үстіне қойындар.

Егер мен дауыссыз дыбысты айтсам көк, ал егер дауысты дыбысты атасам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер.

Мысалы: -а-, -у-, к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю.

Сөзбен жұмыс.

«Сөзді өлшейік» дидактикалық жаттығуы

– Алақандарыңды үстел үстіне қойыңдар, енді сөзді айта бастағанда алақанның арасын аша түсеміз. Алақанның арасы жақын болса, онда біз қысқа сөз өлшедік, ал алақанның арасы алшақ болса, онда ұзақ сөз өлшегеніміз.

Мысалы: көз, жаз, кітапхана, дәріхана т.б..

«Дыбыстың сөз ішіндегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы

Педагог **лақ, алма, тал** сөздерінің сызбасын тақтаға іліп, -л- дыбысының орнын табуды тапсырады. Тақтаға бір балаланы шығарады. Балалар орнында жұмыс жасайды, егер дыбыс сөздің басында болса, басында тұрған төртбұрышты, егер ортасында болса, ортасындағы төртбұрышты, ал соңында болса, соңында тұрған төртбұрышты көк түспен бояйды.

Буынмен жұмыс

«Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны

– Мен сөздер айтамын, ал сендер мен айтқан сөздерді шапалақ ұру арқылы буынға бөлесіңдер. Мысалы: *Та-на, ал-ма, бал, тал, сыз-ғыш, кі-тап, қам-шы, ер, көл, қу-ыр-шақ, құс, та-уық, қо-ңыз, кө-бе-лек, са-уыс-қан, тек-ше, мар-ғау, жа-лын, ә-теш, ке-кі-лік, ақ-қу, кө-гер-шін, тас-ба-қа, ұ-шақ, а-пель-син, ман-да-рин, дом-бы-ра, ба-ра-бан, бел-дік, пар-та, са-на, ө-рік, кө-рік, сый-лық, кө-мір, ке-ру-ет, ди-ван, жа-лау, қай-мақ, ба-уыр-сақ, тал-қан, жыл-қы, мон-шақ, қы-мыз т.б.*

«Дұрыс көтер» дидактикалық ойыны

– Мен сендерге сөздерді оқимын, егер сөздерді дауысты дыбыстар жуан болса, сары дөңгелекті, жіңішке болса, қызыл дөңгелекті көтеріңдер.

Мысалы: *банан, күріш, ақымақ, анар, алжапқыш, әтеш, қызанақ, қияр, балға, балта, шалғы, қоңыз, қарға, сауысқан, шырын, сана, балық, қайшы, қаламсап, көбелек, төбелес, тоқылдақ.*

Сөздің дыбыстық талдауымен жұмыс.

«Дұрыс па, бұрыс па?» дидактикалық ойыны

Педагог **алша, түн** сөздерінің дыбыстық талдауын тақтаға іледі.

– Орындарыңда тақтадағы суреттердің атауына дыбыстық талдау жасаңдар. Педагог тақтаға бір балаланы шақырады дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тақтадағы жұмыстың дұрыс-бұрысын тексереді.

Дәптермен жұмыс

1. Түстерді ата. Тиісті дыбыстық сызбамен қос.
2. Сурет атында дауысты дыбыстар жуан болса, сары қарындашпен, жіңішке болса, қызыл қарындашпен қорша.
3. Сөйлем құра. Сызбасын сыз.

Сергіту сәті

Құлыншақ

Құлыншағым шапқылайды – тоқ, тоқ, тоқ,
Тұяқтары тақылдайды – тоқ, тоқ, тоқ.
Алыстағы ауылдарға шабады,
Жасыл өлке жайлауға да барады.
Құлыншақтың тұлымшағы желбіреп,
Өскенде ол жүйрік тұлпар болады.

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс)

4. Штрихта.
 5. Үзік сызықтарды бастыр.
- Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.

Педагог балаларға қарындашты қолдарына алғызып жазу үлгісін алдымен ауада жаздырады.

Саусақ жаттығуы

Қолды алға созамыз,
Алақанды бұрамыз.
Алақанның сыртымен
Шапалақты ұрамыз.

3. Рефлексия

Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР

«Дыбыстар қайда орналасқан» ойыны

Ойын мақсаты: дауысты дыбыстарды ажырата білуге үйрету.

Ойын шарты: үш сандықша жасалынады. Бірінші сандықшада дауысты дыбыс басында, екінші дауысты дыбыс ортасында, үшінші дауысты дыбыс соңында көрсетілген. Балаларға жазылған сөздер үлестіріліп береді. Дауысты дыбыстар сөздің қай жерінде кездеседі сол сөзді сандықшаларға салады.

«Сиқырлы сандық» ойыны

Мақсаты: дыбыстарды анық, асықпай, дұрыс айта білуге үйрету. Сөздерде дыбыстың дұрыс айтылуына назар аударту.

Ойын барысы: педагог әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (бота, құлыншақ, аю, мысық, мәшине). Балалар ойыншықтар арқылы сөйлемдер құрап береді.

«Сөзді керісінше ата» сөздік ойыны

Мақсаты: балаларды қарсы мағынадағы сөздерді таба білуге үйрету; көлем, кеңістіктегі арақатынас туралы білімдерін бекіту.

Мазмұны: педагог көлемді, кеңістіктегі бағытты немесе сандық қатынасты анықтайтын сөзді атап, допты бір балаға лақтырады. Бала осы сөзге қарсы мәндес сөзді атап, допты қайтадан педагогке лақтырады (үлкен – кішкентай, кең – тар, ұзын – қысқа, биік – аласа, қалың – жұқа, сол жақта – оң жақта, жоғары – төмен).

«Ертегі кейіпкерлерінің жұбын тап» ойыны

Мақсаты: балаларды «жұп» ұғымымен таныстыру.

Тақтаға мультфильмнің кейіпкерлері әр жерге ілінеді.

Балалар бір мультфильмнің екі кейіпкерлерін тауып, оларды жұптастырып қоюлары тиіс. Содан кейін балалар неше жұп болғанын, қайсысы жұпсыз екендігін анықтайды.

«Сиқырлы сандық» ойыны

Мақсаты: балалардың сөздік қорын, фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілік пен тез әрекет етуге үйрету.

Шарты: сиқырлы сандықтың ішінен дөңгелекшелерді алып, онда бейнеленген суретті атап, ондағы басқы және соңғы дыбысты атап, соңғы дыбыстан басталатындай етіп сөздерді ретімен орналастырып, дөңгелектерді ретімен бір-біріне байлау.

«Кім тапқыр?» ойыны

Мақсаты: берілген дыбыстың орныны таба білуге машықтандыру. Ойын барысында балалары зейінді болуға дағдыландыру. Түстерді тез айырып, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. Достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.

Көрнекілігі: берілген дыбысқа арналып салынған түрлі түсті суреттер, ойыншықтар, жалаулар.

Ойын шарты: педагог берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетіндігін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап, егер өтілген дыбыс сөздің басында болса, көк жалаушаны, соңында болса, қызыл түсті жалаушаны жоғары көтереді.

Мысалы: Самат, сағыз, тіс, сиыр, қасық, сабын, тас.

Басқа дыбыстарға да осылайша жалғастыра беруге болады.

«Қарама-қарсы сөздер» ойыны

Мақсаты: антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру.

Көрнекілігі: доп, карточкалар.

Ойын шарты: педагог шеңбер бойымен тұрған балаларға кезекпен допты лақтырып, қандай да бір сөзді айтады, ал допты ұстап алған бала педагогке кері лақтырып, айтылған сөзге қарама-қарсы сөзді айту керек.

Мысалы: үлкен – кішкентай», биік – аласа т.б.

«Бағдаршам» ойыны

Педагогтің қолында үш түсті – жасыл, сары, қызыл дөңгелектер (диаметрі – 10 см) болады. Жасыл түсті көтергенде, балаларға сөйлеп, жүгіріп, шулауға болады. Сары түсті көтергенде, бір-бірімен сыбырласып сөйлеседі, ал қызыл түсті көтергенде, қозғалмай, сөйлемей отырулары керек.

«Сөз ойла, тез ойла» ойыны

Мақсаты: берілген дыбысқа сөз ойлап, сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білу. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.

Көрнекі Қажетті заттар: дыбыстар (суреттермен) қалтасы, текшелер салынған сандық, текшелер (дыбыстардың дауысты, дауыссыз екендігін білдіретін ерекше белгісі бар).

Ойын барысы: педагог дыбыс қалтасынан кез келген бір дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.

Сандыққа бірнеше текше салып қояды. Бала өз қолымен біреуін алып, сол дыбыстан басталатын заттарды айтады.

Мысалы: А – болса:

Балалар: Ай, алма, алмұрт, асқабақ т.б.

«Кім зейінді?» ойыны

Мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Балалардың байқағыштық қасиеттерін дамыту.

Көрнекілігі: әртүрлі суреттер, текшелер.

Ойын шарты: педагог балаларға әртүрлі суреттер, ойыншықтар көрсетеді. Егер сол суреттің басындағы дыбыс дауысты болса, балалар қызыл текшені, дауыссыз болса, көк текшені көтереді.

Педагог балалардың іс-әрекетін мұқият бақылап, қателеспеген, ойынға белсене қатысқан балаларға жалауша, жұлдызша, не асықтар үлестіріп отырады.

Сабақтың соңында берілген заттар саналып, жеңімпаз белгіленеді.

»Буынға буын қос» ойыны

Мақсаты: берілген буынға әріп қоса отырып жаңа сөз ойлап табу.

Сөздік қорын молайту, олардың алған білімін бекіту.

Балалардың сауат ашуға деген қызығушылығын қалыптастыру.

Көрнекілігі: сызба, суреттер.

Ойын шарты: педагог қандай да бір буынды айтады, балалар сол буынға буын қосып, сөз құрап айтады.

Мысалы: ба-ла, та-ға, жай-лау т.б.

«Затты сипатта» ойыны

Мақсаты: заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекілік Қажетті заттар: ыдыс, муляж, сурет (көгөністер, жемістер).

Ойын барысы: әртүрлі жемістер немесе көгөністер суреттері, муляждарды салынған ыдыстан бала бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, буынға бөледі.

Ойын шарты: бала ыдыстан алманы алып, пішінін, түсін, дәмін және т.б. қасиеттерін айтады. Немесе баланың көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да оны сипаттайды, атын айтады.

«Кім білгіш?» ойыны

Тақтадан дыбыстар айтылады, балалар текшені көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.

- Дауысты дыбыстарға қызыл текше.

- Дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады.

«Қандай дыбыс?» ойыны

Дидактикалық міндеті: дауысты және дауыссыз дыбыстырды айыру біліктілігін дамыту; дыбыстарды белгілер арқылы көрсетуді үйрету.

Қажетті заттар: дауысты және дауыссыз дыбыстардың карточкалары.

Мазмұны: педагог түрлі дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтады, ал балалар керекті карточкаларды көрсетеді. Ойынды қайталағанда дыбыстарды жабық көздермен естуге болады.

«Ойыншықты таңда» ойыны

Дидактикалық міндеті: берілген сөздегі буынның санын дұрыс анықтауға үйрету.

Қажетті заттар: ойыншықтардың түрлі жинақтары (немесе суреттер).

Мазмұны: педагогтің тапсырмасы бойынша, балаларға ойыншықтарды немесе суреттерді көрсетеді, ал олар карточкаларды көрсетеді. Мысалы: доп – 1 буыны бар карточканы көрсету және т.б. Тапсырманы өзгертуге болады.

«Шешімді таңда» ойыны

Дидактикалық міндеті: сөздің құрылымы туралы білімдерін бекіту.

Қажетті заттар: буындар және сөздер жазылған карточкалар

Мазмұны: педагог сөздерді және буындарды екі дыбыстан, содан соң үш дыбыстан араластырып айтады, мысалы: су, па, ме, то, доп және т.б. Балалар әрбір буынға немесе сөзге сәйкес құрылым бойынша карточканы көрсетеді. Кім қате жібереді, сол орнынан тұрады.

«Буынды қос» ойыны

Дидактикалық міндеті: сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру.

Қажетті заттар: доп, фанталар, карточкалар,

Мазмұны: балалар шеңберге тұрады, педагог буынды айтып, бір балаға допты лақтырады. Бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын төлейді. Мысалы: ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла. Ойынды өзгертуге болады.

«Қызықты құрылымдар» ойыны

Дидактикалық міндеті: балаларды сөзді дыбыстық құрамына талдауға жаттықтыру.

Қажетті заттар: сөздердің құрылымдары, жетондар.

Мазмұны: тақтада үш сөздің құрылымдары, мысалы: *доп, шана, қоян, әке және т. б.* Балалар берілген құрылымдар бойынша сөздерді тауып айтады. Жеңімпаз балаларға жетондар беріледі.

«Біз суретте нені көреміз?» ойыны

Дидактикалық міндеті: сурет бойынша сөйлемдерді құрауға үйрету; жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету.

Қажетті заттар: «Балабақшада», «Мектеп», «Жазғы орманда», «Дүкенде» тақырыптарындағы мазмұнды суреттер.

Мазмұны: педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: *Әсем келе жатыр.* Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: *Әсем балабақшаға келе жатыр.* Келесі бала тағы бір-екі сөйлемді қосады. Кім ең үлкен сөйлемді құрап айтса, сол жеңімпаз болады.

«Сөйлемді толықтыр» ойыны

Дидактикалық міндеті: балаларды жай және күрделі сөйлемдер құрауға үйрету.

Мазмұны. педагог сөйлемді бастайды, ал балалар жалғастырады, мысалы: *Асхат таңертең ...*

«Жыл мезгілдері» ойыны

Дидактикалық міндеті: жыл мезгілдері және айлардың кезеңдігі туралы балалардың түсініктерін бекіту; айларды жыл мезгілдеріне сай салыстыру біліктерін бекіту.

Қажетті заттар: әр балада және педагогте төрт көрсеткіштен (ақ, жасыл, қызыл және сары парақтар, яғни қыс, көктем, жаз, күз мезгілдерінің түсін білдіретін парақтар болады.

Мазмұны: педагог жыл мезгілді атағанда, балалар сәйкес түспен көрсеткішті көрсетеді. Педагог көрсеткішті көрсетеді (мысалы, сары түспен), ал балалар күз мезгілінің айларын атайды.

«Сиқырлы текше» ойыны

Мақсаты: текшедегі аңдардың дауысын келтіріп, тембырын өзгерту мүмкіндігінше жоғару көтеру.

Ойын шарты: көңілді әуен ойналады. Педагог және балалар шеңберге тұрады. Текшені бір-біріне қолдарына беріп, тақпақ айтады.

Алма кетті домалап,
Көше бойын аралап.
Кім алманы табады,
Сол ойыннан шығады.

Қай баланың қолында текше қалып қойса, сол бала текшені ортаға лақтырады. Педагог текшеде қандай сурет екенін балалардан сұрайды. Балалар жауап береді. Егер текшеде мысықтың суреті болса, педагог ол балаға мысықтың қалай амандасатын көрсетуін сұрайды.

«Не қалай дыбыстайды?» ойыны

Ойын «Құстар» деген тақырып бойынша жүреді.

Суреттерге қарап, қай құс қандай дыбыс шығаратынын айтып, олардың қимылдарын келтіріп, музыкамен қимылдау. Мысалы, торғай шырылдайды (торғай секілді секеңдетіп, оның қимылын да салғызуға болады).

«Қамшы» ойыны

Ойын шарты: балалар шеңбер жасап тұрады, ортаға бір ойыншы шығады, қолында қамшы, музыка сүйемелдеуімен шеңбердің ішінде секіріп жүгіреді, музыка тоқтаған кезде ортадағы ойыншы тоқтап қамшыны екі баланың ортасына қояды, екі бала екі жаққа жүгіріп тез келіп қамшыны алулары керек. Жылдам келіп, қамшыны алады да, сол бала ойынды жалғастырады.

«Ойлан да аяқта» ойыны. 1-нұсқа (3-5):

Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту.

2-нұсқа (5-6):

Мақсаты: дұрыс ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Ат шабады, ал қарға ... (ұшады)

Ит үреді, ал қарға ... (қарқылдайды)

Жылан жорғалайды, ал балық ... (жүзеді)

Қасқыр ұлиды, ал қой ... (маңырайды)

Түйе боздайды, ал жылқы ... (кісінейді)

Лимон қышқыл, ал қант ... (тәтті)

Өзен арықтан терең, ал арық ... (саяз)

Егер үстел орындықтан биік болса, онда орындық... (үстелден аласа)

Сен аяғыңмен жүресің, ал затты ұстағанда немен ұстайсың... (қолыңмен)

Егер Самал үйден Айманнан бұрын шықса, ал Айман ... (кейін)

«Радио» ойыны

Мақсаты: балаларды байқампаздыққа баулу және сөздік қорларын толықтыру.

Мақсаты: балаларды өз бетінше сөйлеу мәнері мен мәнерлеп айту іскерлігін қалыптастыру. Жай және күрделі сөйлемдерді қолдануға жаттықтыру.

Ойынның барысы: біз бүгін «Радио» деп аталатын жаңа ойын ойнаймыз. Радиодан сөйлейтін адамды *диктор* дейді. Бүгін диктор радиодан біздің топтың балалары туралы айтады. Ол біздің ішіміздегі бір баланы сипаттайды, ал біз оның сөзінен ол баланы табуымыз керек. Алдымен мен диктор боламын.

• *Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Балабақша ауласынан мына қызды кім көрді? Ол үстіне қызыл күртеше, қара белдемше киген. Шашы ұзын. Бұрымында ақ бантик тағылған. Ол өлеңді жақсы айтады және Айгүлмен дос.*

Осылай педагог ойынды бастап, балаларға сипаттау үлгісін көрсетеді. Балалар өз топтарындағы қызды көрсетеді. «Ал енді сендердің араларыңнан біреу диктор болады», – дейді педагог. Жаңа дикторды санамақ арқылы таңдап алады. Педагог ойын кезінде балалар өз жолдастарының мінез-құлқын, киімін дәл, дұрыс айтуын қадағалайды.

«Артығын тап» ойыны

1. Бас, қол, көз, қас, тас (тас).
2. Алма, алмұрт, шие, бие (бие).
3. Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус (фокус).
4. Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім (жүзім).
5. Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе).

Жаңылмай жылдам жауап берген балаларды мадақтау.

«Мамандықты ата» ойыны

1. Асты кім пісіреді?
2. Өлеңді кім жазады?
3. Суретті кім салады?
4. Ауланы кім сыпырады?
5. Хатты кім таратады?

«Төлін айт» ойыны

1. Аюда – ... (қонжық)
2. Түлкіде – ... (мыршай)
3. Қасқырда – ... (бөлтірік)
4. Қоянда – ... (көжек)
5. Итте – ... (күшік)

«Кері әрекетті айт» ойыны

1. Асан кірді, анам ... (шықты)
2. Анам құйды, Марат ... (төкті)
3. Айгүл жинады, Айсұлу ... (шашты)
4. Әкем келді, ағам ... (кетті)
5. Атам ашты, әжем ... (жапты)

«Бөлшектерінен тап» ойыны

1. Көз, ауыз, желбезек – ... (балық)
2. Бас, қанат, аяқ – ... (құс)

3. Құлақ, көз, жал – ... (жылқы)
4. Бас, мүйіз, сақал – ... (ешкі)

«Жалпы атауын ата» ойыны

1. Құлпынай, таңқурай, қарақат – ... (жидектер)
2. Түймедақ, қызғалдақ, раушан – ... (гүлдер)
3. Көбелек, қоңыз, маса, құмырсқа – ... (жәндіктер)
4. Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ... (мал)
5. Күн, түн, таңертең, кеш – ... (тәулік)

«Бөлшектерінен тап» ойыны

1. Терезе, шатыр, қабырға – ... (үй)
2. Жапырақ, діңгек, бұтақ – ... (ағаш)
3. Дөңгелек, кузов, кабина, руль – ... (көлік)
4. Бас, аяқ, ауыз, өркеш – ... (түйе)

«Мамандықты тап» ойыны

1. Науқасты кім емдейді? (дәрігер)
2. Шашты кім қияды? (шаштараз)
3. Үйлерді кім салады? (құрылысшы)
4. Көмірді кім қазады? (шахтер)
5. Кітапты кім жазады? (жазушы)

«Қарама-қарсы іс-әрекетті айт» ойыны

1. Үміт жылады, Іңкәр ... (жыламады)
2. Марат үндемей отыр, Таңат ... отыр. (шулап)
3. Ардақ жазып отыр, Асыл ... (жазбай отыр)
4. Қыздар биледі, ұлдар ... (билемеді)
5. Ақтөс үрді, Күтжол ... (үрмеді)

«Қатесін тап» ойыны

Мақсаты: балалардың есту қабілеттерін дамыту, көп буынды сөздерді анық айтуға үйрету.

Ойын барысы: педагог балаларға аңның немесе ойыншықтың суретін немесе муляжын көретіп, ол істемейтін іс-әрекетті айтады. Балалар дұрыс-дұрыс емес екенін анықтап айтады. Дұрысы қалай болады, соны толық айтып берулері керек. Мысалы: *Ит кітап оқыды*. Балалар дұрыс немесе дұрыс емес екенін айтады. Педагог иттің не істейтінін сұрайды.

– Ит не істейді?

Мысалы:

– Ит күзетеді.

– Ит үреді.

– Ит ұйықтайды.

– Ит су ішеді.

– Ит тістейді т.б.

Педагог балалармен ойында 4–5 сөзді айтып ойнатады.

- Жылқы мөңіреді.
- Жылқы мөңіремейді.
- Жылқы не істейді?
- Кісінейді, шабады, жайылады, секіреді, тістейді, тебеді, аунайды, жүреді, желеді, құлайды т.б.

«Кім не істейді?» ойыны

1. Шофер не істейді?
2. Ұшқыш не істейді?
3. Етікші не істейді?
4. Бағбан не істейді?
5. Ұста не істейді?

«Қарама-қарсы сөзді ата» ойыны (доппен)

– Балалар, мен сендерге допты лақтырып, қандай да бір сөзді айтамын, сендер сол сөзге қарама-қарсы сөзді тауып айтасыңдар да, допты кері лақтырасыңдар.

Мысалы: жаман-жақсы, ақ-қара, білімді-білімсіз, қайырымды-қайырымсыз, биік-аласа, жылады-күлді, отырды-тұрды, ашты-тәтті, жапты-ашты, кір-шық, таза-лас, ыстық-суық, көрікті-көріксіз, жұмды-ашты, қатты-жұмсақ, ұзын-қысқа, жалпақ-жіңішке т.б.

«Артығын тап» ойыны

1. Қыс, көктем, жаз, күз, үз. (үз)
2. Жел, жаңбыр, қар, боран, қуыршақ, бұршақ. (қуыршақ)
3. Шаңғы, коньки, шана, ана. (ана)
4. Әке, ана, ата, әже, аға, таға. (таға)
5. Таңқурай, құлпынай, бүлдірген, күлдірген. (күлдірген)

«Жалпы атауын айт» ойыны

1. Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... (ыдыстар)
2. Карамель, ирис, шоколад – ... (кәмпиттер)
3. Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... (саусақтар)
4. Күрте, пальто, тон, плащ – ... (киім)
5. Қалпақ, тымақ – ... (баскиім)

«Эстафета» ойыны

Педагог сөйлемді айтады, оны қайталайды, сөйтіп бірінші баланың алдына текше немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады.

Педагог келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек т.б

«Қарама-қарсы сөздер» ойыны

1. Артында – ... (алдында)
2. Жақында – ... (алыста)
3. Аласа – ... (биік)
4. Ашық – ... (жабық)

5. Үлкен – ... (кіші)

«Сөздің көпше түрін айт» ойыны

1. Бала – балалар
2. Қыз – ... (қыздар)
3. Ата – ... (аталар)
4. Гүл – ... (гүлдер)
5. Ара – ... (аралар)

1. Уық, кереге, шаңырақ, текемет – ... (киіз үй құралдары).
2. Сырға, білезік, сақина – ... (зергерлік бұйымдар).
3. Асық ату, Ханталапай», Алтыбақан, Ақсүйек, Көкпар, Бәйге – ... (ұлттық ойындар).
4. Ірімшік, май, құрт, айран – ... (сүттен жасалатын өнімдер).
5. Тұсаукесер, бесікке салу, шілдеhana – ... (ұлттық салт дәстүрлер).

«Сипатынан тап» ойыны

1. Бұл – жейтін зат. Ақ, тәтті, қатты. (қант)
2. Бұл – жеміс. Сары, сопақ, қышқыл. (лимон)
3. Бұл – аң. Ақ, мамық, құлағы ұзын. (қоян)
4. Бұл – ойыншық. Домалақ, үлкен, жеңіл. (доп)

«Тиісті белгіні көтер» ойыны

Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады. Балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді.

«Не қалай дыбыстайды?» ойыны

1. Жылқы ... (кісінейді)
2. Сиыр ... (мөңірейді)
3. Ит ... (үреді)
4. Қой ... (маңырайды)
5. Мысық ... (мияулайды)

«Сөйлемді жалғастыр» ойыны

Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек.

Мысалы:

Педагог:

Анам үйге
Інім картоп
Атам сиыр
Алма өте
Өзен қыста
Лақтар өте
Достар шахмат

Балалар:

кірді.
аршыды.
суғарды.
дәмді.
қатады.
сүйкімді.
ойнады.

«Төлін айт» ойыны

1. Ешкі төлі – ... (лақ)
2. Қойдың төлі – ... (қозы)
3. Сиырдың төлі – ... (бұзау)
4. Жылқы төлі – ... (кұлын)
5. Түйенің төлі – ... (бота)

«Жалпы атауын айт» ойыны

1. Бір, екі, үш, төрт – ... (сандар)
2. А, Ә, Б, Д, З – ... (дыбыстар)
3. Шаңсорғыш, тоназытқыш, газ плитасы – ... (техника құралдары)
4. Қазақ, орыс, қырғыз, өзбек, ұйғыр – ... (ұлттар)
5. Майра, Анар, Жанар, Бағила – ... (есімдер)

«Ұйқасын тап» ойыны

Педагог қандай да бір сөздің соңғы буынын айтады, балалар ұйқас сөзді тауып жалғастырып айтады.

- Ау-ау-ау, не деген биік тау.
- Гер-гер-гер, науқасты емдейтін ... (дәрігер)
- Тік-тік-тік, қыста кидің ... (етік)
- Қан-қан-қан, әжем жайды ... (дастарқан)
- Яр-яр-яр, тұздалған ... (қияр)
- Тап-тап-тап, оқып отырмын ... (кітап)
- Қы-қы-қы, жайылып жүр ... (жылқы)
- Иыр-иыр-иыр, сүті қою ... (сиыр)
- Не-не-не, қолыма кірді ... (ине)
- Қа-қа-қа, бақылдайды ... (бақа)

«Көпше түрде айтамыз» ойыны

1. Аю – ... (аюлар)
2. Құс – ... (құстар)
3. Аң – ... (аңдар)
4. Қой – ... (қойлар)

«Сипатынан тап» ойыны

1. Шиқылдайды, құйрығы ұзын, мысықтың жауы – ... (тышқан)
2. Мойны ұзын, екі құлақты, екі ішекті тарта білсең әдемі әуен шығады – ... (домбыра)
3. Жасыл түсті, инесі көп, дәнін оның тиін сүйіп жейді – ... (шырша)
4. Түсі сұр, өзі қорқақ, құлағы ұзын – ... (қоян)
5. Өзі аппақ, суық пенен суды сүйер сүйкімді бір жануар – ... (ақ аю)

«Жалпы атауын ата» ойыны

1. Дәрігер, аспаз, тігінші – . . . (мамандықтар)
2. Ұшақ, зымыран, тікұшақ, дельтаплан – . . . (ұшатын көліктер)
3. Футбол, волейбол, хоккей – . . . (спорттық ойындар)
4. Қасқыр, арыстан, қоян, керік – . . . (жабайы аңдар)
5. Көлік, қуыршақ, доп, секіртпе – . . . (ойыншықтар)

1. Әке, аға, ана, әпке – ...
2. Орындық, үстел, сөре, керует – ...
3. Шалбар, тымақ, шалма, жейде – ...
4. Кітап, дәптер, қалам, сызғыш – ...
5. «Тығылыспақ», «Қуаласпақ», «Мысық – тышқан», «Ақ серек – көк серек» –

«Сөйлемге қажетті сөзді қос» ойыны

Педагог бір сөзі жетпейтін сөйлем айтады, ал балалар сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы сәйкес келетін тиісті сөзді қосулары керек.

Мысалы:

Әкем балғамен шегені ... (шегеледі).

Әжем шұлық ... (тоқыды).

Ағам керуетте ... жатыр).

Көбелек гүлге ... (қонды).

Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды).

Құрылысшы кірпіш ... (қалады).

Дәрігер науқасты ... (емдеді).

Атам газет... (оқыды).

Балалар далада ... ойнады).

Әпкем ыдысты ... (жуды).

Ағай күй ... (тартты).

«Жалпы атауын ата» ойыны

1. Көбелек, құмырсқа, қоңыз, өрмекші – ...
2. Алма, алмұрт, жүзім, анар – ...
3. Қызанақ, қияр, сәбіз, пияз – ...
4. Маржан, Ажар, Асыл, Ерке – ...
5. Жомарт, Серік, Берік – ...

«Сөз қай жердікі?» ойыны

1. Сахна, перде, микрофон, орындық – ... (театр)
2. Орындық, касса, рупор – ... (вокзал)
3. Сөрелер, касса, азық-түлік – ... (дүкен)
4. Қолжуғыш, сүлгі, сабын, айна – ... (жуынатын бөлме)

«Артығын тап» ойыны

1. Автобус, троллейбус, пойыз, ұшақ.

2. Зымыран, ұшақ, тікұшақ, дельтаплан, кеме.
3. Түймедақ, раушан, қызғалдақ, бәйшешек, қайың.
4. Арыстан, түлкі, қоян, аю, мысық.
5. Білезік, сақина, моншақ, сырға, телефон.

«Жалпы атауын ата» ойыны

1. Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ...
2. Тау, ағаш, гүл, тас – ...
3. Қазан, қасық, кесе, тәрелке – ...
4. Қаймақ, ботқа, ірімшік, май – ...

«Жалпы атауын ата» ойыны

1. Дәрігер, аспазшы, тігінші – ...
2. Гитара, домбыра, барабан – ...
3. Шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш – ...
4. Автобус, трамвай, такси – ...
5. Хоккей, волейбол, футбол – ...

«Сөйлемге қажетті сөзді қос» ойыны

1. Көктемде жылы жақтан құстар ...
2. Дария ыдысты ...
3. Анам жұмыртқа ...
4. Аю балды ...
5. Орманда қасқырлар ...
6. Әкем қармақпен балық ...
7. Ернар қараторғайға ұя ...
8. Ағашқа торғайлар ...
9. Түлкі – өте қу ...

«Артығын тап» ойыны

1. Кесе, тәрелке, қазан, қасық, асық. (асық)
2. Жылқы, қой, қозы, түйе, бие, шие. (шие)
3. Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус)
4. Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. (жүзім)
5. Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе)

ҚОРЫТЫНДЫ

Құрметті педагогтер!

«Сауат ашу негіздері» бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты: ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, оқу мен жазудың бастапқы дағдыларын меңгеруге дайындау, балалардың шығармашылық белсенділігі мен бастамашылдығын дамыту.

«Сауат ашу негіздері» ОӘК-нің басты мақсаты – қойылған міндеттерді шешу үшін тиімді әдістер-тәсілдер мен технологияларды анықтау.

Оқу-әдістемелік кешенінің құрамы:

- Педагогтерге арналған әдістемелік нұсқау;
- № 1, 2 жұмыс дәптерлері.

Әдістемелік нұсқау төмендегі бөлімдерді қамтиды:

1. Ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары.
2. Ұйымдастырылған оқу қызметінің 72 сағатқа арналған жоспары.

ҰОҚ-нің құрылымы мен кезеңдері:

- *бірінші бөлім* – 1. Ұйымдастыру кезеңі (өтілетін тақырып бойынша қуанышты сәт туғызу, оқу қызметіне эмоциялық оң көзқарастарын туғызу).

- *екінші бөлім* – 2. Негізгі кезең (ҰОҚ-нің мақсат-міндеттерін шешуге бағытталған оқытудың құралдары мен әдіс-тәсілдерін қарастыру).

- *үшінші бөлім* – 3. Қорытынды бөлім. Рефлексия (өзін-өзі бағалауды және қоштасу рәсімдерін ойын арқылы жүргізу) ұсынылды.

Бұл әдістемелік нұсқау сауаттылық негіздерін оқыту курсы ретінде жасалды. Педагогтер ұйымдастырылған оқу қызметін ойын арқылы өткізудің сан түрлі жоспарларымен танысады. Нұсқауда ұсынылған ойындар, тапсырмалар заманауи әдебиеттерден алынып құрастырылды. Құралда берілген логикалық тапсырмалар, дидактикалық ойындар, жаттығулар арқылы балалар өз ойларын қорытып айта білуді, шығармашыл болуды, дыбыстарды ажыратуды, сөздерге дыбыстық талдау жасауды және топпен ұйымшылдықпен жұмыс жасауды үйренеді.

Жұмыс дәптеріндегі тапсырмалар аясы өте ауқымды, балаларға қызықты. Дыбыстың сөздегі орнын анықтауға, берілген сызбаға сурет бойынша сөйлем құрауға, сөздерді буынға бөлуге, суреттерден берілген дыбыстардан басталатын суретті атай білуге арналған және логикалық ойлауды қажет ететін тапсырмалар қызықты ойындар арқылы үйлесін тапқан.

Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған тапсырмалар да қолданылды. Мысалы: штрихтау, бояу, бастыру, үлгіге қарап жалғастырып жазу т.б. Сонымен қатар саусақ жаттығуларының үлгілері берілген, балалар саусақ бұлшық еттерін дамыта отырып, өлең жолдары арқылы тілдерін де дамытуға мүмкіндік алады.

Жалпы нұсқаулықта берілген тапсырмалардың мазмұны балаларды сауаттандырумен қатар еліміздің ұлттық құндылықтарын бағалай білуге тәрбиелеуге бағытталған.

Құрметпен, автор

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Нұр-Сұлтан, 2020 ж.
2. 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары. – Нұр-Сұлтан, 2020 ж.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан, 2020 ж.
4. Ж. Нұралиева. Қазақ жаңылтпаштары. – Алматы, Балауса, 2013 ж.
5. Ж. Нұралиева. Қазақ өтірік өлеңдері. – Алматы, Балауса, 2013 ж.
6. Ж. Нұралиева. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы, Балауса, 2013 ж.
7. О.В Узорова. Мои первые прописи. Москва, АСТ, 2020 ж.
8. Н. Оразбаева, Г.Оразбаева. Шымыр болып өсеміз. Сергіту жаттығулар аудио жинағы. – Алматы, 2018 ж.
9. Көркем әдебиет. Хрестоматия. Құраст: С. Сапарғалиқызы. Алматы, Алматыкітап баспасы, 2009 ж.
10. Көркем әдебиет. Д. З. Жүсіпова. – Алматы, Аруна, 2017 ж.

Интернет дереккөзі:

1. Сергіту жаттығулар жинағы. Тәрбие.kz

Мазмұны

Түсініктеме.....	3
Ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары.....	5
Ұйымдастырылған оқу қызметінің үлгі жоспарлары.....	16
Дидактикалық ойындар.....	192
Қорытынды.....	204
Пайдаланылған әдебиеттер.....	205

Оқулық басылымы

Учебное издание

Турсынбаева Гульнара Жолдасовна

САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ

Әдістемелік нұсқау
(электрондық нұсқа)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқығудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастан бастап) педагогтеріне арналған

Әдіскер *Б.С. Тажинова*
Редакторы *М.К. Солтангазина*

ОСНОВЫ ГРАМОТЫ

Методическое руководство
(электронная версия)

Для педагогов группы дошкольной подготовки (класса) (от 5 лет) по Типовой учебной программе дошкольного воспитания и обучения

Методист *Б.С. Тажинова*
Редактор *М.К. Солтангазина*